

Қаз.Т.  
84(БКаз)  
Т65



**Ғосман ТӨЛЕҒҰЛҰЛЫ**  
**ЖЫЛДАР ЖЕМІСІ**



ГОСМАН ТӨЛЕГУЛҰЛЫ

# ЖЫЛДАР ЖЕМІСІ

«ЕЛОРДА»  
АСТАНА – 2010

М. Жұмабаев атындағы  
Ақмола облыстық әмбебап  
ғылыми кітапханасы

Ақмолинская областная  
универсальная научная библиотека  
им. М. Ж.

УДК 821.512.122  
ББК 84 (5Қаз)  
Т47

Т47 **Төлегұлұлы Ғосман.**  
Жылдар жемісі, – Астана, Елорда, 2010. – 168 б.

ISBN 9965-06-504-7

Бұл жинақ Ақмола облысы Тілдерді дамыту басқармасының бастығы, белгілі қаламгер-аударманы, журналист, «Мәдениет қайраткері» және «Қазақ тілінің жапашыры» төсбелгілерінің иегері Ғосман Төлегұлұлының 60 жылдық мерейтойына орай шығарылып отыр.

Жинаққа автордың бірнеше әңгімелері, публицистикалық туындылары, сондай-ақ ол туралы әріптестерінің, замандастарының пікірлері топтастырылған.

Т47 4702250201  
00 (05) - 09

УДК 821.512.122  
ББК 84 (5Қаз)

ISBN 9965-06-504-7

© Төлегұлұлы Ғ., 2010

## ӘҢГІМЕЛЕР

### САҒЫНЫШЫМ МЕНІҢ, ДОМБЫРАМ

...Шетсіз, шексіз, көз ұшында мұнарланып, жиегі көк аспапмен астасып кеткен жасыл дала. Неткен байтақ дүние, кең жазықтық! Тіпті көз тоқтатарлық бір бедер болсайшы. Құндыз жонды батғын қауданы мен өлені желкілдеген алқарты бұл асыға басып келеді екен. Қайда асығады, неге ұмтылады, өзі де білмейді. Тек көкіректі қарс айырған мөдпір сағыныш, алапат аңсау бар. Тек таныс бір әуен, сиқырлы ызың еркін билеп, аша жетелейді.

«Апырау, бұл не ғажап, қайдан шығады мынау үн, баурап әкстіп барады ғой! Сені қалай тапшақпын мына мидай даладан?» – деп киналады ол. Көмек іздеп жан жағына қарайды, әлдекімге жалбарынғандай болады. Бірақ тірі жап көзге ілінбейді.

«Ұмыттын ба мені? Бір кезде талай күн, талай түптілдесіп, бас не табылған қос шектің құдіретіне талақ дегенің бе?» – әлдеқайдан күңсірептеп дауыс жетті. Бұл қалт тұрып қалды, дауыс шыққан жаққа тандаша құлақ түрді. Білетін адамның сөз сиптауына ұқсайды. Көз алдыла аппақ күмістей сақалы омырауын жапқан қарғ елестеді. «Мен де сен сияқты мына даладан жаратылғанмын. Онсыз, оның қасиетті қуатынсыз бізге өмір жоқ. Осыны ұмытпа... ұмытпа... ұмытпа...», – дауыс бірте-бірте алыстап, үзіліп кетті.

Манағы әуен енді айқындала түсті, бұрынғыдан бетер жүрек қылып қытықтап, жүйке тамырын солқылдатып барады. Иә, иә, тап сол, соның өзі. Тапыс ырғақ, әр бұлттарыс-қалтарысы, шырақп шапшуы мен сорғалап төмен құйылуы – бәрі-бәрі көкіректе әбден жатталған белгілі күй... «Серпер» ғой мынау! Апырай, сенің сұрапылыңды бірден тап баспай не болған маған, өгейситін дүние сен бе едің?

Кешір мені, беймаза дауылым, алапат тасқыным. Ұмытпаймын, ұмытпаймын...».

– Рота, подъем!!!

Ғажап көрініс лептасы үзілген кинодай лезде ғайып болды. Қапан көзіл ашқанда «ұмытпаймын, ұмытпаймын» деп күбірлеп жатыр екен.

– Сапқа тұрындар!

Киіліп жағып, Қапан түсін неге жорырын ойлады. Кенет кештесін тексерудің алдында дем алатын бөлмеге барып күндегі әдетінше радиоқабылдағыштан Алматышы тыңдағаны есіне түсті. Дес берісінде Құрманғазы атындағы оркестрдің концерті болған. «Соның әсері де» деп түйді іштей.

\* \* \*

Әскери қызметтің ағы әскери қызмет. Оінің ел алдындағы міндетін атқаруға белді бекем буып келген ауылдың кешегі үрнек бозбалалары мүлде басқа өмірге – тигі қатыгездесу көрінген ортаға тап болған. Мұздағы бар тіршілік, күнделікті іс-жұмыс қатаң тәртілге бағындырылған. Бірден үйреніп кету кімге болсын, әрине, қиын.

Дегенмен, жарты айдай уақыт өтіп, әскери ант беретін салтанатты күн жеткенде Қапандар көдімідей ысылып қалып еді.

Дәстүрлі рәсімді өткізу сенбіге дәп келді. Ертеңіне демалыс. Содан ба, басшылар бұл күнді әдеттегіден ерекше мерекелі түрде өткізуді ұйғарыпты. Сонынан көркемоперлаздардың концерті болады деген сыбыс та тарап үлгерді.

Әскери бөлімшенің клубы жауынгерлерге лық толы. Шағын сахна бейне тоқсан жолдың түйіскен торабындай; жер-жерден келіп табысқан өнер түрлері, ұлт өкілдері осыдан көрініп жатыр. Бір кезде концерт жүргізуші кезекті нөмірді хабарлады:

– Түрікмен күйі «Кероглы». Ұлттық аспапта ойнайтын кіші сержант Дұрды Қлычтағанов.

Отырғандар елең етті. Біреулері «күй» дегеннің не екенін білмей дәл болса, енді біреулері орындаушы сахнаға шыққанша тыпыршула. Сахнаның шымылдық ұстаған қапталынан сол қолында орындық, оң қолында аспабы бар атжақты қарасұр жігіт көрінді. Микрофон тұсына келіп жайғасып отырды да, қос шекті түрікмен дутарын қамдана көтерді, бір екі шертіп құлақ бұрауын байқады.

Көп алдындағы өзін ұстауына, жүріс-тұрысына қарағанда өнер жолына ертеден-ақ түскен азамат екені көрініп тұр.

— Ау, мынаның дутары аумаған біздің домбыра ғой, — деді Қапаның алғашқы күштеп бауыр басып кеткен досы Әбілман құдағыша сыбырлап.

Зал сәлтідей тыла қалды. Қас қағым сәттен кейін дутаршы жігіт басын кенет сілкіп тастап, ионап шектерін қағып-қағым жіберді. Мылтық нүрініпесін басуға бейімделіп калса да, снусақтары сүйікті қызметін ұмытпа қоймапты, шанақ бетінде бекемтен берді. Сахара-шол тақырмен шапқан атакты ақалтескенің тұяқ тасырылдай ор түрікпеннің өр күйі мына залға симай төгіліп барады.

«Қайран далам, кошпенділерім-ай, өлдерің ғана емес, күйлерің де бауырлас екен ғой. Алайлармен қонсылас деуші еді... Кәдімгі Құрман атаның адуыны ғой мынау! — Қапаның жапы «аһ» ұрып отыр. — «Төремүрітқа» ұқсай ма, қатай озі». Жалғыз бұл емес, күй десе еден стпей қоймайтын шығыстық жігітер көкіректерінде туған жерге деген сағыныш жалтыны үдей қаулап, сахнаны көздерімен ішіп-жеп барады. Балыстықтар үшін мына музыка тым тосын болғанымен, адамның екі шектен осыша құдірет тудыра алатынына, дутар тартушының шеберлігіне олар да аузын ашып қалған.

Күй ойналып бітті. Ду қол шапалақтау күй дүбірін жалғастыра клуб есіесін көтеріп жүре берді.

Концерт Қапанға үлкен әсер қалдырды, айлар өтсе де есіне ара-тұра орала берді. Елге деген сағынышын орштті ме, әлде басқа себеп пе, әйтеуір жан дүниесінде дауыл тұрғандай, беймаза бір сөзім шырмауына түсті. Бас уақыттың тапшылығына қарамастан оз-өзімен жеке қалуды аңсап тұратын болды. Бірақ тұңғиықтан жаңт еткен сиқырлы сәуле ұстатпай өкілдіріп барады. Кейде тұла бойын мұздатып, кейде ыстық аптап болып шарпығын сөзім тасқыны лықсып-лықсып, шығар саңылау таба алмай азапка салды. Осындай кездердің бірінде «Шіркін, домбыра болса ғой!» деген күресіністің қалай шығып кеткенін Қапан озі де байкамай қалды. Енді білді: мұны дертке шалдыққандай халге түсірген домбыраға деген сағыныш екен ғой.

\* \* \*

Қапанды ауылда «домбыраны бала» дейтін. Нұрмолда шал бір қотан шәкірттерінің ішінен әсіресе оған көп сенім

артқап. Күн бата домбыраларын қолтықтап, ел ортасындағы жатаған ағаш үйге қарай ағылатын қарасирақтардың алды болып та Қапан жүруші еді. Бұның саусақ қимылдарына, қағысына сүйсіне карап отырып, Нұр-екен арақідік «Әй, зерек төмпағым, жарайсын!» – деп сақ ететін.

Есейс келе Қапан ел ішіндегі ойын-тойлардың, дүбірлі жиындардың кірлік ортасына айналды. Көркем-өнерпаздардың да талай дода-байқауларына қағысып, миктау қағаздарға, жүлде-сыйлықтарға не болды. Нота сауатынан хабарсыз болғанымен, музыкаға деген зейіні зор-тын. Небір әуенді күйтабақтан сан қайтылап, үйреніп алатын.

Оның әскерге аттанғаны жуылдастарының есінде қалған-ақ шығар. Шұзакты мамыр айының соңғы күні болатын. Шағын ауыл үшін бір азаматтың ер жетіп, Отан қорғау қызметіне жүруі де үлкен оқиға. Едлің кемпір-шалы тегіс жиһалып, ақыл-кеңестерін, тілектерін айтысып, қауым болып сапарға аттандырады.

«Домбыраны баланы» шығарып салуға үлкендердің де кейбіреуі дала жұмыстарынан сұранып келіпті. Бәрі де сәт сапар, «аман-сау елге орал» деген ізгі тілек білдіріп жатыр. Әндетіп, сырнайлатқан құрбылары өз алдына бір төбе. Әлден соң совхоз орталығынап келер жолдан шап көріпті, көп ұзамай селолық Советтің әскерге алынатын жастарды ауданға апару үшін арнайы бөлген күркелі сары машинасы да келіп жетті.

Жиһалған топтың жанына машинанып тоқтай қалуы мүд екен, Қапанның маһадан бері қасынан кетпей жүрген шешесі босай бастады. Көздерінен ырын түскен жас тамшыларын орамалының ұшымен сүртіп: «Құлыншағым, хатыңды аяма, айтуір, үзбей білдіріп тұр амандығыңды», – деп кемсеңдей берді. Әкесі де жеңімен көздерін қалқалай беретін сияқты. Іші-бауырын жалын қуырып бара жатса да, Қапан өзіне «сабыр» еді. әрі жолдастарынан ұялады. Бірақ «Ала, жылағашы, ертең-ақ келом ғой», – десе болды, озі де қопарылып кететіндей көрінеді.

Шофер «жүру керек» дегендей ишара таһытты. Туыстар, үлкендер, достар құшақтан, сүйіп, қолын қысып жатыр. Дәл қазіргі жан дүниесін, қимастық халін қытай жүртқа сездірерін білмей Қапан тұр. Кенет ойына бір нәрсе түссе керек, қасында айырылмай құшақтан тұрған кішкентай інісі Бапанға:



– Тез, үйден домбырамды алып шықшы, – деді.

Бада айтқанды екі етпеді.

Қапан бейне қонғасқандай мұңдас, сырлас, айнымас серік болып кеткен, сазақ тұсқы бет тақтайы ақ жем болған домбырасын сияй берді. Сосын шешесіне «Апа, жылама» деді де, Түркештің «Көңіл ашарын» төге жөнелді. Бірақ түгел тартқан жоқ, жартылай қайырды. Қас қағым үзіліс жасады да, өзінің ең жақсы көретін, сүйіп орындайтын күйі Құрманғазының «Серперін» бастап кетті. Тебірепе, беріле, жігерлене тартты. Жігіттің өз толғанысын өнерімен жеткізіп тұрғанын түсінген жұрт тыныштада қалған. Носерлеген, құйындатқан ырғақ тогіліп барады. Тартып болды да, Қапан домбыраны інісіне қайыра ұсынды:

– Мә, Бапан, аларып орнына іліп қой, шаң басып қалмасын, сүрттіп отыр...

Сәлден соң сары машина қозғала берді.

\* \* \*

Қапан көптеп көкірек жарды болған ойып тосекке жағсымен-ақ Әбілманға сыбырлап салды.

– Мен домбыра жасаймын.

– Әй, денің сау ма, домбырасы несі? Ұйықпа мазаны алмай. Жуырда жағтығу дабылы болады дегені есіңде ме, мүмкін бүгін түнде болып қалыр. Сосын оны қайда, қалай жасамақсың? Немесе, ағаш шебері ме едің?

– Тақ мақрұм емесің. Ертен капитан Бабраускасқа айтпақ ойым бар, мүмкін көмектесер. Ал, жарайды, ұйықтайық.

Батальон командирінің саяси жұмыс жөніндегі орынбасары капитан Бабраускас көп жылдық әскери қызметінде талайды көрін, талай тағдырға ортақтас болған білікті офицер болатын. Кібіртіктей баяндалған Қаланның өтініші тыңдап болды да:

– Талабың дұрыс-ау. Жасай аласың ба? Әскери дайындығыңа келергі болып жүрмей ме? Бір айдан кейін жартыжылдық емтихан ғой, – деді.

Өзір басшыларды жерге қарағқам жоқ, жолдас капитан, қарапнаймын да. Тек екі-үш рет бөлімшелік шеберханада аз-мұз жұмыс жасауға рұқсат етсеңіз болды.

– Жақсы. Командиріңе, шеберхана меңгерушісіне айтамын. Деле тәрбиесі сабағының үшеуінен босаттырайын,

бірақ байқа, дала ұлы, – жасамыс капитан әксселеу шашын кейін салалады да, көкшіл көздерін сәл қыса, күлімдей берді, – Жаңа жыл құрметіне концерт ұйымдастырмақ ойымыз бар. Сонда домранмен жұрт алдына шығатын боласың.

– Домра – орыс аспабы, жолдас капитан, қазақтарда домбыра дейді. Шыққанға қандай, сөзсіз ойнайтын боламын.

\* \* \*

– Жолдас прапорщик, сізбен сөйлесуге рұқсат етініз.

Қырықты еңсеріп қалған, қапсамай, ақсары әскери адам естіметендей ағаш сүргілейтін станоктың бір тетігін мұқият орнына қондырды да, асықпай бұрандасын бекітіп, қасындағы солдатқа «істей бер» дегендей иек қақты, содан соң ғана Қапанға еңсеріле бұрылды.

– Ал, сойле, жігіт.

– Сізге капитан Бабраускас телефон соғуға тиісті еді мен туралы, фамилиям Байғарин, үшінші ротадан.

– О-а, айтқан, айтқан. – Шеберхана менгерушісі иманжүзділік танытты. – Ал, балам, не қалайсың, айт, уақытты көп созба, жұмыс бастан асып жатыр.

– Кепкен қарағай болса, – іс тап осылай бірден оңға басар деп күте қоймаған Қапан асына айтып салды.

– Ондай дүние жетеді. Неше балалыққа жасасаңда еркін. Станоктар осында, көрші цехта да бар, тек нұсқаушыдан тиісті нәрселерді тындап ал, сосын журналдарға қол қой. Айтпақшы, оған мен рұқсат етті де, әйтпесе сөйлеспей қоюы да мүмкін – қатал адам.

Табиғат Қапаннан жалпы шеберлік, қол икемділік жағынан да сараңдық жасаған жоқ еді. Шынтуайтқа келгенде, көкірек көрсен болса, қол ісмер ғой. Ауылда жүргенде үй төңірегінде ол-пұл ағаш жабдық-саймандарды өзі жасап ала беретін. Бірде тіпті көршісіне тұңғышы туғанда бесік істеп бергені де бар-тын.

Бірақ домбыра бесік емес, ағаш болғанымен, жүрек сияқты дүние ғой. Ал жүректің аты жүрек, оның орны тым ерекше... Ағаш балғамен тықылдатып жүріп, таңдан алған қарағай тақтайды аударыстырып тұрып, Қапан толқын кетті. Іштей «э, сәт!» деп, қулаштай респекті дөңгелек араның алқымына жақындата берді. Лыпылдап тұрған темір табак «баж» етіп, ағашты кеміре жонелді.

Ол іске мүлде беріле кірісті. Тіпті уәделі бір сағаттың қалай өтсе шыққанын да байқамай қалды. Дегенмен, болашақ домбыраның негізгі бөлшектерін дайындап үлгерді, қос жақтауды сағатқа бекітіп те қойды. «Бет тақтайын шегелемей тұрып, шанақ үшін отқа қарып алса, шапқан домбыраны солай шынықтырғанда шешен болады, деуші еді Нұрмолда атам», – деп ойлады Қапан, жұмыс орнын, саймандарды жиыстырып жатып.

Келесі аптада Қапанлар нысана атулап жоспарлы жаттығу жасады. Жауынгерлер арасында бұл ерекле тартымды, тартысты дода. Оның өзіндік сыры да бар: мергендігімен көптеп суырылып шыққан жігіттерге жексенбі күні кезектен тыс қалаға шығып, дем алып қайтуға рұқсат беріледі. Мұндайда кімнің бүйірі қызбайды?

Бұл жолы Әбілманның мерейі үстем болды. Әлі күралайды көзге ататын мерген бола қоймағанымен, басқаларға қарағанда ұнай басымдылығы соның үлесіне тиді. Осы желістігін итан тұрып, рога командирі саптың алдында оған алғыс жариялады, алдағы демалысты қалада өткізуіне рұқсат етті.

– Сенің исығың бүгін алғаш түсті-ау осы, ә, Әбекке? – деді риза болған Қапан қазармаға келгеннен кейін.

– Айтпа, еліме барған соң киік атуулыға топалаң келтіретін болдым, – Әбілман да қалжыңдай жауап қатты.

– Манағы кезде маған бір ой келді. Осы сен ғой жексенбіде қалаға баратын болдың?

– Иә, майор жолдастың өзі мақтауымды асырды ғой. Бәсе, ол не қылған ой?

– Домбыраға шек керек, Әбекке. Жасап бітірдім деуге болады, ол-пұлын қыршап-тегістеу ғапа қалды. Қазіргі кезде шекті кәдімгі қармақбаудан тағыл жүр ғой, ал ондай бау екі дүкеннің бірінсің табылады. Сен тауып алып кел соны.

– Ты, сол да сөз болып па? Әкелем, неше күшің керек болса да...

Әбілман сөзінде тұрды. Түс ауа қаладан қайтқан ол қарсы шыққан досына алдымен бір бұда жасанды жіпті ұсына берді.

– Апырай, мынауың кәдімгі Абай домбырасы ғой, онерін іште сен-ау өзі, Қапан! Әбілман шайыр аңқыған аспапты өрі-бөрі айналдырып, таңдай қақты.

– Тұра тұр, аптықпай, мәселе түрінде емес, дыбысын-

да, – Қанан шекті домбыраның оне бойына сап өлшеп кесті де, бір ұшыш түйді. Сәлдеп соп екінші ұшы да құлаққа байланды. Коңіл құрғыр астан-кестен, шыдамсыздықтан қолы да дірілдей ме, қалай. Өзінше асықпаған болады, қалтасыпап алдын ала дайындалп койған тиекті алды да, «осы тұс-ау» деп домбыраның бетіне қондырды. Сосын ақырып төменгі құлақты бұрай бастады. Сұқ саусағымен қатайған шекті шертпін-шертіп жіберіп еді, о жасаған! – ұшы жүрекпен сабақтасып кетті ме дерсің, бүкіл сезім дүниесі қоса тербегілің жүре берді. Қайран, інкәр болған қоңыр ұп, тылсым дыбыс!

Бұлардың төнірсегіне жауынгерлер жипала бастады, бәрінің жүзінде таңырқаған кейіп. Алғашқы болып қарнаттық жігіт Фартушияк тіл қатты:

– Мынауың не қылған дүние-ей, Байгарин, өзін жасап алдың ба?

– Уа, жора, хайырлы бұлсын дутарыңыз, – бұл қарақалпақ Демегеповтың сөзі.

Соңғы перпені тағып, шие қып түйді де домбыраны онтайлап ұстады.

– Қане, бастан жібер бірленені.

Қанан құлақ күйін келтірді. Жап-жақсы дыбыс шығып тұр. «Алдымен не тартсам екен? – Қапашып ойы енді осылай алабұртты. – Қазакы күйлердің бірін тартсам, мына жігіттердің түсіпбей коңілі толмай қалар ма екен, онсыз да қарапайым дүние деп қорашсынып отыр. Саусақтар қағысқа қалай екен қазір?.. Әй, не де болса «Балбырауыннан» бастайын».

Әдемі ырғақты күй ғой. Мамандар Қурманғазы «Балбырауынды» орыс билеріне, мазурка әуесіне еліктеп шығарған деседі. Мүмкін, болса болар. Әйтеуір, алғашқы қағыстардан-ақ жауынгерлер ұйып қалды. Кейбірі тіпті күй тартылып біткенде алақандарын соғып-соғып жіберді.

– Өй, жарайсың, Байгарин!

– Япырай, екі-ақ шек, ал дыбыс диапазоны қалай құбылады!

– Саусақтарын, саусақтарын байқалың ба, тіпті көз ілеспейді, – деген сөздер бұлар отырған бұрышты түйдетіп жіберді.

– Жарайсын, бауырым, елге табыстырғандай болды-ау, – Әбілман жолдасын құшақтап, кеудесіне қысты.

Қапандардың взводы жаңа ғана карауыл қызметінен ауысып келіп, біразы дем алатын бөлмеде тынығып отырған. Сәлден соң бөлменің есігі ашылып, рота бойынша кезекшілікте жүрген Демегеновтың басмы көрінді.

– Байғарин, сені батальон замполиті шақырып жатыр, жүгір кеңсеге.

«Жайша ма екен?» деген оймен Қапан кеңсенің табандырығын ағтады.

– Рұқсат па, жолдас капитан?

– Ә, Байғарин, кір, кір.

Қапан есікті жапты да, әскери әдепшен өкшелерін сарт еткізіп, тік тұра алды.

– Әңгіме былай, қатардағы жауынгер Байғарин, алдымызла жаңа жыл мейрамы. Ападағы келісім есінде ме, сахнаға шығатын кезің келді-ау деймін осы? Командирің де қарсы емес, – Бабраускас терезе жақта отырған екі офицерге неқ нұсқады. – Аспабыңның дауысын естідік, ұялмай-ақ көп алдына шығаруға болады дейді. Қалай қарайсың?

– Мен дайынмын, жолдас капитан.

– Ендеше дайындал, бір жұмадан кейін сахнаға шығатын бол.

– Құп болады, жолдас капитан.

Жаңа жыл мерекесіне сай бәзедірілген бөлімше клубылық толы. Алдыңғы қатарларда офицерлер жайнасыпты, көбі әйелдерін, балаларын да ерте келген. Озінің шығар кезегін сарыла күткен Қапан тіпті дегібісізденіп келті. Дәл осы сәт үшін аз тер тоқпеген шығар, бір жұма бойы домбырасына да, рояльда ойнайтын жігітке де маза берген жоқ. Сын мезет те жетті.

– Хачатурян, «Талец с саблями». Қазақ домбырасында ойнайтын қатардағы жауынгер Қапан Байғарин. Рояльда сүйемелдейтін сержант Вакуленко. Ескертетін бір жай, аспапты орындаушы өзі жасаған.

Қолдан жасалған ағаш аспапты көргендердің кейбірі «мыр» еткен, менсінбеушілік сзу тартыстарын жасыра алмаған. Бірақ қан тасытар классикалық дүниенің екі шек боп бәзектеген алғашқы аккордтары бұндайлардың санасын тыңгілей жонелгенде, зат жым болды. Ал соңғы аккордтары

сатырлаған қол шанақтауға араласа көмілін кетті. Ара-  
тура «бис, бис» деген гуіл шығады тұс-тұстан. Беті бал-  
бұл жанған Қапан орнынан тұрған қалпы басын не берді,  
не кетерін, не кетпесін білмейді: бір-ақ нөмір орындауға  
тиіс болатын. Шымалдық сыртына көз тастап еді, концерт  
жүргізуші сұқ саусағын шошайтып, көзін қысты – алда-  
жалдағы дайындалған дүниенің тарт дегені.

Қайтадан отыра бере, Қапан өзі хабарлады:

– Огинскийдің «Полонезі», – деді де рояльнің жігітке  
басын ізеп қалды. Зардағылар тағы да ду қол шанақтап,  
рухтаңдырып қойды.

Елгі әуеде мұңды да ор, сазды да жі ерлі әуен қалықтады.  
Даладың тұнған лирикасы мел еркіндік сүйгіштігі поляк  
табиғаты болып қос шек арқылы ондаған ұлттар өкілдерінің  
жүрегіне жол тауып жатты. Өнер деген жалпы адамзатқа  
тән, ортақ сезім қой тегінде. Әйтпесе мұшшама қауым  
алтінде ғана қоршынсына қараған қалақтай домбыраға осын-  
ша телміре қала ма?

Жұрт Қапанды сахнадан жібермей, ұзақ қошеметтеді.  
Тек бөлімше командирі орнынан тұрып, оған қарай бетте-  
генде ғана үздіксіз соғылған қолдар саябырсып деді.

– Жауынгерлер, жолдастар, әскери аламың өмірінде  
музыканың, өлсннің, жалпы өнердің алатын орны ерекше.  
Соғыстан кейінгі жылдарда маған Қазақстан жерінде біраз  
кызмет етуге тура келіп еді. Бірақ жұмыс бастылық па,  
әлде ол кездің ерекшелігі ме, жергілікті халықтың музыка  
мәдениетімен жақынырақ танысуыма онша мүмкіндік бола  
қоймапты. Мына домбыраның үнін аракідің қана радиодан  
естігіміз. Онда да, ұмытпасаң, қиен халық дүниелері  
болушы еді. Енді қазір көне аспаптың классикамен, озық  
мәдениеттермен терезесі тең болыпты. Бұл мына біздерге  
бейбіт өмірінің қорғанысы тапсырылған ұлы Отанымыздың  
тағы бір жарқын көрінісі, халықтар достығының тағы  
бір айғағы. Өздерің жана ғана өнеріңе сүйсінген жауын-  
гер, командирлерінің айтуы бойынша, әскери және саяси  
лайықтықтың да үздігі. Осындай азаматтардан үлгі алуға  
тырысыңдар, – ашықты алқымдаған полковник енді Қапанға  
бұрылды. – Ризамын, басым, сені кәудеме қысуға рұқсат ет.

Қапан өзі үнін ең алғашқы әрі ең қымбат нағрада бо-  
лып қорлген мейірімге толы ыстық күшакқа ене берді.

*«Көкшетау», 20.03.1991 ж.*

## АЯЛДАМАДА

Алматыда ымырт қысқа, көп ұзамай қала түн құшағына ене береді. Сансыз электр шамдары мен неон шырақтары оны құлпыртып, әсерлендіріп жібереді, тағайып дүниеге айналырады.

Мекемедегі ұзақ-сонар мәжілістен кәдімгідей қажыр-шарнап шыққанымда көктемгі Алматы осы ертегідегідей кейінде екен.

Қоңыржай ауа мыңдаған әтірдің қоспасындай тамылжып тұр. Темекі түтіні кетпейтін кабинеттерден кейін мына түнгі ауа нағыз қаусар ма десең. Кеудемді керс жұттым. Аңқыған жұпар әп-сәтте бойға тарап, құрысқан, ламыл іздеген денені бірден жазып, жадыратып сала берді.

Қызметтестеріммен қоштасып, трамвай аялдамасына беттедім. Уақыт әжептәуір көш болғанымен, жұрт аяғы басыла қоймапты. Әрине, дені жастар. Олар астананың әрі ерекшелігі, әрі қоркі ғой.

Көше көлігі, сөз жоқ, сиреді. Ал маған керек микроаудан трамвайы оңсыз да селдір жүретіндей көрінетін. Жуық арада біла қоймасын сездім де, аялдама орындығына келіп жайғастым. Күні бойғы күйбеңнен бой жазып дем алудың бұл да бір түрі деп іштей жұбатып қоям өзімді.

Ерсілі-қарсылы өтіп жатқан жұртта сөйіле бастағандай. Осы бір сәт адамдар бейпе құстар секілді көрініп кетті: тағы да бір өмір мезетін жұмыс күнін әркім өз халінше тамамдап, енді өз ұясында отбасымен қауышып, бақытты, тәтті минуттарды бастарынан өткізіп жатыр. Мені де үйде Загірам, бүлдіршіндей балалыңдарым асыға күтіп отыр-ау қазір. Бақыттымыз ғой, шіркін!..

– Ағай, темекіңіз жоқ па?

Олті кезде қатарласа келіп бір жас жігіт отырғап. Қасында жетелеген 4-5 жастар шамасындағы қыз бар. Сол отырғаннан кейін қалталарын сипалақтап, шырпыдан басқа ештеңе таба алмай, маған бұрылғап.

– Тартпайтын едім.

Жігіт үнсіз шырпысын қайыра салды да, қызын көтеріп алдына отырғызды. Бірдеңе деп күбірлегендей бұлды, сөтілмеді.

Жайдан-жай отыра беру зеріктірейін деді ме, жігітке бұрылып, еш мақсатсыз:

– Қай трамвайға отырушы едің? – деп сұрадым.

– Маған бәрібір, – деді ол селқос. «Кішкентайымен қыдыруға шыққан ғой жағар алдында», – деп түйдім іштей. Бірақ жігіт өңінен көтеріңкі көңіл табы байқалмады.

Алаңсыз, мәз өмірдің бұы шарпыған адам, әлбетте, төкпей-ісі жүреді, айналаға тек мәңгілік қуаныш ортамы, береке мен дарқандық кезі дей қарайды. Соған лайық өз бойында көзқарастар, қасиет, қылық қалыптастырады. Соның бірі ретінде күнделікті ереже-ғарпі, оның ішінде кешкі ұйықтар алдындағы бой жазу болуы да мүмкін.

Мына жігіт, бірақ, ондайға ұқсамайтын сияқты. Өз тіршілігіне осындай тұрғыдан қарап, өзгеріс сіндірестін жасқа да келмеген кез. Әлі ұстара тимеген қара түбіт мұрт еркін жіберілгенімен, жігіттің 23-24-тер ғана шамасында екенін жасыра алмай тұр. Дегенмен, осы балап жүз әзір белгісіз бір ерекшелігімен, тіпті жасына жағ мұқдальшымен назарымды өзіме аударды.

Аялдама бағанасына орнатылған қос электр шамының сәулесі біз отырған шағын аумақты күндізгідей жарық қып тұрған. Тура тесітуәлі ыңғайсыз көрін, жігітке қырандай, бағдарлай отырдым. Тізесінде отырған қызын құшақтаған күйі ол алдыңғы жақтағы қол созым жерде асфальт үстіне сызылған ақ жолақтарға қарап қалған. Иығынан біреу басқандай езіле бүкшініп, мойнын соза, іштері ұмтылады. Бейне бір қараңғылыққа сіңіп жатқан жол сызықтарымен бойлап, безін кеткісі келгендей кейін. Көрікті жүзіне жараса біткен көздерінде бірден байқалар мұн бар. Суалған жақ шұқырларындағы, көз астындағы көленкелерде тас боп қағып қалған айықпас үрей жазылған сияқты. Әлсіз-әлсіз қызының бетіне бетін басып иіскеп қояды. Бүлдіршін болса бір қолымен әкесінің мойнын құшақтап ұстаған, екінші қолымен оның қалып, ұзыл шаштарын салалап отыр. Бір кезде әкесінің бетін қолымен өзіне бұрып: «Нана, маманы бүтін табамыз ғой, ия?» деп сұралды. «Көреміз, көреміз, құлыным», – жігіттің дауысы дірілдей, буына шықты. Сәбиің көкірегіне қыса түсті.

Алғашында маған осы жігіт, шамасы, жұбайымен ренжісін шыққан шынар үйінен деген де ой келген, олай болмады. Тигтей ғана, әп-әдемі нәзік қыз сынғырлаған дау-



сымен, тәтті кылықтарымен үйдегі балапандарымды еске салды.

– Маған келесің бе, палаңның алдында біраз отырдың ғой, – деп шақырып едім, қыз жатырқаған жоқ, әкесінің алдынан түсіп, маған жақындады. Тұңғиық қара көздерінде таңырқау, қызықтау бар.

Ақырын көтеріп, алдыма алдым.

– Атың кім?

– Гәухал.

Сонғы дыбыстарды жұмсарта, былдырлай араластыра айтты. «Р»-ға тілі келмейді екен әлі.

– Маман қайла еді?

– Ағай, сұрамаңызшы оны?

Біздің бастала берген әлгімемізді жігіттің үшқына шыққан сөзі боліп жіберді. Қыз әкесіне қарады. Жігіт болса өңі алып-ұпты еді. Жалбарынған, жайынсыз көздерден алағы қайғы үшқын шанып тұрды, шарасынан мөлдір тамшылар енді-енді үзіліп түсуге шақ қалған. Қуарған өңі, діріл қаққан сүйекті негі уайым отына күйген адамды айнытпай білдіріп тұр еді. Бір ағаттық істегенімді сездім.

– Кешір, жігітім, орынсыз сұрақ қойдым ба?

– Гәухар, кел өзіме, келе ғой. – Жүгіріп барған қызын алдына отырғызды да, оның басына маңдайын тіреп, көмсендеп кетті.

– Мамасы жоқ, жоқ біздің мамамыз!

Қансыраған жараның бетін тырнағандай болдымау. Сасқалақтап «Мықтал, жігіт, жасыма. Өлі-ақ тағдыр соққысын ұмытасың», – дей бердім.

– Пана, жылама, неге жылалдың тағы, – Гәухар әкесінің шашынан тарта бастады. – Қазір мамаға бааламыз ғой, бүгін табамыз дедің ғой.

– Иә, жыламаймын, ботам, жыламаймын... – деп жан жағына бір қарады да, жігіт қол орамалмен бетін, көзін сүртті. Өксігін баса алмай біраз отырды. Табап астылда жан-дүнием бұлқан-талқан болып, іші-бауырым елжіреп, езіліп оған қарай бердім.

– Осыдан бес күн бұрын Дәмелім қайтыс болды. Ауруханада... Жігіт маған қарамай, өлді-өзі сөйлегендей бол айта бастады. – Екінші баламен түскен... Толғағы өте ауыр болыпты... Темекіңіз жоқ па? – Ең алғаш қойған сұрағын ұмытып, тағы қойды. – Ә, сіз шылым тартпайды екенсіз ғой...

Жігіт тағы үтсіз қалды. Басқа адамның жан күйзелісінің куәсі болу қапдай киін. Оны қалай жұбатарымды, мұндайда не айту керек екенін білмей, дал бошып отырмын. Трамвай да келмей қойды.

– Дәмелімнің жоғына әлі сенбеймін, – жігіт сөзін жанастырды. – Тек бір жаққа кеткендей көрінеді де тұрады. Әсіресе Гаухар... – оның даусы тағы дірілдеп кетті. – Гаухардың сұраулы көзіне қараған азап екен. Кеш болған сайын өз-өзінен мазасызданып, ұйықтамайды, жылайды. Сәби жүрек сезеді ғой... «Мамам қайда, жүр, іздеп келейік», – деп тыным таппайды. Амалсыздан күнде осылай шығып қайтамыз, мамасып іздеген боламыз...

Тағдыр-ай! Мұндайды тыңлау да жан сыздатады екен. Қапдай ғана сөз, нендей амал жеңілдете алады екен мына азаматтың қайғысын?

Тек уақыт – осы бір ұлы емші ғана әрекет қыла алады тегі, күндер, айлар, жылдар деген сенімді дәрмектерімен жаза алады. Бірақ алғашқы жарына деген махаббатын, бойындағы ең қасиетті сезімдерін сыйлаған адамын ұмыттыра алар ма екен? Сірә, бұған уақыттың да әмірі жете бермес-ау...

– Ендігі меңдегі мақсат – Гаухарға анасының жоқтығын қайткенде елеттірмеу, не қылған күнде оны бақытты ету. Сонда өзім де бақыттымын.

– Әрине, әрине, – деймін басқа сөз ауырма түспей. Жігіттің айтқаны нағыз ер-азаматтың сөз саптасы, белді бекем бұған ойдың түйіні. Бұған іштей сүйсінем...

Сымдарынан ұшқып шашырата трамвай да жетті-ау, әйтеуір. Отырдық. Жігіт қызын көтерген күйі ілгері орындықтардың біріне жайғасты. Анда-санда Гаухармен сөйлесіп қояды.

Өз аялдамама жақындағанда шығар есікке беттен бара жатып, соларға көз тастап елім, алдыңғы әйнекке екеуі де тесіле қарап қалыпты. Бейне Дәмеліні іздегендей... «Бақытты болса екен, талса екен бақыттарын!» – дей бердім іштей, трамвай оттарын қараңғылыққа сіңгенше шығарып салып тұрып.

*«Жұлдыз», №12, 1997 ж.*

## КӨНЕБАЙ СЫНЫҚШЫ

Жыл аяқталарда не көп – қауырт жұмыс көп. Қай мекеме, қай кәсіпорын болсын, бұл кезде мәрсеге жақындаған аламан бәйгеленің кейініне түседі. Сол себепті де маңағы кезде бастығым шақырып: «Жедел «Шалғай» совхозына жет! Рас, тапшы автобус, көлік атаулының барлығы кетіп қойған кез, дегенмен, үлкен жолдың үсті ғой, бірдене кездесер», - деп жедел тапсырманың мәні-жайын тәптіштегенде, нәлендей таңданған жоқпын. Жолсапар қағаздарымды, керек-жарақ құжаттарды дайындап, кенселеп шыққанша, уақыт түске де жақындап қалды.

Желтоқсанның қытымыр аязы күшіне ене бастапты, барынша қатты бұраған аспаптың ішегіндей шыңылтыр ауа аяқ басқан сайын шын-шын етеді. Бұлтсыз ашық аспанда мыс табақтай жылтыраған, қызуы жоқ күннің көзі қосқұлақтана қалыпты.

Жолныбай машина тосқанымға әжпәтәуір уақыт болып қалды. Күткенде қалағанын жуырмайла бола қоя ма, бәткеннің ұлтанынан өткен ызғар бойды қалтыратып, ескірте бастады. Екі-үш жеңіл машина тоқтамай өте шыққан, «бір күште жанып бара жатқан ештеңе жоқ, ертенгі автобуспен шығу керек еді», - деп те қоям іштей.

Әлдеп уақытта көз тіккен жақтан бір жүк машинасы көрінді. Жолаушы ырымшыл ғой, «иа, сәт» деп қарасын көрінгеннен-ақ қолымды көтере бердім. Жүгі ауыр білем, ыңырана гүжілдеген жап-жаңа көкпіл «ЗИЛ» жанаса бере жүрісін баяулатты. Машина тоқтар-тоқтамастан жүгіре жеткен мен жолаушы жақ есігін ашып жіберіп, сәлем бердім.

Қырықтан асқан, қияқ мұртты, иман жүзді қазақ жүргізуші күле қарады.

- Ты, жігітім, мүлдем бозарып кетіпсің ғой. Қайда барушы едің?

- «Шалғайға».

- Ә, жолың болады онда, отыр.

... Машина ырғала қозғалды. Жүргенімізге бір-екі минут өтпей-ақ жып-жылы кабинадан бойыма жағлы шуақ тарай бастады. Оның үстіне мотордың біркелкі үні мен жыл белдерінің бесікше шайқағаны қосылып, тіпті маужыратып жіберді.

– Жылына бастадың ба, бағыр, білісе отырайық. Осы жердікімісін?

Шыққан шаруамды, жөнімді айттым. Сосын аз үнсіздіктен кейін: «Өзіңізге жол болды?» – деп сұрадым.

«Менің бара жатқан жерім – Нарасыртаптағы Қарлыбұлақ».

Сойледі де, қалтасынан темекі алып тұтатты. Алдыңғы ойпектен алысқа, жолдың көкжиекке сіңіп жоғалған тұсына қарай тесіле қарап, шылымын құшырлана сорып-сорып қойды.

– Шамасы, жүк тасисыз ғой ол жаққа?

– Жок, бұл барыстың мәнісі басқашалау ... Жә, тек отырғанша айта отырайын, әңгіме жол қысқартады дейді ғой, солай емес пе, жігітім. – Шофер сәл жымыды да: – Сен алдымен мына менің қолыма кара, - деп, сигарет ұстаған сол қолын маған қарай созынқырады. – Оң қолымнан айырмашылығы бар ма?

Осы кісі ойшап отыр ма деп бетіне карадым. Жок, сол байыпты кейіп, үлкендеу көздері одан сайып ұшқызылана түскендей, қуақылана, сынап қарайды. Екі қолдың айырмашылығы бола ма екен, әрине, бірі екіншісіне айнадағы суретіндей ұқсас. Кәдімгі, күс басқан, тері сызықтарына машина майы сіңген еңбек адамының қолдары.

– Жок, – дедім тандана.

– Гәптің бәрі, міне сонда, – деді ол күлімсіреп. – Ал бұдан екі жыл бұрын осы қолымның көлемі оң қолымнан екі еседей кем болатын. Ол кезде мына рульді ұстау орындалмас арман-ды мен үшін ...

– Қалайша?

– Осыдан бес жыл бұрын да қазіргідей Терсеңсай тас карьерінде жұмыс істейтінмін. Әйелім, бала-шаға, жеке үй, дүние-мал деген сияқты бірсеуден ілгері, біреуден кейін тұрып жаттық. Біздің кәсіп белгілі ғой: алақобелең тұрасың, содан күні бойы дотгелек үстінде. Адам қажымай қоймайды, бірақ осы «мазасыз» кәсібімді өзім ұнатам. Мұнымды жар салып сыртқа шығармағаныммен, жұмысқа көп дем береді, мол сентігін тигізеді.

...Сол жылы күз біздер үшін ерекше тынымсыз болды. Не апталап кара жаңбыр жауды да тұрады, не кенет суық түсіп, жердің бетін қатырып тастайды. Мұндайда бәріміздің де лықымыз шығады. Кей-кейде көктайпақ болған карьер-

ден шыға алмай, тіпті сағаттап тұрып қалатын да кездеріміз болағын.

Омірбаки есімнен кетпейтін сол күн таңертеңнен ашық болды. Жігіттердің де қоңілі жадыраңқы. Жұмысқа күшіне кірісіп кеттік. Бірақ қуанышымыз ұзаққа бармады. Түс ауа терістіктен шөкімдей ғана боп көрінген қара бұлт бара-бара аспанды тегіс жауып алды. Жақындал келе жатқан бір сұранысдың хабаршысындай қатты дауыл да соғып берді бір кезде. Ол жөнді кеуіп болмаған жолдың топырағы лезде тозаңға айналып, сый-саланы қуалай жөнелді. Карьердің іші де алғіндей болмай түк көрінбес шаң тұманына айналды.

Бір ғажабы, қатты жел қалай шашпан басталса, солай тез тынды. Машинаның қорабын тасқа толтырып алып, эзер дегенде карьерден шығар жолға түсуім сол еді. Әйнекке тырстырс етіп алғашқы ауыр тамшылар тама бастады. Күндегі әдетіне басқаны көріліп тұр. Бірер минут отпей кәдімгі қара посер құйды да кетті. Осыз да қара түнек басқан төңірек астан-кестеп, аласапыранға айналды ма дерсің. Бөзек қаққан әйнексүрткіштер шүмектеп құйған суды сыпырып үлгерсе алмай жатыр. Жолдың жылтыраған қос жолағы ғана аңдасанда бір бағыт көрсетіп қалады.

Қиыршық заводы үш-төрт шақырымдай жер болатын. Тас төгетін орында машиналар иіріліп тұр. Шоферлар күзетшінің үйшігіне кірген-ау деймін. Жүгімді аударып, машинамы тұрғандардың қатарына тоқтаттым да, жүгірс басып үйшікке кірдім. Көк түтіннен көз аштын кішкентай ғана бөлмеде жолдастарым керілдесіп жатыр екен. Біреулері енді бір рейіс жасайық десе, екіншілері «мыпадай күні не қылған жұмыс, жаныңда қасың бар ма?» деп кейнді.

Жігіттер, соңғы кезде жауын-шашын деп мәнді жұмыс істей алмай қойдық. Тым болмаса, күндік нормаға жетейік, тағы бір қатынайық, – деді Қызыр деген мосқалдау шофер.

– Қауіпсіздік техникасын ұмытпаңыз, отағасы. Мынадай күнде рұқсат бере қояр ма екен? – ортамызға жуырда қосылған Вадим оған қарсы шықты.

– Ау, біз осы несіне сөзді босқа шығып қыламыз. Одан да жолға шығайық, біраз жылындық қой. – Төр жаққа отырған Максимнің үні нық шықты.

Рас, текке отырмайық, – дедім мен де...

Жаңбыр әлі төлеп тұр. Жолдастарымның тиелген машиналары ыңыранып, ышқына қозғалып, карьердің түбінен

шығар жолмен бірінен соң бірі тасбақалға өрмелеп барады. Менің қорабыма соңғы ожауын «қолж» еткізіп, экскаваторшы жігіт терезеден бірдеме деп қолын ербіндетіп жатыр, шамасы, сіді келме дегені гоі деймін.

Машинамның донғалақтарының сыртқы резецкесінің тозығы жетінкіреген болатын. Теренсайдың түрпідей жолдары қойсын ба, бедерлері тіпті жоққа таяу-лы. Сол кәдік қазір өзін білдіріп-ақ кетеді, Дөңгелектер, көбіне, босқа зырылдап, тұтқырлы тиянақ таба алмай келе жатқаны сезіледі. Зорға деп карьердің кемеріне шықтым. Алдыңғы машиналар едәуір ұзап кетіпті. Осыдан жол онға бұрылып жүз метрдей кемердің жиегімен жүретін – бұл шоферлардың өздерінің төтелете салып алғаны. Алғашында карьердің белін ашқанда сары балшығы аралас үстіңгі қыртысы жан-жағына сырылған-ды. Жолға айналғасын ол тапталып даңғыл болып жатағын. Соңғы жанбырдың бүлдіргені ме, әлде донғалақтардың әсерінен бе, тереңдеген екі арна манағы кезде сарқыран аққан қос жылғаға айналып жүрс берген. Үйреншікті жүз метрлі өтіп, бұрышысқа жақындағанда байқалым: қос жылға жол арнасын бұзатікелсіз тартыпты. Аққан су да, жауған су да қара топырақты шайып, жарқабақты сабындай тайғанақ сары балшығын жалаңаштай қарьерге сарылдап жатыр. Жүрісі баяу болса да екпінмен келе жатқан машинаның арт жағы бұрыла берсе бұлтың ете қалды. Күтпеген жерден тап болған қауіптен жүрегім су ете түсті. Жанталаса жылдамдықты ауыстырып едім, көмегі болмады. Дөңгелектер бар күшіне сала зырлай айналса да, машина дәрменсіздікпен жарқабақтың ойысына қарш жылжи берді.

«Секіру керек» деген ой түйсігімді найзағайдай осып өтті. Бірақ көш қалыппын. Кабинаның есігін аша бергенімде арт жағы кемерден асып лезде төмен тартқан машинаның шошан етіп жоғары көтерілген қапотын ғана көріп қалдым. Сосын бір есімде қалғаны – қатты су ағыны. Жарқабақтан тарқатылған бұрымдай боп құлай аққан сарқырама осы кезге дейін көз алдымда тұрады. Сонан кейінгісін білмеймін, сабалаған жауын, сұрықсыз төнірск, барлық дүние тасыр-тұсырға толы тұңғышқа айналып жоқ болды...

Есімді екі төуліктен кейін жидым. Мені ауруханаға карьер басылдағы бульдозердің тракторшысы жеткізіпті, экскаваторшы екеуі кабинадан эсер шығарып алған. Жар-

дан құлаған машинаның да сау тамтығы қалмапты. Шала ашылған есікке сол жақ иығым қысылып қалса керек, бұғанам мен төқпақ жілігім быт-шығт болып сынып, екеуінің қосылған буыны ажыраған. Көп күтсін бе, дәрігерлер бәрін орын-орнына келтіріп, гипсетеп тастапты. Көп болса бір ай, сосын қайра машинада отырасын дейді. Жаным аман қалғанына мен қуанышты, тәйірі, бір ай деген немене деймін өзімше.

Тас құрсауды алатын уақыт та тағды. Қимылымыз болғандықтан ба деп ойлаймын, сыздан ауыра беретін. Жүрегім алыл-ұшып дәрігер шақырған бөлмеге келдім. Әлден уақытта гипс те алынды.

– Ал енді қолыңды ақырын қозғап көрші. Кәне, елттеп жоғары көтер, – деді емдеуші дәрігер.

О, ғажап! Мына әрекеттердің біреуін де істей алмадым. Өз қолым бейне бір байлап қойған келсаптай өз дегеніме көнбейді. Қанша талпынсам да болмайды. Ой бар, әрекет, дәрмен жоқ. Дәрігер де аң-тан. Содан рентгенге апарып, суретке түсіріп, басқа мамандармен бірге зерттеп көріп еді, бөрінің пікірі «сынықтар дұрыс салынған, ауытқу жоқ» болды. Қысқасы, сол ауруханада, оған басқа тағы бірнешеуінде, әйтеуір не керек, бір жылдай ақ халаттылардың қарауында болдым. Бірақ еш шипа болмады. Қолым уақыт өткен сайын семіп, сола берді, сола берді. Түсі де илеген мал терісіндей сарғыш тартты. Ақыры, медициналық комиссияның шешімімен тиісті пенсия тағайындалып, барлық іс осымен тынды. Ой, жігітім-ай, несің айтасың, бірнеше жылға жүк бөлар жан зардабын шектім ғой. Кезінде темірді дегеніне бағындырған қайратты қолым салбаңдаған бір пайдасыз, тіпті кедергі мүшеге айналғанын қору нағыз азап екен. Бірақ қанша күйзелгенмен, істерге шара жоқ, амалсыздан тағдырдың талкегіне көндіруге тура келді...

Өңгімеге елти ұйығаным соғшалықты, маңайдағының бәрін, шыққан шаруамды түгел ұмытып, ара-тұра шылымын сорып қойып сөйлеп отырған жүргізушіден көз алмай қарап қалыпшын. Бірде кемтарлық азабын онымен бірге тартқандай жан дүнием қуырылып, жүрегім езіліп отырса, енді бірде оның сол қолына сиқырлы дүниені көргендей ұрлана қарап қоямын. Шофер өңгімесін жалғастыра берді.

– Сөйтіп жүргенде үйімізге осы көрші облыста тұратын нағашы туысым келе қалды. Көптен көріспен едік, мына

халімді біліп, қайғыма ортақтасты. Кешке қонакасы ішіп отырып, ол кенет:

– Бауырым, осы біз жақтағы Қартыбұлақта бір керемет сынықшы бар деп естуші едім. Аты Қонейбай болса керек соның. Дәл өзімнің ісім түспесе де, алдынан өткендер, білетіндер ол дегенде ішкен асын жерге қояды. Соған барып көрінсең кәйтер еді, үмітсіз сайтан деген? – деп ой тастады. Мен, әрине, сөз айтпай келістім.

Көп ұзамай, осы шешім, аңсаған үміт мені Нарасырған етсігіне алып келді. Көшеде доп қуып жүрген көп қары сирақтың бірі менің сауатыма кідірместен «Сынықшы атам анау үйде тұрады», – деп окшауланған ағаш үйді пұсқады. Сырттан карағанда жұныны, жүдеулеу көрінген үйдің іші көз тәккіатарлық екен. Кіреп бөлмеде ешкім болмаса да, «Ассалаумағалейкүм» деп дыбыс бердім. Төргі бөлменің жармасы ашылып, шамалауымша, осы үйдің бәйбішесі шықты.

– Төрлет, шырағым, үй таппай келген жок шығарсын.

Кемпірдің бірден оп кабак бере сөйлеуі, меймандостығы бұл шапырақтың қонакқа таңсық емес екендігін көрсетіп тұр.

Төрде қазақы үстелдің басында шай ішіп отырған ақсақалға қол беріп амандастым. Ол да жылы шыраймен амандық-саулық сұрасып жатыр. Жасы жетпістің қырқасынан жана ғана исқан болу керек, ашап жүзіне қою қаба сақыл жараса біткен, әлі нұры ғая қоймаған үлкеп көздер, кең маңдайын кестелеген қазақы тақия жасыра алмай тұр.

– Танымдық, балам, – деді ол алдыма шәй келгенде. Басымнан өткен хикаяны, ойламаған жерлен ғарін болғанымды, келген мақсатымды түтел баяндап шықтым.

– Жарайды, шырағым, қамықта. Қолдан келгенді аямайық, жасап бағайық. Ал қазір жатып дем ал, жолдан келдің ғой.

Кештесін кембағал қолымды, нығымды сипай отырып, сынықшы біраз нәрсеге көзімді ашты.

– Біздің қазақ көпшелі халық болғанымен, опың білетіні, ғасырлар бойы тоқығаны, түйгені ешбір жұрттан кем емес. Әсіресе, емшілік өнерде, мейлі қайсыбір түрлері тұрпайылау болса да, бағалы дәстүрлері бар. Оз басым кейбір жаяу бақсы-баһерлердің, жанан тәуіп-құшпаңтардың дәнсіз



дакпырттарына титтей де мән бермейміп. Бірақ халықтың ұшан-теңіз тәжірибесіне, аруакты әкем Бигелдіден қалған сынықшылыққа кәміл сенемін.

– Сонда сынықтың қандайын болсын сала аласыз ба?

– Құдайға шүкір, осы жасқа жеткенше алдыма келген адам түңіліп қайтқан емес. Әкем марқұм сондай шипагер, қолы да, сөзі де дуалы кісі деуші еді жүрі, бойындағы қасиетінің біразып маған тастап кетсе керек.

– Ал енді менің көңіліме жұбаныш болардай не айтасыз?

Көнебай аз-кем үнсіз отырды да, сол баяғы сыр бермес пішінімен сөзін қайра жалғады.

– Өзім сынықшылықпен айналысқалы сендей емзәр адам бірінші рет кездесіп отыр. Әйтсе де, жазағы айтқан әкейдің бұдан қырық жылдай бұрын өзіне ұқсас бір гәріпті құлан таза жазып шығарғаны есімде. Отызыншы жылдың басы болатын, ұмытпасам тауық жыты. Ол бір жазының тұрқы салқып, қысының жұты басым мезгіл еді. Сонау Баянауыл жақтан туыстары бір жылқышы жігітті алып келіпті. Қатты боранда ыққан жылқыны қайырам деп жүргенде орға құлап, асықты жілігін шыбық сүйегімен қоса сындырған екен. Кейін орнына салғанда бітуінде көдік болған ба, әйтеуір аяқ өзінен-өзі семіп, жансызданып кеткен... Сондағы әкемің тәсілін саған қолданғым келіп отыр.

Сынықшының әр сөзі зердеме нұр күйғандай жайлы тие бастады. Асықнай сөйлеп отырып, өз ісіне деген нық сенімді қарсы алдындағы адамның көңіліне ұлатата, оған көз алмастан қарайтын әдеті бар екен. Кәрілік жецбеген шарасы үлкеп қой көздері бейне арбау үшін жаратылғандай, әлде шынында да сондай қасиеті бар ма, қайдам. Қазіргі кезде гипнозбен емдейтін арнайы оқыған дәрігерлер болады деседі ғой.

– Мен бәріне де бақұлмын, ақсақал. Не істесеніз де еркіңізде, көңдім.

– Онда ертең сәрсенбінің сәтіне, құдай қаласа, кірісеміз.

Үй иссі менен ерте тұрса керек. Кешегіден мүлде өзгерген, қимылы ширақ. Бөсағаға өгіздің қамытына ұқсас ағаш аспаптарын жиып қойыпты.

– Қышпанның бәрі тоқпақ жілікте екен, – деді ол таңертеңгі асты ішіп болған кезде. – Екі басы дұрыс

жалғасқанымен, қиғоласқан жігі табиғи сәйкестігіндей емес, шала, жетілдірілмеген, соның зардабы төменгі жүйке тамырларына, ет-сіңірлерге тараған. Соны түзеіп жіберсек болды. Ал енді мына шөптің тұнбасын ішіп жібер.

Әлгі тұнбаның әсері ме, сәлдеп сон бойым біртүрлі рахат сезімге бөленіп, енжарлық баса бастады. Құрал-саймандарын әзірлеп жүрген Көнебай: «Ал, жігітім, қолыңды мына жерге сал, - деді бір кезде. Салдым. Бір сыңғап жер екіншіде ауырмақ болар, дегенмен шыда».

Түйсігім, сана-сезімім буалдырлана бастаса да бірден түсіптім: құдай-ау, бұл кісі қолымды қайтадан сындырып, сонан сон салғалы тұр ғой! Денем түршігін кетті. Осы мезетте «О, сәт!» деген Көнебайдың дауысымен қайта сыңған сүйектің күтірі қатар шықты. Көз аңдым қызылды-жасылды шеңберлерге толып, қараны түнекке батып кеттім.

Сүт пісірімдей уақыт ессіз жатсам керек. Шартты межесі өткеннен кейін Көнебай сынықты қайта орнына көлтіріп салып, өзіне ғана белгілі майларды жағып, таңып байлап тастады.

Сол жатқаннан әлгі үйде бір жұмадай болдым. Сылықшы қасымшап бір елі шықпады десем өтірік емес. Қадағалап отырды. Әңгімеге де құлағымның құрышын қандырды, өзі де таусылмас қазыпта екен.

Алғаның аяғын ата шылптағымның үстінгі жағы, білетім, алақанымның сырты қышып, жап біте бастағанын сездім. Жүрегім дүрсілден қоя берді. Қуанған да, қорыққан да бір дәйді ғой, - әлгіні Көнебайға айта отырып, қоздерімнен қос тамшы қалай ыршып кеткенін байқамай қалыппын. Бір жеті бойы менен кем толқымаған ол кісі де «уһ» деп деміп алды, еңлі еліне қайтуына болады деген сынай танытты.

Алғанайын деп тұрып бар ризашылығымды, рахметімді, жүрек-жарды сөздерімді айта келіп, менен не тілесеніз де орындауға әзірмін дедім. Көнекең жай ғана басын шайқап: «Тек сау болғайсың, айналайын, түкте керек емес», - деді.

Күндер өте берді. Шамасы, үш айдан соң қолым мүлде баяғы қалпына келіп, жұмыс істеуге де әбден жарам қалды. Өмірдің бар қызығы қайтадан мен мұңдылап шақырып тұрғандай, қуаныш пен бақытқа толы күндер басталды. Бұрынғы жұмыс орныма қайта келдім: бұған медициналық комиссия да толық рұқсатын беріп, машинаға отыруға болады деген шешімін хаттаған. Қазір сол маңағы айтқан

Тереңсайдан тас тасимын, жуырда мына жаңа машинаға ис болдым.

Өткен жазда Көнебай сыпықшының үйіне отын-шөбін жеткізіп бергем, енді, міне, көмір апара жатқан бетім. Мүгедектіктен, бақытсыздықтан мені арапалап қалған сол кісі үшін өзімді өмір бойы қарыздармын деп есептеймін, нендей тілегі болса да орындауға бармын, әттен, ол кісі сұрау дегенге жоқ.

...Шофер әңгімесін аяқтап, қайра шылым тұтатты. Мен де иығымнан зіл бағпан түскендей жеңілдене күрсіндім. Оның сол қолына енді басқаша қараймын, осы қолға екінші өмір құя білген бейтаныс Көнебай картқа сырттай сүйсінемін. Шіркін, халық арасында талай асылдар бар-ау деген ой келеді еріксіз.

Көзден шыққан совхозымның орталығына жете бере жол айрығында түсіп қалдым. Алыстан мұнарта көрінген жатаған тау сілімдерін бетке ұстаған машина әрі жүріп кетті. Оның ішінде Көнебай сынды ескіден қалған қасиетті көз іспеттес, халық тәжірибесінің жиынтығы деуге сиятын адамдардың бірі туралы жан тебіренге баян еткен ары таза азамат бара жатты. Жақсылыққа жақсылық көрсеткенше асық тұратын, қазағым-ай!..

*«Жұлдыз», №4, 1998 ж.*

## ПУБЛИЦИСТИКА

*Ғосман Төлегұлұлы он жеті жылдай аудандық, облыстық газеттерде істеген. Журналистика күнделікті өмірдің тасқа басылған жылнамасы десек, сол жылнаманы жазатын, кейінгі ұрпақтарға деректі тарих етіп қалдыратын, заманның тамыр бүлкілін айна-қатесіз сездіре жеткізетін, әрине, журналист. Бұл мамандық иесі басқа жұмыстар атқарса да, қай салада жүрсе де өмір бойы қаламнан қол үзбейді. Шығармашылық «дертке» шалдыққан адам одан еш уақытта айықпайды, уақыт ағымына өзінің азаматтық позициясынан үн қосып отыруды моральдық парызы деп түсінеді.*

*Бұл бөлімде Ғосекеңнің сол уақыт ағымының әр қырларына өзінің көзқарасын білдірген, проблемаларын көтеруге және оларды шешу жолдарын көрсетуге тырысқан кейбір дүниелері берілді.*

*Баспадан*

### АЦСАТЫП ЖЕТКЕН АЗАТТЫҚ

Бізден бұрын каннама ұрпақ ауыспады, пешелер қилы кезеңді халқымыз басынан кешіледі. Ал енді осынау іңкәр еткен заманды, сағынышты дәззәттілігімен құла бойыңды солқылдатар мына еркіндікті жасағанның дәл біздің маңдайымызға жазуы неткеп бақыт, тірліктің неткен ғажайыбы! Осы күндерді көзбен қору бақытына не болып отырған мына баршамыз, әй, сірә, тегін ұрпақ болмасақ керек; зады, құдайымның көңілі шын ауған пенделер болармыз; дана тарих «осылар ғана баянды етер бұдан былайғы өмірді» деп үміт артқан қауым шығармыз, шамасы. «Бар азабың мен тозағың осымен бітсін, көрген көршегің мен теперінің аз болмады ғой, қалсын бәрі де мыпжылдық пердесінің аржағында, жаңа ғасырға жаңғырып кір, Алашым!» – деді ме екен, әлде, ұлы әлемнің әміршісі.

Дегенмен, зымыраған уақыт-ай... Күні кеше сияқты еді ғой, жүрегіміз алқымға келіп, алабұртқан жүзіміз бал-бұл жанып, көзімізді қуаныш тамшылары кірсукелендіріп: «А, ақсарбас, пышыменен туганың ба, азат күні! Тәубә,

тәубе!» – деп сүйіншілегеніміз. Жаңа тарихты айтпағанның өзінде, жауыз қалмақтың тізесі батып, бастан бақ тайған ана заманда-ақ атақты Қожаберген жырау:

*Нұр жауар талапты ерге деген ермін,*

*Есіркеп қашан алла жеткереді*

*Құдайдан елге амандық тілеп жүрмін,*

*Қазақты қашан қалдап ескереді, –*

деп зарлаған екен.

Жалғыз ол ма, ұзын-ыртасы пәленбай томға жүк боларлық халық ауыз әдебиетінің қай нұсқасын алмаңыз, қай ақын-жыршының творчествосын сараламаңыз, қандас бауырларына жерұйық іздеген, еліне құт-берекке, еркін тіршілік аңсаған нешелер тілск, сөз маржанының үлгілері алдыңыздан қолденсидел шығары анық. Осынау асқақ арманның араға ғасырлар салып, шыпайылыққа айпатуы, тіпті көптеген басқа халықтардағыдай қапта бөгіл емес, бейбіт жолмен жүзете асуы – миллиондаған жерлестеріміздің материалдық сияпат алған рухани қуаты, ізгі ниеті болса керек, аруақтардың желеп-жебеуі деуге тұрар. Сондықтан да үстіміздегі жылды Қазақстан тәуелсіздігінің 10 жылдығы деп атап өту туралы Елбасының Жарлығы сол орындалған арманның тарихи, рухани мән-маңызын барыпша терең сезінуге мегзейтіні дәлелдеуді қажет етпес. Отандастарымыз бұл шешімді зор ризашылықпен, аса бір қанағаттанғандық сезіммен қабылдағаны сөзсіз.

Тәуелсіздік дегенде, ойымызға алдымен осы бір қасиетті ұғымның салтанат құруы жолында төгілген қаншама қан мен тер, сарп етілген ғұмыр мен уақыт елес беріп өтері де заңды болса керек. Еркіндікті ешкім ешбір халыққа пісуін жетістіп, бабына келтіріп, содан астауға салып, табақ қып тартпағаны және белгілі. Ал, әсіресе, қазақ халқы үшін оған қол жеткізу қияметтің қиыны болғанын тарих-ана білге айнытпай жеткізді. Алан баласының осы жолда көрмегені жоқ-ау, қаншама арыстарынан аймырлды, әлденеше рет жер бетінен жойылып кетудің аз-ақ алдында да қалды.

Президентіміздің Жарлығын оқып отырып, ол тек Тәуелсіздігімізге он жыл толу межесін мерекелеуді көздейді деген ой тумаса керек, құжаттың саяси, рухани маңызы тым тереңде. Оның идеялық өзегі арғы замандарды алмағанптың өзінде, қазақ халқының азаттық үшін арпалысы жуырда ғана шығарып салған XX ғасырды да түгелдей шарпығанын

меңейді; сонау 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістен Желтоқсан күндеріне дейін қым-қуыт оқиғалардың бәрі осы идеяның желісімен көмкерілген десек, қателеспейміз. Бұл тұрғыдан келгенде үстіміздегі жылы бұдан бұрынғы Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы, Ұлттық тарих жылы сияқты айтарлық жылдардың рухани үндестігі, логикалық жалғасы деп қарастыруға болады.

«Мың өліп, мың тірілген» қазақ халқының Ресей империясының отары кезіндегі тарихы кейбір прогрессивті қырлары болғанымен негізінен жаппай экономикалық, саяси қысым көрсетуден тұрғаны белгілі. Және бұл жалғыз біздің емес, басқа да көптеген ұлыстардың басынан өткен жайт. «Ақ патшалардың» қайсысы болмасын бұратана жұртты ашса алақанында, жұмса жұдырығында тырп еткізбей ұстап, мемлекеттік машинасын бар күш-қуатын осы бағытта пайдаланған. Орыс емес халықтардың тілін, дінін, мәдениетін, дүниетанымын барынша тұншықтырып отырған. Мысалы, І Петр аз халықтардың мәдени, рухани өміріне қатысты бір жарлығында сш бүкпесіз былай деген: «Діні басқаларды (негізінен мұсылмандарды айтып отыр) өздеріне білдіртпей, аса сақтықпен, мүмкіндігінше азайту керек. (А басурмап зело тихим образом, чтобы не узнали, сколько возможно убавлять)».

Мұндай сүркия саясаттың іске асырылу жолдары да мейлінше анық көрсетіліп отырған. «Айқап» журналының 1913 жылғы 20-санында Шарлай Карасартұлы деген автордың «Қазаққа аталық қайдан келді?» атты мақаласы басылыпты. Ол Санкт-Петербургтегі кітапханадан II Екатеринаның қазақтарға байланысты құпия жарлығының мазмұнын табылғанын айтады. Патшаның жергілікті әкімдеріне берген нұсқауы төмендегідей көрінді:

«1. Қырғыз-қазақ халқының бір ру басыларып екітші ру басыларымен қас етуге себеп болыңыз.

2. Сұлтандарып бірімен-бірін араз қылып, бірінің елін бірі етуге себеп болардай іс қылыңыз.

3. Қырғыз-қазақтың басыы адамдарын сұлтандармен араз қылып, сұлтандарын өз қол астындағы ақсақал адамдармен араз қылыңыз, арасына от түскен уақытта жанып кетердей көкір-сөкір даярлай берініз... Ол-өздері қырық пышақ болып қырылысып, жеңілен жағы жеңген жағынан өш адам үшін, күш алар үшін Ресей патшалығына жақындар,

қорғашар. Сол уақытта Рүсия хұкметі араларына төре болып, билік айтып, ретіне қарай не анасын, не мынау жағын куаттап тұру керек Түрлі амалмен сұлтандарының күшін кетірсек, өзімізден озып ешқайда кете алмас...»

Әрине, ер түріктің ұрпағы – қазақ халқы көршілес империяны отарлау саясатына қарсы барыпша күресіп бақты. Ғалымдардың есептеуінше, Қазан төңкерісіне шейін Қазақстанда 300-ге тарта ірілі-ұсақты көтеріліс болған екен. Солардың ішінде 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысының мәні зор. Аз халықтарға Ресей тарапынан көрсетілген саяси-экономикалық қысым, зорлық-зомбылық шарықтау шегіне жеткен еді. 1914 жылғы дүниежүзілік империалистік соғыс, қазақтан майдандағы қара жұмысқа кісі алу туралы патшаның 1916 жылғы маусымның 25-індегі жарлығы осынау жағдайды одан сайын ушықтырып, ақыры бітеу жаранын аузы ашылып жүре берді. Бұл кезде қазақтар 45 миллион десятина ең шұрайлы жерлерінен айырылып, шөл-шөлейттерге, тақырларға қуылған болғанын, олардың тіршілік аясы мүлде тарынып кеткен еді.

Бір ғана дерек. Сталин зұлматының құрбаны болған ғалым Телжан Шоғанұлы «История раздела казахской земли» деген кітабында былай дейді: «1913 жылы Кокшетау уезі Жыланды болысының қазақтары қоныс аудару үшін бос жерлер қарастыруға Бұқар жаққа Атажан бастаған бірнеше адамды жіберді. Атынай-Қарауыл руларына қарасты екі мыңдай отбасы тұратын Айыртау болысында да толқулар басталды; қазақтардың айтуынша, өмір сүру мүлде қиындап кетті, сондықтан олар Жиделі-Байсыңға (Бұқар хандығы) қоныс аударуға шеттеніп отыр. «Жерұйық» ізден олар Самарканга дейін жеткен, бірақ еш нәтижесіз қайтып оралған» (Алматы, «Санат», 1995, 180-бет).

Қазақстанның төрт құбыласын түгел шарпыған көтеріліс жаныны Қазан төңкерісіне ұласып, ұлы Дала бір «уһ» деді, адығы күнге үмітпен қарады. Кейіннен халықтың ұлтты тілі «окаланияқтар үкіметі» атаған большевиктер билігі тарих сахнасына баяғы француз төңкерісіндегідей «азаттық, теңдік, бауырмалдық» деген даңғаза ұрандармен шулатып келгенімен, көп ұзамай оның да зымын астары айқындала бастады. «Ақ» террорға ауысып, ату-асу, айлау-сүргіп енді басқа үрдіспен, «тап тартысы» аталатын қазақ сапасына жағ ұғыммен көмкерілген кикүммен жүргізілді.

Ресейдегі азамат соғысының басталуы, оның шет аймақтарды шаршуы әлеуметтік және ұлттық қиянаттың кең қиянат жаңбына әкеліп соқты. Коммунистік партияның диктатурасы орнағаннан кейін де бұл процесс тоқтаған жоқ. Жаңа билікті қабылдамаған, оған наразылық білдірген зиялы қауым өкілдері елдеп қуылды, не болмаса түрмеден бірақ шықты. Қазақтың аяулы перзенті, бар ғұмырын алаштың азаттығы үшін сарп еткен Мұстафа Шоқайұлы да осы тұста шет елге кетуге мәжбүр болған еді. Петербург университетін бітірген, орыс, ағылшын, француз, поляк және түрік тілдерін ана тілдей білген аса білімдер азамат өз заманындағы көрнекті ғұламалардың қоғам қайраткерлерінің бірі болатын. Қоқан автономиялық мемлекетінің премьер-министрі қызметіне тегін адам тағайындалмаса керек. Кейінірек ол Ә.Бөксейханов басқарған Алашорда үкіметінің мүшесі болды. Бірақ Кеңес үкіметі үшін мұндай ұлтжанды, асыл ерлер өте қауіпті болып есептелді де, оларды сонына шам алып түсті. Сондықтан Мұстафа тынымсыз қудалаудан бас сауғалап, Грузия арқылы Түркия асып, жан сақталы. Кейін неміс жерінен дәм бұйырса да, өле-өлгеніне қазақ рухып, қазақ тәуелсіздігі идеясын тұғыр өтті. Мұндай қуғын-сүргін құрбанлары, әрине, жалғыз өл емес. Және, ең бастысы, олардың саяси қозғалысы, өмірлік позициясы, күрес жолына түскендегі мақсат-мұраттары бүгінгі күн шындығымен үндес болғанына қайран қаласың. Заманылап ерте тутандар деп халық сондай данышпандарды айтса керек.

Жиырмамыншы жылдардың аяғы мен отызыншы жылдардың басында деревня мен ауылда кулактарға, байларға қарсы күрес дүрілдесіп тұрды. Бар халықты бір қазанның аузына қаратамыз, сойтіп, теңдік орнататын деп даңғаз салған ресми саясат, шын мәнінде, ауыл шаруашылығының негізі болып есептелетін ауқатты шаруаларды талқандауға, оларды тоз-тоз қып басытуға ұласты. 1930-31 жылдары 381 мың шаруа шаруашылығы бай-кулак деген желеумен Қазақстанға, басқа да алыс аймақтарға жер ауларынды.

«Ақиқат» журналының 1992 жылғы 9 нөміріндегі «Жазықсыз жаңа шеккендер немесе күннен кәмпескелеу құрбандары» деген материалда 1928 жылғы «Петропавл округі, Қызылту ауданы, №5 ауылдық тұрғыны Тоғжанов Сәдуақастын мал-мүлкі тәркіленіп, өзі Ақтөбе округіне



жер аударылды» деп көрсетілген. Бұл кәдімгі белгілі әдебиетші, қоғам қайраткері, жерлесіміз, Көкше өңірінің солтүстік-шығысындағы Жарқын ауылының тумасы Ғаббас Тоғжановтың әкесі туралы (Жарқын - қазақтың тағы бір ауылы азаматы Смағұл Сәдуақасовтың да туған елі). Осыдан кейін он жыл өтпей-ақ екі Сәдуақастың да балалары тоталитарлық зұлымат диірменінің тасына жанышылып кете барды.

Сол кездегі Қазақстанда жүргізілген қуғын-сүргінде республиканы басқарған Ф.Голощекиннің «снбегі» сұмдық болды. «Ұлы Октябрьден» әлі есін жия алмай, өз-өзіне келе алмай отырған қазақ ауылына ол енді «Кіші Октябрь» жүргіземін деп зікір салды. Отырықшылық өмірге зорлап көшіру, одан соң колхоздастыру науқандары қазақ қауымы үшін үш ұйықтаса түсіне кірмеген нәубет еді.

Міне, Қазақ елінің сорына 1925 жылы Ф.И.Голощекин қанішер таққа отырды. Сол кездің өзінде мәскеулік большевиктік орталық біздегі (басқа шет аймақтардағы да) жергілікті ерекшеліктерді және ұлттық дәстүр-салттарды, мүдделерді елемей, өз өктемдігін жүргізудің отарлық саясатын одан әрі жалғастыру жолына түскен еді. Голощекиндей сол органның түлегі бұл бағытты, әрине, берік ұстанып, мейлінше түрлендіре, «жетілдіре» түсті. Қалр мәселесіне де ашталып саясаттың ызғары аса қатты тиді. Міне, осындай жағдайда Қазақстанда күштеп коллективтендіру басталды.

Жоғарыда айтылған Ғаббас Тоғжановтың әкесін жер аудару туралы шешім 1928 жылғы тамыздың 27-індегі байларды тәркілеу жөніндегі үкімет қаулысына сәйкес қабылданғаны ақиқат. Бұған қоса өкіметке мал және астық дайындау жоспары бойынша елдің азық-түлігі мен малын жаппай сыныра тартып алу жүргізілді. Осының бәрі колхоздастыру науқанымен қабаттастыра өткізілді. Сөйтіп, бірнеше жылдың ішінде республика халқы ауыр жағдайға душар болды. 1929 жылы елдегі 45 миллионға жуық малдап 1934 жылы 4,5 миллион ғана мал басы қалды. РСФСР Халық Комиссарлар Кеңесі Төрағасының орынбасары Тұрар Рысқұловтың 1933 жылы 9 наурызда Сталинге жазған хатында мынадай да дерек келтірілген: «Айыртау ауданында (1932 жылғы ақпанда) 17166 бас мал болса, осы жылғы маусым айында соның жартысы ғана бар». «Асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын», «кедейдің кер қасқасы» деген сөздер сол кездерден қалған.

Күпкөріс малынан, азын-аулақ азық-түлігінен айырылған халық ашқан қырыла бастады. Бас сауғалап, жан сақтауға тырысып, жан-жаққа қашқан адамдар сапы көбейді. Толық емес деректер бойынша, 1930 жылы Қазақстан халқы 317,4 мың адамға, 1932 жылы 769,1 мың адамға кеміген.

Мұндай зорлық-зомбылықтан халықтың наразылығы тууы, әрине, заңды еді. «Күн көсемнің дана саясаты» неше жерден ең әділ, ең дұрыс деп дәріптелгенімен, жан түршіктірер шындық, төзуге болмас тіршілік тым шектен шығып кетті. Ғалымдардың есептеуінше, сол жылдары 372 шаруа көтерілісі болыпты, ал олардың бәрі НКВД-ның мысымен, қарулы күшпен аяусыз басып-жаншылған – жүздеген мың адамдар қаза тапқан, жауапқа тартылып, сотталған, атылған. Жалпы, мұрағат құжаттарына сүйенген мамандардың топшылауынша, 1931-33 жылдары Қазақстанда 2,1 миллион адам оңат болыпты. Олардың ішінде 1 миллион 750 мыңы қазақтар. Шекара асып кеткені қаншама, сырт жерлерде қаза болғаны қаншама? Осыншама қыршынынан қиылған, қолдан жасалған апаттың құрбаны болған ұрпақтың аруағына бас ию де биылғы жылы баршамыздың моральдық парызымыз болса керек.

Голошскинді қазақтар «Қужақ» деп атапты. Сол «Қужақтың» саясаты құлпырған ең даланы қу далаға айналдыру болғанын кезінде түсінісп азаматтар аз болмаған. Түсіне отырып, оған қарсы батыл күреске шыққандары да баршылық. «Елім, жұртым!» деп шырылдағандардың бірі жерлесіміз, таяуда 100 жылдығы елеусіз ғана атап отілген Смағұл Сәдуақасұлы 1927 жылы қарашаның 15-23-інде өткен VI өлкелік партия конференциясында сөз сөйлеп, «мен Голошскин жолдастың сөзіне қосыла алмаймын!» деп тіліп түскен, бірақ мүмкіндігінше ел басына төніп келген қаратүіектің астары мен себебін ашып берген. Сол үшін ол өлкелік партия комитетінің бюро мүшелігінен босатылып, орталық комитеттің мүшелігіне де сайлапбай қалды. Тек Мәскеуге кетіп қана «Қужақтың» құрнығынан құтылғандай болды.

«Бессудің хаты» жөнінде осы күні жұртшылық хабардар, бұл 1932 жылы шілденің 4-інде Ғ.Мүсіреповтің, М.Ғатаулиннің, М.Дәулетқалиевтің, Е.Алтынбекөвтің, Қ.Қуанышевтың Ф.Голошскинге жазған хаты. Халық мұндай айта білген зиялылардың сөзіне құлақ асудың орнына, оларға

байлардың мүдделерін қорғаушы ұлтшыл – уклонистер деген кісі тағылды, психологиялық қысым көрсетілді.

Елдегі аса күрделі жағдай жөнінде Т.Рысқұлов екі рет Сталинге, екі рет Мирзоянға хат жазған, Халкомсовтың Төрағасы О.Исаев Сталинге, Мирзоян Сталин мен Молотовқа мағлұмат берген; қатардағы колхозшылардан, жалпы халықтан жоғарыға жіберілген хаттар қаншама? Шарасыздық пен түсінбеушілікке, дәрменсіздік пен зарға, өкініш пен паразытылыққа толы бұл хаттар кейінгі ұрпақтар үшін тек тарихтың қаралы беттерінің куәлары ғана емес, аңыз сабақтары һәм сұсты ескертпелері сияқты.

Социализм құру ісі ілгері жылжыған сайын мемлекеттің жазалау машинасының да қуаты арта түсті, технологиясы жетіле берді. Ол жылдарғы қуғын-сүргіннің шырқау шегі 1937 жыл болғаны белгілі. Бұл негізінен Сталиннің «социализмге жақындаған сайын тал күресі шиеленісе түседі» деген атышулы «теориялық жаңалығының» тікелей жемісі еді. Ал оның астарында канқұйлы саясат, билікті қайткенде де қолдан шығармаудың, сол жолда миллиондардың өмірін құрбандыққа шалуға даяр сендіктің арам пиғылы жатты. Бұл идеологияның тууына себепкер болған және бір объективті жағдай – жоғарыда айтылғандай, елдің әлеуметтік-экономикалық даму диалектикасын жасанды жолға салу, оның авантюралық моделін зорлықпен телу болды. Жаншай коллективтендірудің салдарынан ауыл шаруашылығы мүлде құлдырап кетті, ел інін аштық жайлады. Мұның зардабы өнеркәсіпке, басқа салаларға да қатты тиді. Қаржы жүйесінің де қабырғасы қақырады.

Міне, мұндай жағдайда билік басымда қалудың бірден-бір жолы қатал репрессия қолдану ғана еді. Мәселен, 1932 жылы тамыздың 7-інде Сталиннің өз қолымен жатылған «Мемлекеттік кәсіпорындардың, колхоздар мен кооперацияның мүлкін қорғау және қоғамдық (социалистік) меншікті нығайту туралы» заң қабылданды. Атышулы «бес масақ туралы» осынау құжат бойынша 12 жастан асқан әр азаматқа колхоз алқабынан масақ тергені үшін халық жауы ретінде ату жазасы, тек кейбір жағдайда ғана жеңілдік ретінде 10 жылға бас еркінен айыру үкімі кесілетін болды. Мұндай қатал заңы бар мемлекет, қоғам бұрып-соңды нскен-саяқ болар, сірә.

Қуғын-сүргінге халықтың барлық өкілдері жаппай ұшырады. Бухарин, Каменев, Зиновьев сияқты ірі саясат-

керлер, Блюхер, Якир, Тухачевский секілді көрнекті әскери қолбасшылар, Чапанов, Кондратьев, Вавилов сынды атақты ғалымдар, басқа да толып жатқан зиялы қауым өкілдері өзіміздің алғашқы «көпір» легінде кете барды. Қазақстанда Л.Мирзоян, С.Пурпейісов, О.Исаев бастаған бүкіл республика басшылары, түгел дерлік облыстық, аудандық партком хатшылары мен ауатком төрағалары атылды. Осы тұста қазақтың бетке ұстар аяулылары Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, Қ.Кемелгерев, М.Тынышпаев, О.Жандосов, С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, Б.Майлин, Шәкәрімдер де жазықсыз жалаңның құрбаны болды. Олар шын мәнінде халықтың зиялы генофонды, аса білімді данышпандары әрі заманының ар-ожданы еді. Бірақ төңкерістің нәтижесінде билік басына тексіздер мен зиясыздар үшін өздерінен көш ілгері тұрған ғұламалар, әрине, қауіпті кедергі болғаны, сол себепті олардың көзін жою науқаны бірінші ретте басталғаны түсінікті. «Рыскуловшылық», «Қожановшылық», «Сейфуллиншілдік», «Мендешевшілдік» сияқты иттыстырып-шабығыру модаль тәсілге айналды. Ал «Алашорда» ұйымына қатысты болу – о дүниеге аттапудың тура жолы еді.

1956 жылы ақпанда өткен СОКП-ның XX съезінде Н.Хрущев «Жеке басқа табыну және оның зардаптары туралы» жабық баяндамасында (ол тек 1989 жылы наурызда жарияланды) атап көрсеткенідей, 1937 жылы контрреволюциялық қылмыстары үшін тұтқып алынғандардың саны 1936 жылмен салыстырғанда 10 есе өскен! Қаңдай да болмасын науқан жүргізгенде алдымызға жан салмайтын ел болық қой....

«Қазақ әдебиеті» 1992 жылы желтоқсанның 18-інде «Қаралы тізім» деген хабарлама басқан болатын. Онда мынадай жолдар бар:

«Аса құпия. Қазақ ССР Ішкі істер халық комиссары, Мемлекет қауіпсіздігінің Іранғалы комиссары Ж.Реденске.

Сіздің ССРО Жоғарғы Соты Әскери Коллегиясының 1938 жылы 25 ақпанда болған көшпелі сессиясының ең жоғары қылмыстық жаза – атуға кесілгендерге шығарған үкімін орындауға нұсқау беруіңізді сұраймын (бұдан әрі ұзақ тізім келтірілген). Қол қойған Горячев».

Сол күні Алматыда 25 адам атылыпты, олардың ішінде Ғаббас Тоғжанов, Сәкен Сейфуллин, Саиджар Аспаидияров,

Құдайберген Жұбанов және басқалар бар. Келесі күні 37 адам (інтерінде Ілияс Жансүгіров, Бейімбер Майлин бар), ақпанның 27-сі күні 29 адам (бұлардың ішінде жерлесіміз Зарап Темірбеков бар) атылған..., тізім солай кете береді.

Сол жылы Зеренді ауаткомының төрағасы болған, кейін Шортан ауданында жауапты қызмет істеген Әубәкір Ілиясов деген азамат та аяқ астылап «халық жауына» айналып, өлім тұзағына іліккен. Мұндай мысалдар тым көп-ақ.

Академик Манаш Қозыбаевтың айтуынша, сол жылдары атылғандардың ішінен үштен бірі – жұмысшылар, бестен бірі – шаруалар, тоғыз пайызы – арнайы жер аударылғандар, ал жартысы – қызметкерлер болған. Интеллигенция өкілдерін мүлшама көп қыру, әрине, жоғарыда айтылған мақсаттан туындаған, халықты жаппай мәні үртіуге бағытталған іс еді.

Осынау саяси зобаланнан да ең көп зардап шеккен сол бағытқа қазақ диалекті мен халқы болыпты. Бұл жолында да соңғы жылдары көптеген дәйекті әлгіме, дәлелді тұжырымдар жарық көрді. Оларды қайталаудың жөні болмас, дегенмен екі ғана деректі келтірудің реті келін тұр. Бұдан тура бір ғасыр бұрын, 1897 жылы қаңтардың 28-інде Ресей империясы бойынша бірінші жаппай халық санағы өткізілгені белгілі (санақты өткізу ісінін жобасын жасаған атақты ғалым П.Семенов-Ильшанский болыпты). Қорытынды құжатқа сүйенсек, Қазақ өлкесінің сол жылғы халқы 4,3 миллион болған, мұның ішінде жергілікті ұлт өкілдерінің, яғни, қазақтардың саны 3,9 миллион болған.

Ал енді осыдан 40 жыл өткеннен кейінгі ахуалға назар аударайық. 1937 жылы Бүкілодақтық халық санағы жүргізілген еді, бірақ оның нәтижелері түгел дерлік жарық көрмеген. Әсіресе, елдің ұлттық құрамы, басқа да кейбір демографиялық параметрлер мұрағат сөрелерінің сипісінде қалған. Тек 80-жылдардың аяғында, жариялылық деңгейі бастағанда ғана оларды «сөйлестудің» сәті түсті. Бір қызығы, санақ материалдарының түпнұсқасында КСРО-ның ұлттық құрамы жөніндегі екі кестесі қолдан толтырылған күйі архивте қалып қойған. Сол бойынша, қазақтардың жаны саны 1926 жылы 3968289 болса, 1937 жылы 2862458 болыпты. («Социологические исследования», КСРО Ғылым Академиясының журналы, 1990, № 7, 59-бет).

Тәуелсіздік деген қасиетті ұғым тек қазақтарға ғана емес, қазақ жерін мекендеген, оған кіндік қаны тамып, бірге

қайнап-біткен, туған топырағым деп егілген басқа ұлттар мен ұлыстардың да ортақ игілігі. Өткенімізді барлағанда солай екеніне, қандастарымызбен олар да тағдырлас екеніне көз жеткіземіз.

Екінші дүниежүзілік соғыстың басталуы, кеңес халқының неміс басқыншыларына қарсы күресі де билеуші режимнің репрессия машинасын тоқтата алмады. Оның аранына енді жекелеген адамдар, топтар емес, түгелдей ұлттар мен халықтар жұтыла бастады.

Немістерді, поляктарды, корейлерді, Кавказ халықтарын жер ауару 1936 жылдың өзінде басталғаны белгілі сол жылы КСРО Халық Комиссарлар Кеңесі «15000 поляк және неміс шаруашылығын Украин ССР-інен көшіріп, Қазақ ССР-інің Қарағанды облысына орналастыру туралы» және «Дағыстан мен Чечен-Ингушетиядан кулак шаруашылықтарын жер ауару туралы» қаулылары шыққан еді. Осылайша үлкен империяны мекендейтін аз ұлттар мен ұлыстарды мидай араластырып, мәнгүрттендірудің және бір тәсілі жүзеге асырыла бастады. Ол кезде қазіргі Ақмола облысының, Кокше өңірінің көптеген аудандары әкімшілік жағынан Қарағандыға қарайтын. 1936 жылдың соңына таман күшпен қоныс аударғандар түгелдей дерлік колхоздарға біріктіріліп, коменданты бар арнайы поселкелерге орналастырылды.

Ұлы Отан соғысы басталысымен Еділ бойындағы неміс автономиялық республикасы жойылып, оның халқын ішке қарай жер аудару жедел қолға алынды. Әр адамға жолға жиналуға екі-ақ сағат уақыт беріліп, ал оның қол жүгі 10 килограмнан аспауы қатаң ескертілді.

Ақмола, КөкшежерінеҚырымнан, Украинадан, Еділбойынан ағылған составтар 1941 жылдың күзінен 1942 жылдың көктемінс дейін толастамады. Зорлықпен көшірілгендер ауыл-селоларға, колхоздарға таратылды. Бірақ, іле 17 мен 60-тың арасындағылардың барлығы еңбек армиясына алынды да, қарттар мен балалар баспанасыз, тамақсыз, киімсіз қалды. Осындай адам төзгісіз қиын жағдайда кейбір халықтар үшін тілті ұлт ретінде жойылып кету қаупі төнді. Тек кеңпейіл қазақ халқының адал ниеті, шын жанашырлығы ғана оларды бұл сұмдықтан алып қалды десек, ол тарихи ақиқат. Сол жылдары тағдыр тәлкегімен бізге келген қай ұлттың аға өкілімен сөйлеспеніз, олар көзінің жасын

қолдстiп отырып, қазаққа деген ризашылдық сезiмiн жайып салады. Бiр үзiм нанды бөлiп жеп, бiр аяқ айранды бөлiп iшкеп, бiр көрпенi бiрге жамылған қарақөздердiң есiмдерiн бауырындай толғанып атап отырғанын талай естiп өстiк. Мiне, осындай шынайы сезiмдердiң барынша жария етiлiп, ыстық естелiктердiң тынымсыз, баса айтылатын да жылы болуы керек биылғы жыл, өйткенi жасампаздығымыздың өзi осынау бауырмалдық, татулық деген ұғымдардан бастау алып жатыр ғой. Әрi бұл дербес ел болуымыздың бiр берiк тұғыры, маңызды алғышарты екенi аян.

Әр адамның бойынан дұшпандық iздеу, шпiон көру соғыс жылдары тiптi ушығып кеткенi мәлiм. Ал мұның сыртында тиiстi органдарға табылып жатқан жұмыс орасан зор едi. Сталиннiң бұл орайдағы сенiмдi көмекшiсi Л.Берия қожайынының көнiлiнен шығуға тырысты. Қазақстанды ГУЛАГ-тың филиалы етуде оның сiбегi адам айтқысыз. 1943 жылдың қыркүйегiнен 1945 жылдың қаңтарына дейiн республикаға жарты миллионнан астам қарапай, балқар, чешен, ингуш, калмақ, түрiк және курд халықтарының өкiлдерi жер аударылыпты. Майданда әр солдаттың ауадай қажет болып тұрған кездiң өзiнде 119 мындай НКВД әскерi чешен және ингуш халықтарын атамекенiнен қуып, көшiрумен айпалысқап. «Арнайы тапсырманы үлгiлi атқарғаны үшін» НКВД-ның 714 қызметкерi Берияның ұсынысы бойынша ордендермен, медальдармен марапатталған. Бiр қызығы, КСРО Жоғары Кеңесiнiң Президиумы 1962 жылы сәуiрдiң 4-iндегi жарлығымен бұл шешiмдiң күшiн жойып, барлық настрадалар кейiн қайтарылды.

Қазақстанның мемлекетгiк егемендiк алуы көптеген тарихи процестерге жаңадан, объективтi баға беруге мүмкiндiк бердi. 1993 жылы сәуiрдiң 14-iнде қабылданған «Жаппай саяси қуғын-сүргiн құрбандарын ақтау туралы» Заң жас мемлекетiмiзге демократия iсiнiң маңызды бiр қыры болды, ол барлық репрессияға ұшырағандарға, нақақтан жазаланғандарға өздерiнiң құқықтарын қалпына келтiруге, моральдық және материалдық шығындарының орнып толтыруға кепiлдiк бердi.

Соғыстан кейiнгi жылдарда да қуғындау лаңғы басылмады. «Ленинград iсi», «дәрiгерлер iсi», «еврей антифашистiк комитет iсi» деп аталатын сот процестерi бiрiнен соң бiрi елдi дүрлiктiрiп жатты.

Өрши түскен идеологиялық майдашпын көптеп-көп құрбандары, әріптес, әдебиет, мәдениет, ғылым саласындағы зиялы қауым еді. Оларға жабылған жала бүгінгі тұрғыдан қарағанда тіпті күжілі сияқты: мәселен, кейбір авторлар өз шығармаларында феодалдық өмірді аңсайды, хандар мен билер заманын дәріптейді, сөйтіп коммунизм құру ісіне кері ықпал етеді-міс. Міне, осындай желеумен айыпталған аса көрнекті ғалым, Қазақстаннан шыққан тұңғыш тарих ғылымының докторы Ермұқан Бекмаханов, опып әріптесі Б.Сүлейменов сотталғандар лагерінен бір-ақ шықты. Данышпан М.Әуезов республикадан тысқары жерге кетіп, бас сауғалады. Осы тақілеттес айыптаулар Қаныш Сәтпаев сияқты ғұламаға да тағылды.

СОКП-ның XX съезінен кейін қоғамда еркіндік лебі есіп откендей өсер пайда болды. Халық кеудесін кере дем алып, келешекке демократия шуағы барыпша төгілетіндей үмітпен қарады. Жазықсыз сотталғандардың көбі ақталып, үйтеріне қайтып жатуы, өткендегі қараланған тарих беттеріне жана көзқарас қалыптаса бастауы, шынында да, қуанарлық жағдай еді. Бірақ мұның бәрі империя басшылығының саяси ұнай жинаудағы кезекті жымысқы қадамдары болып шықты. Шыпайы демократияшың ауылы әлі тым алыста жатқанын Новочеркасскідегі, Теміртаудағы әлеуметтік ереуілдерді қанға бөктіру, 1968 жылы Мәскеуде Чехословакияны басып алуға қарсы болған митингіге қатысушыларды күшпен жаныптау көрсетіп берді. Ресми саясат пен көзқарасқа қарсы тұрушылықпен күресудің, оппозициямен тек қуғын-сүргін тілінде сөйлесудің мемлекеттік стратегиясы мен тактикасы еш өзгеріссіз жалғасын тауып жатты.

Алпысыншы жылдары көріліс берген «саяси жылымық», бір ғажабы, сексенінші жылдары тарих спиралінің құдыретімен тағы қайталанды. Атышулы «қайта құру» доктринасы, «жаңаша ойлау» философиясы, жаншай жариялылық пен сөз бостандығы ел санасын есірткендей елітіп жібергені жасырын болмаса керек. Ғасырлар бойы армандаған, оркешіеттіктің бірдеп-бір белгісі болып табылатын демократия ұғымы шыпымен-ақ осынау алып державада бір жылда орнағандай елес берді. Алайда, көп ұзамай бұл сағымды 1986 жылдың желтоқсаны Алматының төсіндегі екі-ақ күнде ерпіл тастады, сөйтіп дүниені дүр сілкіндірген ғаламат оқиғалар, жалпы әлемлік саяси ахуалды күрт



өзгеруі және ХХІ ғасырға жаңаша сипатта аяқ басуы – осының бәрі қасиетті қазақ жерінен кіңдік кесіп еді.

Желтоқсаннан кейінгі еліміздің басына орнаған «кішігірім 1937 жыл» туралы аз айтылған жоқ. Мыңдаған жастардың заңсыз қудалауға ұшырағаны әлі көз алдымызда. Бір жақсысы, көп ұзамай әділеттілік те орнады: тура алты жылдан кейін Елбасының «Қазақстанда 1986 жылғы 17-18 желтоқсандағы оқиғаларға қатысқаны үшін жауапкершілікке тартылған азаматтарды ақтау туралы» Жарлығы шықты...

Қысқаша тарихи шолудың өзі халқымыздың күні кеше ғана өткен ғасырда тартқан азабы аз болмағанын айғақтайды. Әрине, бұл осыған дейінгі тіршілігіміз тек қарадан тұрады деген сөз емес. Өткен өткел, алынған бөлес, шат-шадыман күндер де молшылық, оған тауба дейміз. Бірақ «аруақ разы болмай, тірінін жолы оңғарылмайды» деген де бабам қазақ қой. Елбасының биылғы жыл турасындағы Жарлығын оқығанда ойға алдымен осы халық даналығы оралады. Шынында да, болашақ үшін кезінде бәр ғұмырын сарп еткендердің, оның ішінде нақаттан өмірін қиғандардың рухына бас ию, жарқын істерін еске алып, насихаттау, бүгінгі ұрпақ үшін адами борыштың, моральдық парыздың ең үлкені болса керек.

Біздің тарихи объективті жеңістеріміздің маңыздысы – ұттаралық тағулықты одан әрі нығайту, тереңдету екендігі. Өткен кезеңнің аса қатал тоталитарлық жүйесін адам құқығын басып-жаніту мысалдарын еске ала отырып, жас мемлекетімізде демократиялық қоғам құру ісінің сара жолға қойылғанын, оған Елбасымыздың өзі басты кепіл болып отырғанын қанағаттанғандықпен айтуымыз керек. Мерейлі жылды өткізу барысында тоталитаризм сарқыншақтарымен, санаға беріш болып қатып қалған ойлау жүйесінің кереғар көріністерімен күрес жүргізу – уақыт талабы. Және бұл процесс экономикадағы реформаларды баянды ету ісімен ұштастырыла атқарылуы тиіс екендігі де белгілі. Әрине, осынау революциялық үрдістер еш қиындықсыз, шығынсыз, «ауырдып үстімен, жеңілдің астымен» өтсе қоюы мүмкін емес. Үлгері елдер тарихында да қоғамның демократиялануы бірнеше кезеңдерді бастан кешіріп барып, жемісін берген. Біздің мемлекетімізді де бұл мақсатқа жету жолында әлі талай асулар күтіп тұрғаны анық.

Егемен еліміздің алғашқы он жылдық мерейтойын өткізердегі маңызды міндеттерінің бірі – бар атқарулар

жұмыстың жалпыұлттық татулық пен келісім принциптеріне сүйену, соларды негізге алу қажеттігі. Бұл принциптер облысымызда үнемі өзекті идея ретінде қабылданып, мемлекеттік ұлт саясатының белді бағыты болып отыр. Олар жыл басында облыс әкімінің арнайы шешімімен бекітілген іс-шаралар жоспарында да кең көрініс тапқан. Бүгінгі таңда аталмыш жоспардың әр бабы ойдағыдай жүзеге асырылып келеді.

Облыстың қай басқармасы мен ведомствосы, қай кәсіпорны мен ұйымы болмасын бұған өздерінің қомақты үлесін қосуда. Ақпан айында балалар үйлеріне көмек көрсету мақсатында «Аяулы апақан» атты қайырымдылық акциясы өткізіліп, сол үйлердің тәрбиеленушілеріне көптеген киім-кешектер тапсырылды, қомақты қаражат аударылды. Қоғамымыздағы ізгі өзгерістерді қолдау жөнінде шығармашылық және ғылыми зиялы қауым өкілдері бас қосып, облыс жұртшылығына үндеу тастады. Жаңа жылға және Наурыз мейрамына арналып ұйымдастырылған дәстүрлі би кештері студент жастарды әлемдік әлеміне тартудың ұтымды жолына айналды. Облыс әкімінің саяси партиялар мен қозғалыстардың, діни конфессиялар мен ұйымдардың басшыларымен өткізген «дөңгелек үстелдері» аймақтағы қоғамдық-саяси ахуалды одан әрі жақсартуға бағытталған жемісті шаралар болды. Әрине, бәрін тізе беру мүмкін емес. Алдағы атқарылар істер де ұшан-теңіз. Оларды жүзеге асыруға мемлекеттік органдармен бірге барша қоғамдық құрылымдар, ұлттық-мәдени орталықтар, ғылыми және шығармашылық қауым өкілдері, ардагерлер, әйелдер мен жастар ұйымдары кешінен ат салысатын болды. Түптеп келгенде, бұл нағыз саяси-әлеуметтік әріптестік деп түсінген абды, яғни, жалпақ ұраншылдықтан нақты іс-әрекетке бет бұру, шынайы келісім мен татулық үстемділіне барынша үлес қосу. Ал бұл – жоғарыдағы ойды тереңдете түссек – мемлекетіміздің конституциялық құрылымына деген сенімді, тарихи таңдауымыздың дұрыстығына, оның өміршеңдігіне деген сенімді шыңдай түсу деген сөз.

Ғасырлар бойы аңсатын жеткен әділеттілік, тәуелсіздікпен келген халық рухының асқақтығы мәңгілік болғай.

*«Егемен Қазақстан», 14.08. 2001.*  
*«Арқа ажары», 28.08. 2001.*

## ШАЛ АҚЫН КӘРІЛІК ТУРАЛЫ

Атақты жерлесіміз, тілі мiрдiң оғындай өткiр Шал ақыш өмiрiнiң соңғы жылдарында кәрiлiк туралы, жастықты аңсау сарыпында көп өлең шығарғаны белгiлi. Өле-өлгенiне аймастай тiлiп түсер сөзiнен айнымаған. Ауру меңдеп, жатып қалған шағында халiң бiлуге келгендерге ақын былай деген екен:

*Мен бiр Шал кәрiлiктi жолдас еткен,  
Тайгатап жүре алмаймын қия беттен.  
Ат мiнiп, ел аралау бүгiнде жоқ,  
Жатырмын үйде тыныш сол себептен.*

*Бұл күнде бeлiм бүкiр, көзiм бұлдыр,  
Сәл өрге шығармайды бетi құрғыр.  
Құлағым қаңылтырмен қаптағандай –  
Көп сөздi естiмеймiн қаңғыр-күңгiр.*

Бұл әңгiменi бытыр 86 жасында дүниеден өткен Құрман Жүнiсов ақсақалдың аузынан естiп едiк. Шылында да, талай асыл дүниe әлi халық санасында ғой.

*«Көкшетау правдасы»,  
24.05.1986 жс.*

## ҒАСЫРЛАР ҮНІН САҚТАҒАН АСПАПТАР

Астанамыз Алматыда жыл сайын еңселi-еңселi гимараттар көптеп бой көтерiп жағалы. Солардың iшiнде өнер тарихымызда тұңғыш болып шанырақ көтерген республикалық халық музыка аспаптарының музейiн ерекше атап айтуға болады. Панфилов және Горький кошелерiнiң қиылысқан жерiне орналасқан екi этажды шағын ағаш үй сырт келбетiмен бiрдеп көз тартады. Өткен ғасырда осы үйде қонақ жайы болған екен, 1980 жылы қалпына қайта келтiрiлген. Бұл туралы мемориал тақта әйгiлеп тұр.

Көзге бiрден түсетiн тағы бiр нәрсе – музейдiң алдындағы қобыз бейнесi. Тұтас ағаштан шауын жаса-

лып, тұғырға қойылған. Бағзы замандағы Қорқыт бабаның күніренткен аслабы ғасырлар үні сақталған осы бір қасиетті шаңырақтың лайықты символы іспеттес.

Кілем төселген баспалдақпен кірген адам тікелей екінші қабатқа көтеріледі. Реставрацияның зор тығампаздықпен жүргізілгені ішкі жағдаяттан да бірден танылады. Кіреп бөлмеде алғаш көзге түсетін дүние – оң жақ қабырғаны түгелдей дерлік алып тұрған республиканың бедерлі картасы. Мұнда халықтық музыка аспаптары түрлерінің қазақ жерінде таралуы көрсетілген. О дегенде байқалатын жай – аспаптарға аса бай өкшелер Оңтүстік, Жетісу, Батыс өңірлері екендігі. Біздің Көкше төңірегіндегі негізгі тараған дүние – домбыра.

Сол жақ қабырғаға үлкен картина ілінді. Ол Р.Чередеевтің 1854 жылы салған «Даулеткерейдің үйіндегі думан» деп аталатын полотнаны (Т.Паулидің «Россия халықтарының этнографиялық сипаттамасы» кітабынан алынған). Ал қарсы қабырғаға пағыз жүйрік те бай қиялдан туған, табиғаты қазақ болғанымен Шығыстың да, орыстың да өнер табы байқалатын, жапырақ-сабақтары мың бұратыла, құбылтыла өрілген ғажайып өсімдік тектес орпек-бедер түсірілген. Мұның эскизін 1894 жылы Шокан Уалихановтың інісі, Петербургтегі Суретшілік Академиясының тыңдаушысы болған Мақы қалдырған. Осыны көргенде «Шіркін, Көкше жері тұнған талант-ау!» деген ой оралады қоңілге. Шынында да, Мақыға шабыт берген Сырымбет өңірінің сиқырлы сұлу табиғаты деу әбден орынды болжам емес пе?

Музейдегі музыкалық аспаптар үрмелі, шекті, ұрмалы болып бөлме-бөлмеге орналастырылған. Әр аспаптар тобы жекеленіп шыны шкафтардың ішіне қойылған. Назар аударатын нәрсе: оларды тек көріп қана қоймай, дыбысын тыңдай та ләззет алуға болады, ол үшін шкафтың тұғырындағы қара түймені бассаңыз болды, аспаптың үні (радиоаппаратураға жазылған) бөлме ішін шарлап жүре береді.

Шкафтардың біріншісіне сыбызғы, бұғышақ, үскірік, керней, желбуаз секілді үрмелі аспаптар қойылыпты. Олардың кейбіреуі тіпті ерте замандарда пайдаланылып, соңғы ғасырларда ұмыт болып кеткен (жалпы осындай дүниелер музейде молынап баршылық, бұның өзі қазақ музыка тарихын зерттеушілерінің орасан зор істер

атқарғандығының айғағы). Мысалы, үскіріктің біреуі 1968 жылы көне Отырар қаласының қазбасынан табылған. Бұғышак – бұғы, мариал сияқты жабайы аңдарды шақыру үшін аңшылар пайдаланатын аспап екен. Сыбызғының қамыс-тілік, қос қамыс ескілді түрлері де осында қойылған. Керней болса ертеректе кент халқы жиыпқа, той-думалға жию үшін қолданылған. Бұны жас кезінде талай көргенін күйші-композитор, қобызшы Жанпас Қаламбаев кезінде әңгімелен жүрсе керек.

Қазақ ішінде аса көп тараған аспап, әрине, домбыра. Ол – халықтың айнымас есрігі, мақтанышы, ары. Тіпті қазақ пен домбыра егіз десек асыра сілтегендік болмас еді. Сондықтан да болса керек, музейде нешелер түрі барынша көп жиналған осы аспап. Қазіргі кейбір оқымыстылар домбыраның шығу тарихын дапқты жерлесіміз Әл-Фарабиден де байланыстырып жүр. Әрине, бұл болжамның дұрыс-бұрыстығын айқындау бұлашақтың үлесі, ал сол ІХ-Х ғасырлардан бастап домбыраның нешелер өзгеріске еніп, нешелер жаңа түрі пайда болғаны хақ. Екі шекті, үш шекті, кең шанақты, қуыс мойын, шіңкілдек, шалыс бұрау, тұмар домбыра, іші шекті – міне, осы аттардан-ақ біраз нәрсені аңғаруға болады. Енді бір түрлері жасалу қиындығымен ғана емес, диапазон кеңдігімен, өзіндік дыбыс шығару қасиетімен назар аударарды. Мысалы, іші шекті домбыраны алайық. Бұған шанақ бетімен де, оның ішімен де үш-үштен шек тартылған, ал «шалыс бұрауда» шанақ қалақ тәріздес қылып жасалған да (оган тақтай орнына тері қапталған), екі жағына екі-екіден шек тағылған: бір беті кәдімгі бұрау болса, екіншісі теріс бұрау. Бұл аспапты пайдаланушылар әртүрлі күйлер тартқанда құлақ бұрауды өзертін жатпай-ақ домбыраны аударып жіберіп жалғастыра беретін болса керек.

Келесі шкафтарда шертер (үш шекті, шанағына жаппай тері ұсталған), жетіген (қылдан жасалған жеті шегі бар, тиектері – қойдың асығы), адырна (13 шекті, арфа тәріздес) қойылған. Ысқымен ойналатын аспаптардан қазақ үшін ауызға алғашқы түсетіні – қобыз. Халық оны ежелден тылсымды дүние санап, ағы аңызға айналған Қорқыт есімімен байланыстырады. Мұнда осы аспаптың қылқобыз, жезқобыз, нарқобыз деген түрлері тұр. Соңғысы атына сай қос бүйірлі, өте ірі. Осы шкафтан орын алған сазген аспабының ағы да Қорқыт туралы аңыздарда ұшырасады. Бұл да ысқымен тар-

ғылады. Төрт қыл шегі бар. (Осы музейдің қасымаш халық музыка өнерін насихаттау ниетімен құрылған фольклорлық ансамбльге «Сазген» аты берілген).

Басқа халықтар сияқты қазақ жұрты да өткен замандарда талай жаугершілік кезеңдерді бастан өткерген. Қарапет басқыншыларға қарсы қол жиып көтеріліп ел үшін, жер үшін қапшы айқастарға түскен. Сол уақыттардағы әскери өмірге, ұрыс жүргізуге аса қажет аспаптар кейінгі ұрпақтарға мұра боп қалған. Олардың бәрі дерлік – данғыра, кепшік, даябыл, шындауыл, дауылпаз – музейден орын тапқан. Бұлардан басқа бертінде тіпті жойылып кетуге айналған, оңтүстік аймақтарда да сирек кездесетін тоқылдақ, шартылдақ, дудыға, асатаяқ, шын, тұяқтас, сақпан сияқты аспаптарды да осыдан көріп білуге болады.

Келесі бір зал әр зерделі азамат үшін қасиетті, толғаппай қоймайтын орын дер едік. Мұнда өткен ғасырларда өмір сүрген данқты әнші-күйшілердің, жалпақ елдің еркесі болған сал-серілердің, қазақ совет музыка мәдениетінің алғашқы қарлығаштары әрі іргетасын қалаушы халық аяулыларының өздері ұстаған аспаптары жинастырылған. Арқаның атақты ақынғы Біржан салдың өмір бойғы серігі болған домбырасы музейде сақтаулы. Ұлы жерлесімізге деген халқымыздың ыстық ықыласы оның өз мүлкін осылай қастерлен, ұрпақтан-ұрпаққа мирас, мәңгілік ескерткіш етіп сақтауынан көрініп тұрған жоқ па!

Сол сияқты қарапайым ғана үш шекті домбыра Абайдың қолы ұстаған, ор жаны өпкесі өз аспабы екенін білгенде тарихтың аптап жалыны ішкі дүниенді жалпап өткендей әсер аласың. «Мынмен жалғыз алысқан» шерлі үйде, дала қызы боп сынсыған Татьянаның әні де осы шектерден, ұлы жүректің төбіренісінен жаралды-ау! Бұл домбыраны көзінің қарашығындай сақтаған Абайдың баласы Ақылбайға, немересі Израилға халық алғысы сондықтан да шексіз.

Басқа шакаптарда асыл қазына, келер ұрпақтар көріп-білу үшін Сейтектің, Динаның, Құлыншақтың, Қызыл жыраудың, Мұрын жыраудың, Жамбылдың, Кененнің, Ахмет Жұбановтың, Манарбек Ержановтың, Елубай Өмірзақовтың домбыралары, Ықыластың (XVIII ғасырда жасаған) және Дәулет Мықтыбаевтың қобыздары сақтаулы тұр. Әрине,

мұның бәрі баға жетпес дүние сендігін айтып жату бұл жерде артық.

Ендігі бір бөлме Қазақстанда тұратын басқа халықтардың музыкалық аспаптарынан біршама слес береді. Экспонат ретінде орыстың балалайкасы, украинаның бандурасы, дуннанның төрт шекті саншанзысы, ұйғырдың қоссазы мен илтары, корейдің зядянту деген ұрмалы аспабы қойылған. Біраз орын қазіргі кездегі қазақтың ұлт-аспаптық оркестрлеріне кіргізіліп жүрген домбыра түрлеріне бөлінген.

Музейге қойылған экспонаттардан басқа толып жатқан қосалқы материалдар да – қазақша-орысша түсініктемелер, музыка әдебиетінің әр уақыттардағы басылымдары, ақын, күйші, композитор, музыка зерттеушілердің қыбырғаларға ілінген суреттері, тағы басқа дүниелер бай мағлұмат береді. Сөз соңында айтқандымыз келгені: астанада бола алған әр азамат осы бір тамаша шаңыраққа соқпай кетпесе екен. Рухани өміріміздің осы мөлдірінен сусындаған адам өткенімізге бұрынғыдан гөрі жітілеу қарап сәді, қазіргі зор табыстарға жеткен социалистік мәдениетіміздің бастауып орынды бағалап, болашағымызға бағыштар арнаны айқынырақ сезінер еді деген ойдамыз.

Және бір ойлануға тұратын жай. Түбінде өзіміздің Көкшеле осы тектес мәдениет ошағы лауламына кім кеніл. Демек, қолда барды осы бастап талмай ізестіріп, топтастырып, басып біріктіріп жүйелі жұмысқа кірісе берсе, артық болмас еді. Бұған мұрындық болар тиісті орындар да баршылық емес пе. Мысалы, музыкалық арнайы мектептер, облыстық өлкетану музейі, облыстық халық творчествосы үйі, толып жатқан үйірмелер мен қоғамдар бар. Ал ел ішінен уақыт шаңы басқап нелер асылдар табылары сөзсіз.

*«Көкшетау правдасы», 26.03.1983 ж.*

## НЕ ЗАЖИВАЕТ РАНА ВОЙНЫ

У времени свои несумолимые законы, свой вечный бег вперед. Вот вновь повторяется весеннее бурное движение жизни: лопнули наполненные жизненным соком почки на деревьях, показав крохотные изумрудные язычки, которые разрастаются не по дням, а по часам.

Так было и тридцать девять лет назад. Но та весна была, конечно, особенная. Казалось, сама Земля тогда вздохнула легко, наслаждаясь чистым воздухом, в котором уже не было дыма пожарниц и удушливого запаха горевшего пороха.

То была победная весна, ликующая пора торжества добра над злом. Каждый миг той поры навечно запечатлен в памяти людей, которым теперь уже шесть и более десятков лет.

Навсегда врезались те дни и в сознание героини нашего рассказа, остались в ее памяти как символ вечного проклятия войне, вечной не-утихающей материнской боли от утраты самого дорогого на свете – сына.

Весна сорок пятого возвратила советского солдата, исходившего пол-Европы, домой, к родному очагу. Села и аулы, хутора и кишлаки встречали своих героев.

Встречала их и Викторовка. Пыльная проселочная дорога, связывавшая село с большим миром, приковывала к себе внимание всех – от мала до велика. Каждый день взоры сельчан были устремлены туда: не спрыгнет ли с кузова очередной попутки, не шагает ли торжественно боец с нехитрым солдатским скарбом за плечами. Их ждали жены и дети, старики и матери.

Тайком от других посматривала туда и Матрена Спиридоновна, хотя знала хорошо – не ходить уже по той дорожке ее Мишеньке. Но веление сердца оказывалось сильнее. Вся материнская натура противилась, бастовала против свершившегося, разжигая угасший было уголек надежды: «А вдруг... Вдруг чудо?!». Но чуда не происходило. И всякий раз тлеющую веру без жалости кромсали глухие рыдания, доходившие до икоты.

Плакала в эти моменты и дочь Раиса, но мать не слышала этого, как, впрочем, не воспринимала и другие звуки сего мира. Так на ней в одночасье отразился жестокий удар судьбы.



В конце 1943 года в Викторовку, в семью Гончаровых, пришло известие с фронта. Сама «похоронка» утеряна, но сохранилась ее копия, заверенная исполкомом сельского Совета. Вот что там написано:

**«ИЗВЕЩЕНИЕ,**

*Ваш сын, ефрейтор Гончаров Михаил Дорофеевич, уроженец Кал. ССР, Акмолинской области, Зерендинского района, с. Викторонка, в бою за социалистическую Родину, верный воинской присяге, проявив героизм и мужество, был убит при выполнении задания командования на фронте. Похоронен в районе Лес. Вод. (далее неразборчиво - Г.Т.) Елны, района Смоленской области. Настоящее извещение является документом для возбуждения ходатайства о пенсии (приказ НКО СССР),*

*Командир части 01909*

*(Смелов)»*

Когда матери зачитали эту бумагу, страшный вопль вырвался из ее груди. Как в конвульсии замахала она руками, будто отрицая все написанное, и упала без сознания. А в себя пришла уже совсем другим человеком – глухим. Хотя могучее материнское сердце выдержало вдруг нагрянувшую горе, но не выдержали перенонки, первыми воспринявшие эту страшную весть.

Не мирилась Матрона Спиридоновна с тем, что сына нет теперь в живых. Ну как поверить в это, когда проводила его, удалого Мишутку, любимца всего села, целого, невредимого?! Ведь чуть ли не каждый месяц он писал с фронта. Писал о жизни солдатской, о том, как они бьют фашистских гадов, что обязательно победа будет за нами.

Буквально за полгода до этого он прислал матери фотографию, на которой был снят вместе с односельчанином Нестеровым. С пожелтевшего снимка смотрит красноармеец. Если без формы – простой деревенский парень. Но, судя по упрямо сжатым губам, открытому, смелому взгляду, легко разглядеть человека волевого, «слихого», как сказала мать.

- Миша был весь в свою гончаровскую породу, - рассказывает Матрона Спиридоновна, утирая уголком платка слезы. - Отец его Дорофеем Афанасьевич, тоже служил в молодости отчаянным парнем. Восвал на германской, позднее в рядах красных – с Колчаком. А его брат Максим Афанасьевич

в Великую Отечественную войну был офицером. Восстал на Украине, там фашисты его, попавшего в плен, и казнили.

- Смышлялый был у нас Михаил, - продолжает слова матери дочь Раиса Дорофеевна. - После седьмого класса уже хорошо знал машину, трактор (а это тогда было первым делом на селе), поэтому сразу стал работать в колхозе, всегда числился в передовиках. А на фронте он, оказывается, стал помощником командира взвода.

Помнится, как-то пришло письмо от его друга Нестерова (Борис Давыдович Нестеров умер два года назад в Викторовке - Г.Т.). Он писал, как они вместе с Михаилом в группе разведчиков ходили в тыл врага, где его тяжело ранило. И Михаил до самых наших позиций нес друга на себе, спас тем самым ему жизнь.

- Вскоре мы получили письмо от самого Михаила. Брат с гордостью писал, что виковровцы (и вообще, все земляки) воюют хорошо. В письме были и вырезки из газет, в которых как раз описывался тот случай - рейд разведчиков во вражеский тыл. Впрочем, можете посмотреть сами...

Раиса Дорофеевна подает мне желтые от времени, просвечивающиеся на изгибах, газетные вырезки. И вот передо мной лежат два кусочка красноармейской фронтовой газеты «Патриот Родины». На одном дата: «Воскресенье, 22 августа 1943 г.». А чуть правее неизменное «Прочти и передай товарищу». На другом невозможно узнать выходные данные. Ощущение такое, будто на тебя дохнула сама история. От этих листков словно встает оцепенение, солдатским потом и пороховой гарью. Какие бесценные документы тех суровых дней!

В одной вырезке читаю небольшую заметку «Захват языка». Не могу не привести ее целиком:

«Темной ночью командир группы захвата старший сержант Бородин вел своих бойцов к логовищу врага. Бесшумно разведчики подползли к немецким позициям.

Также бесшумно сняв часового, разведчики ворвались в блиндаж. Действуя гранатой и автоматом, советские бойцы уничтожили находившихся в блиндаже немцев, а одного обезоружили и связали.

Захватив «языка», отважные разведчики благополучно возвратились в расположение своей части. «Язык» дал ценные показания.

В этой операции своей смелостью и находчивостью отличились старший сержант Бородин, истребивший трех немцев, ефрейтор Гончаров, истребивший двух немцев, и ефрейтор Дракин.

Сержант И. Федоров».

Следующий номер газеты как бы подводит итог этой операции. На первом плане крупным шрифтом набрано: «Награжденные рядового, сержантского и офицерского состава. От имени Президиума Верховного Совета Союза ССР за образцовое выполнение боевых заданий на фронте борьбы с немецкими захватчиками и проявленные при этом доблесть и мужество командование наградило:

Орденом Красной Звезды (приведены фамилии 19 человек).

Медалью «За отвагу» (20 человек)

Медалью «За боевые заслуги» (4 человека)».

Фамилия Гончарова Михаила Дорозеевича, награжденного медалью «За отвагу», девятая в списке. Да, действительно лихим воином был наш земляк.

Не соглашалось сердце Матрены Спиридоновны с «похоронкой» после всего этого. Не для того она родила и растила сына, чтобы у него отняли жизнь иноземные варвары. Ведь сколько пережито этой русской женщиной за свои 89 лет – не перечислить. Наверное, хватило бы на три жизни.

Еще до войны, в нелегкие для страны годы, она похоропила в одно время мужа и четырех детей. Но не сломила ее судьба. Всем естественным цеплялась, боролась за жизнь, за то, чтобы поставить на ноги остальных детей, сделать их настоящими людьми. Работала за двоих, не жалея себя.

Это не осталось без внимания, заметили. Когда образовался Зерендинский районный совет депутатов трудящихся (тогда еще в составе Акмолинской, ныне Целиноградской области) односельчане избрали Матрену Спиридоновну депутатом райсовета первого созыва. До сих пор она как ценную реликвию бережет свое депутатское удостоверение №17.

Прошло почти четыре десятка лет, как отгремела Великая Отечественная, ушла в историю. Выросли новые поколения, которым неизвестны суть, истинное лицо войны – этого бессмысленного, жестокого человеческого самоуничтожения. Мы знаем ее лишь по книгам и кино. Да будет только так!

Но значиг ли это, что полностью зарубцевались рапы земли, раны сердец и душ старших поколений? Почему каждый раз, в священный День Победы, по лицам ветеранов текут скупые мужские слезы? Быть может, они вновь переживают тот счастливый миг возле поверженного рейхстага? Но я уверен, они плачут и от того, что нет рядом боевых друзей, которые остались в земле какого-нибудь европейского государства. И вновь щемящей болью в сердце, как у Матрены Спиридоновны, отзовется эта невосполнимая утрата. Но память о павших вечно в сознании живых.

...Вновь, как тридцать девять лет назад, пришла на землю весна. Природа вступила в пору обновления, наполняя радостью и надеждой сердца людей. Возвращаются из дальних краев птицы. Невольно вспоминаются слова поэта:

*Мне кажется порою, что солдаты,  
С кровавых не пришедшие полей,  
Не в землю нашу полегли когда-то,  
А превратились в белых журавлей...*

*«Заря коммунизма», 09.05.1984 г.*

## ВЕЛИКИЙ СЫН СВОЕГО НАРОДА

В эти дни общественность Казахстана, братских республик, ученый мир торжественно отмечают 150-летний юбилей со дня рождения Чокана Чингизовича Валиханова – родоначальника научной мысли европейского типа не только в степном крае, но и, смело можно сказать, на всем советском Востоке. В Советском Энциклопедическом Словаре говорится, что он – «казахский просветитель-демократ, путешественник, этнограф, фольклорист, исследователь истории и культуры народов Средней Азии, Казахстана и Западного Китая; поддерживал тесные связи с русской демократической интеллигенцией. Автор станковых рисунков и акварелей» (стр. 192).

Сказано предельно сжато, емко, как того требует содержание Словаря. Но и за этими скупыми данными вырисовывается незаурядная натура ученого энциклопедических знаний. Неполных тридцать лет прожил на свете Чокан, а успел сделать столько, сколько иному человеку не под силу и за всю долгую жизнь. Если дополнить приведенную выше цитату, то справедливости ради надо подчеркнуть, что Ч.Ч. Валиханов был еще географом, ориенталистом, блестящим публицистом, первым казахским профессиональным художником, отважным офицером русской армии.

Немало написано о научном подвиге, широте знаний, исключительных личных качествах Чокана. Бесценные строки воспоминаний, полные искренней любви, признательности, восхищений, оставили потомкам его друзья по кадетскому корпусу, армейской службе, Петербургу, из Русского географического общества: Г.Н. Потанин, П.П. Семенов-Тянь-Шанский, С.П. Калустин, (который был женат на сестре Д.И. Менделеева), И.Н. Веселовский, Н.М. Ядринцев, И.В. Мушкетов и многие другие. Трудно удержаться здесь от соблазна привести ставшие хрестоматийными слова великого русского писателя Ф.М. Достоевского, который в письме признавался: «...Вы пишете мне, что меня любите. А я Вам объявляю без церемонии, что я в Вас влюбился. Я никогда и ни к кому, даже не исключая родного брата, не чувствовал такого влечения, как к Вам...» Нетрудно предположить, что

молодой казахский ученый обладал огромной притягательной силой, широкой эрудицией и кристальной внутренней культурой, принадлежал к той когорте людей, к которым быть равнодушным невозможно. А ведь известно, что Федор Михайлович, в общем-то, трудно сходилась с людьми и был весьма воздержан от восторженных слов при оценке окружающих.

В советское время большую работу по исследованию творческого наследия Ч.Ч. Валиханова провели ученые Х. Айдаров, А. Нуркатов, С. Зиманов, А. Атишева, И. Забелин, писатели М. Ауэзов, С. Муканов и другие. Особое место в чокановедении занимают труды покойного академика А. Маргулана. В течение двадцати с лишним лет он изучал горы материалов в архивах Ленинграда, Москвы, Казани, Омска, Томска, Ташкента, Алма-Аты и других городов. В результате были найдены в основном все произведения Чокана. Под редакцией А. Маргулана в 1958 году изданы избранные сочинения, в 1961-72 годах – сочинения в пяти томах, пятитомное дополненное издание осуществляется также с прошлого года – читатели уже получили четыре из них.

Думается, и это пока не все: в архивах Москвы и Ленинграда, сибирских и казахстанских городов лежат еще материалы и документы, пока не обнаруженные исследователями и которые могут существенно дополнить наши знания о Чокане.

За ним давно закрепился эпитет «промелькнувший метеор». Известный писатель С. Муканов, например, так и назвал свой роман о нем. Примечательно, что впервые такое сравнение приводит профессор Н.И. Веселовский, под редакцией которого в 1904 году были изданы сочинения Ч.Ч. Валиханова. «Как блестящий метеор, – пишет он в предисловии книги, – промелькнул над нивой востоковедения потомок киргизских (казахских, - Г.Т.) ханов и в то же время офицер русской армии Чокан Чингизович Валиханов. Русские ориенталисты единогласно признали в лице его феноменальное явление и ожидали от него великих и важных откровений о судьбе тюркских народов, но преждевременная кончина Чокана лишила нас этих надежд».

Все же этот метеор оставил яркий след не только в небе русской науки, но и всей европейской. Так, знаменитые «Очерки Джунгарии» и «Описание Алтышара» после олу-

бликования сразу же были переведены на немецкий язык. Их опубликовали ученики известного Гумбольдта – А. Эрман и прославленный австрийский географ Петерман. В 1965 году эти работы увидели свет в Лондоне на английском языке. Чуть позже они публиковались во Франции в переводе дублициста Эмиля Жонно. Многие западноевропейские ученые – географы и ориенталисты – писали на труды Чокана восторженные отзывы, ссылались в своих произведениях на них как на авторитетный источник.

Часто печатали исследования казахского ученого российские периодические издания. Если внимательно просмотреть комментарии в уже выпущенных четырех томах собрания сочинений, то можно встретить названия самых различных газет и журналов: «Северная пчела», «Русский инвалид», «Записки Русского географического общества» и др.

Феноменальные способности Чокана проявились с малых лет. Известно из истории, что наследник хана или султана, по традиции, должен владеть семью языками. Этой заповеди придерживался и его отец, султан Чингиз – полковник царской армии, человек прогрессивных взглядов, тесно общавшийся с передовой русской интеллигенцией. Маленький Чокан, обучаясь в аульной школе, усвоил арабский, персидский, чагатайский, позднее почти все тюркские языки Средней Азии. А став членом Русского географического общества в 1860 году, по утверждению П.П. Семенова-Гяль-Шапского, слушал лекции в Санкт-Петербургском университете. Он пишет: «Изучив французский и немецкий языки, Валиханов приобрел замечательную эрудицию по всему, что касалось Центральной Азии». Видимо, склонность к языкам была одной из граней этого одаренного от природы таланта.

Первое знакомство Чокана с русскими людьми состоялось, конечно, в Сырымбете, куда часто приезжали друзья отца – топографы, геологи этнографических и других экспедиций. А всецело он окунулся в русскую среду, мир русской и европейской цивилизации, начиная с 1847 года, когда поступил в Омский кадетский корпус – лучшее учебное заведение тогдашней Сибири. Хотя до этого он не знал ни одного русского слова, свидетельствует однокашник Чокана Г.Н. Потанин, через год-другой уже «шел далеко впереди своих





Мне думается, в основе всей многогранной деятельности Ч.Ч. Валиханова – научной, общественной, даже армейской – лежит та изначальная линия, которой он придерживался всю свою недолгую жизнь. Это – чувство неотрывной принадлежности к своему многострадальному народу, чувство морального долга перед ним. Он, надо полагать, сам прекрасно понимал, что вырвавшись из степной среды, немисливо далеко шагнул вперед, и страшно переживал, мучился за соотечественников, терпящих двойной социально-экономический гнет, в большинстве своем неграмотных, метался в поисках путей облегчения их положения. Именно этим следует объяснить его попытку стать султаном и таким образом осуществить необходимые перемены (хотя народ его избрал султаном, но царское правительство не утвердило). Интересно, что в свое время (в 1775 году) Гете именно из этих соображений сделался министром Веймарского двора, а через сто лет в казахской степи Абай добился избрания себя волостным управителем. Увы, в условиях антагонистического общества этим путем нельзя было облегчить участь людей.

Как Прометей, Чокан стремился зажечь в степи огонь знаний, науки, одио боролся против мракобесия, тупого бюрократизма царских чиновников и степных феодалов. Но это был человек будущего и для современных ему власть имущих оказался чужим, хотя представлял «белую кость». Будучи принятым русским царем, он хотел просить у него облегчения для своего народа, но встретил, как и раньше, ледящее сердце равнодушие. Кто знает, в смерти, пришедшей столь рано – в 30 лет – может повинен не один туберкулез...

На какую бы высоту общественного положения, в ученом мире ни поднялся – а добился он, повторяем, очень многого: уже в 25 лет известен всей Европе – он никогда не забывал о казахах. По словам Н.М. Ядринцева, «Чокан оставался любящим свой народ, свое племя. В его мечтах было совместить европейское просвещение и сохранить свою народность».

Эту же мысль подчеркивала газета «Дала уалаяты», опубликовавшая в № 18 за 1894 год статью к 60-летию Ч.Ч. Валиханова: «Он был мужественным защитником интересов России и в то же время боролся за развитие, за освобождение от невежества народов Азии».

Чокан верил в светлое будущее своего народа, гордился его поэтической душой, неиспорченными цивилизацией правами, данными от природы способностями. Что характерно, об удивительных особенностях казахского народа писали почти все прогрессивные русские и иностранные деятели науки, литературы, политики, волею судьбы оказавшиеся в степном крае. Вот, например, как отзывался Адольф Янушкевич – участник польской революции 1831 года, отбывший 25-летнюю ссылку в Сибири: «Народ, который одарен Творцом такими способностями, не может остаться чуждым цивилизации: дух его проникает когда-нибудь в казахские степи, и придет время, когда кочующий сегодня номад займет почетное место среди народов, которые нынче смотрят на него сверху вниз».

Лучшие умы прошлого, в том числе и Чокан, не ошиблись. Пришло то время. Вместе с залпом «Авроры» был разрушен и многовековой реакционный уклад жизни в Степи. Сейчас мы по праву гордимся, что достигли фантастического уровня по сравнению с тем, что было 68 лет назад, что космическая эра человечества началась именно с казахской земли. Сбылась мечта великого Чокана!

*«Заря коммунизма», 23.11.1985 г.*

## ӘНШІ ДАУЫСЫНЫҢ ТЕГЕУІРІНІ

Кокше өңірі санлақтарының бірі Үкілі Ыбырай Саидыбайұлының туғанына 130 жыл. Оның айтулы әнші, суырыпсалма ақын екендігі, сонымен қатар жаңа заманды қуана қарсы алып, жырлағаны С.Мұқанов, Е.Ысмайылов, А.Жұбанов еңбектерінен айқын көрінеді. Қазақ жұртына ең алғаш Октябрь революциясын, Ленинді өз творчествосымен паш еткен ақындардың бірі де осы үкілі атамыз. «Қазақ Совет энциклопедиясы» ол туралы «қазақтың халық композиторы, белгілі әнші (тенор) әрі ақын-импровизатор, классикалық халық музыкасының ірі өкілдерінің бірі» деп жазды (11 том, 403 бет).

Сол Ыбекеңді көзімен көріп, асқақ үнін өз құлағыммен естіген көнекөз қариялар әлі баршылық. Соның бірі Жамантүз ауылының ақсақалы Есімбек Назаров. Токсанға аяқ басса да бұл кісі әлі тың.

- Үкілі Ыбырайды мен 1927 жылы Көкшетауда Сағыран деген ағайынның үйінде көрдім, – дейді Есекен. – Ол кісілер бұрыннан аралас екен. Кешкі асқа тағы өздері құралшы бірсыпыра меймандар келді. Ас ішіліп аз-кем әңгімелескеннен кейін отырғандар Ыбырайға «енді сіз өлең айтыңыз» деп өтінді. Ақынның жасы ұлғайған кезі екеп. Бірден көзге түсетін ерекшелігі – тұтас жуан мойын мен салбыраған бұғақ. Дауыстың нағыз тұнған сарайы секілді. Домбырасы сала құлаш, құлағына үлгілдек, әдемі үкі ұстатыпты. Бір таң қалғаным – өлкенді де, әңгімені де домбыраға қосып айтып отырады екен.

Ән шырқағанша ол кісінің дауысы осы күнге дейін құлағымнан кетпейтіп сияқты. Сырт көзге көрі адам мұншама қуатты әуеп шығара алады дегенге сену қиын, ал шынында бұл ғажап дауыс еді, тегеуіріні кішкентай үйдің еңсесін аударып тастардай бол көрініп еді маған...

Әнші ақынмен жүздескен адамның бірі Зерендінің тұрғыны болғая, бұдан бес-алты жыл бұрын дүние салған Құрман Жүнісов қария болатын. Қүрекең кезінде партия, совет, шаруашылық органдарында жауапты қызметтер атқарған, осы мәніректе жаңа заманды өз қолымен орнатқан кісі. «КПСС қатарында 50 жыл» белгісін ауданда алғаш болып алғандардың бірі.

Бірде Үкілі Ыбырай тұрасыппа әңгіме қозғалғанда Құрман ақсақал мынаны айтып еді.

-Ұмытпасам, 1925-29 жылдардың арасы ғой деймін. Болыстың «Қосшы» олағында басшы қызметте жүрген кезім. Жол түсіп Көкшетауға бара қалдым. Дуан базарының қызған кезі екен, әлден соң бір тұста «Ыбырай, Үкілі Ыбырай келіпті» деген хабар дүңк ете түсті. Мезде әлгі тұсқа халық жиылып қашды, мен де жеттім. Бұрып ара-тұра атын естігенім болмаса көрген кісім емес-ті. Әнші келді, ақып келді деген соң белгілі жай ғой көпшілік «өлен айтыңыз» деп қолқалай бастады.

Ыбырай онша ірі кісі емес екен, бірақ маған кесек, кеспелтек көрінді. Басына кигені кішкене ғана пәсе бөрік. Мойны мен басы біртұғас па дерсің, ал өлең айтқанда бұғағы мүлде салбырап кетеді екен. Даусы сұмдық зор.

Ән біткеннен кейін жұрт өл-нұлды сұрай бастады, әңгіменің негізгі шеңбері ақындық өнері төңірегінде. Сондағы есімде анық қалғаны Ыбырайдың мына сөздері:

«Осы жұрт айтады дейді, мен әп шырқағанда дем алмайды деп. Мен, немене, сонда балық па екем дем алмайтын? Гәп басқада – өлең айтқанда дем алудың өз әдісі болады, мен соны пайдаланамын».

Екі ақсақалдың да тебірене еске алғаны - Ыбсқеннің дауысы, әншілік шеберлігі. Бұл тұста ғалым Есмағанбет Ысмайыловтың «Әлсбист жайлы ойлар» деген кітабындағы мына бір сөздер еріксіз еске оралады: «Ашық аспаннан астында, дүниені жаңғырықтыра ұлы әншінің құдыретті дауысы бірде шырқап, биіктеп, қалықтап кетіп жатса, бірде арыстанның ақырғанындай түрілеп, тегеуіріңді күші Көкшениң қия жартастарына соғылып жатқандай... сол бір кең ән сарайынан күңіреніп - шалқып шыққан зор да пәрменді дауыс өзінің ежелгі әсем де ерке арпасына күйылып жарастық ташқандай». Әлбетте, солай болған да Жоғарыда келтірілген естеліктер осының айнағы.

Бұған Сәбит Мұқановтың сөзі де дәлел. Ол кісінің жазуынша С.Сейфуллин екеуі Ыбырайдың ән салғанын алғашқы рет Оқжетпестің түбінде кешқұрым мезгілде тыңдапты. Сонда үкілі атамыз «Көкшетаудың биігі-ай!» деп басталатын «Қарагөз» әніне шырқап жібергенде, жантайып жатқан Сәкен орнынан атып тұрып, Ыбырайдың алдына шөкі түсіп қатыпты. Аса ырғақты да, аса биік бұл ән орындалып

біткеннен кейін, Сәкен «Апыр-ай! Бұндай биік және көркем дауыс болады екен!» деп Ыбырайды құшақтап сүйген екен. «Көкшетау» поэмасында Сәкеннің:

*Туса егер өнергі елдің бақтарына,  
Білім ап жүрсе бәрі баптарында,  
Біржан сал, Ақан сері, Ыбырайлар  
Алмас ед Шаятінді қарталына! –  
деп тебіренуі содан болса керек.*

Сөз соңында айтарымыз, облыстық әдебиет және өнер музейі мұрындық болып, осы бастан ескінің көздері – ақсақалдарымыздың әңгімелерін, есіндегілерін жинастырып, топтастыра берсе өте дұрыс болар еді. Бұл тек Ыбекене ғана қатысты емес, жалпы Көкше зиялылары жөнінде айтылған ой.

Және бір көңілді тоқтататын мәселе – Үкілі Ыбырайдың мұрасын қазіргі және келесі ұрпақтардың игілігіне жарату. Біржан салдың 150 жылдығына байланысты «Өнер» баспасы шығарған «Ләйлім шырақ» атты жинағы қолымызға тигенде қуанып қалдық. Соңғы жылдарда бұдан басқа Балар жыраудың, ақын Сараның, Ақан серінің кітаптары жарық көрді. Үкілі Ыбырайдың мерейтойына орай оның шығармалары толық жинақталып, халқының қолына тигсе нұр үстіне нұр болар еді.

*«Көкшетау», 22.06.1990 ж.*

## БОРАНБАЙДЫҢ ӨЛЕНІ

Адам баласының басынап өткен талай қырғындарды ішінде 1941-1945 жылдардағы соғыс тым сұрапыл, тым жойқын еді. Ертеректе жүз мыңдаған адамның ұрыс даласында құрбан болғанын жылнамашылар жағасын ұстай отырып хатқа түсірсе, екінші дүниежүзілік соғыста шейіт болғандардың саны ондаған миллиондай есептеледі. Солар да болар XX ғасырдың басты қырғыны, қай халықтың болмасын санасын қопарып өтіп, бітпес жарадай із қалдырды.

Екі ғасырдан аса жүрген қазақ - қалмақ соғысынан кейін біздің халық бүкіл ел болып, қолына қару алып жер қорғамаған екен. Орыс отаршыларына қарсы әр жерде бұрқ ете түсіп отырған көтерілістер, тіпті онжылдық Кеңесары қозғалысы да, алаштың бар баласын атқа қондырған жоқ. Сондықтан фашистердің шапқыншылығы ел басына төнген алапат пәубеттей көрінгені заңды болса керек. Міне, осы тұста қазақ азаматы майдаға аттанарда да, соғыс даласында жүргенде де, басына іс түскенде де бабалар дәстүрін еске алған екен: алланың халқымызға берген сыйы - тіл байлығы арқылы, қазақтың қайран қала өлені арқылы қилы заматта өз көзқарасын білдірген екен. Дүшпанға дағнетін айтып, артында қалған еліне, туған - туыстарына сағынышын білдіре отырып, жауды жеңбей қайтпайтынын жеткізген.

Фольклор мамандары, халық музыка мәдениетін зерттеушілер соғыс жылдарындағы дүниеге келген осынау ұлап-ғайыр өлең-жырларды бүтін бір құбылым деп, қазақ өнерінің ерекше бір жаңыры деп танып жүр. Өзіміз де бала жасымыздан пәленшенің өлең-хаты, түгеншеснің шығарма өлеңі дегенді ойын-тойларда талай естіп, орайы келгенде айтып өстік. Әрине, ол кезде өлеңнің сөзіне, қандай себеппен, тіпті кімнің шығарғанына мән бере бермейтін кез той. Әйтпесе естісімен қағазға түсіріп алушы едік те, бүтін ідегі сол бір інжу-маржандарды күндіз шырақ алып іздегендей болмас едік.

Соғыс кезінде туған мұндай өлең-хаттар қазақ ауылының қайсысына бармаңыз кездесе кетері хақ. Біздің Әлжан ауылында да олар баршылық, бірақ солардың ішінде неғұрлым көп тарағаны, неғұрлым белгілісі әрі әсерлісі «Боранбайдың

өлеп» деп аталатын шығарма өлең. Оның себебі де болса керек. Көркем сөз өнері, әсіресе, өлең шығару екінің бірінің қолынап келе бермейтін өнер ғой. Бұл үшін құдай берген таланттан басқа біршама өмірлік тәжірибе, білім, дүниенің оны мен солып бақайлап білетін көзі ашық көкірек керек. Сондықтан да шығарма өлеңдердің көркемдік деңгейі, идеялық тереңдігі мен поэтикалық құрамы әртүрлі болып келетіні заңды. Өйткені оларды шығарған кәсіпқой, тосалған ақындар емес, дәуір дауылына тап болған қарапайым біршілік иелері ғой.

Міне, осы тұрғыдан келгенде жоғарыда аталған өлең-хаттың әжептәуір шымыр екенін көреміз. Басқаша болмаса да керек. Ендігі үлкендердің айтуына қарағанда, Боранбай ағамыз өз заманындағы еті тірі, алғыр, кәдімгі «сегіз қырлы, бір сырлы» азамат болыпты. Шалқар, Айыртау сияқты маңайындағы орыс елді мекендерімен аралас, кей адамдары тамырлас болған. Борекеңе де орыс ауқаттыларының есігінде жүруге, сол жашындық өмірдің салқынын біраз көруге тұра келсе де, олардың тілін игеріп, дәстүр-ғұрыптарын, мәдениетін үйренеді. Табиғатынан өнерге бейім, домбыраны әжептәуір тарта білетін жасөспірім орыстың сырлайын құйдылжытатын дәрежеге де жеткен. Замандастарынан көш ілгері сауатын ашып, Кеңес өкіметі жүргізіп жатқан рухани өзгерістерді сезімтал жанымен қабылдай, түйсіне біледі. Ол кісінің жүріс – тұрысы, киім киісі мен шаш қойысы сол кездегі халқымыздың Сәкен, Лияс секілді серкелерін еске түсіруші еді, дейді көргендер.

Отызыншы жылдардың басында колхоздастыру, біржолата отырушылыққа қошу басталғанда ілгеріректе «Қаратал», «Бүйректал», «Отынаған», «Қараған», т.с.с. жерлерді ата-ата болып мекендеп жүрген қалың Сәберлі елі Ақсораң биігінің стегіне, Ақкөлдін жағасына қоныстанып, бүгінгі Әлжан аулының іргесін қалайды. Жана құрылған ұжымдық шаруашылыққа басшы тандап сайлау мәселесі күн тәртібіне қойылғанда, әрине, Жайлаубайұлы Боранбайдың аты бірден айтылады.

Көзі ашық, шаруашылыққа икемді азамат өзіне жүктелген жауапты жұмысты аз-ақ уақытта игеріп әкеткен. Көп ұзамай колхоздың тасы өрге домалап, талай-талай игі істер атқарылған, халықтың тұрмысы кәдімгідей қоңдана бастаған. Сол кездердің өзінде салыпған дүкен, ұстахана,

астық қоймаларын бала кезімізде көзіміз көрді. Орталау мектеп, колхоздың кеңсесі, ауыл клубы да бертіңге дейін болды.

Жаңа құрылған колхоздарды техникамен қамтамасыз ету басталғанда ең алғашқы трактор мен автомобильдерді Әлжан ауылы алыпты. Бұл, сөз жоқ, Боранбай ағайдың беделі мен алғырлығының арқасында болған жәйт. Жалпы, Сталин атындағы колхоз (сіміздің бұрынғы аты) сол кездегі облыс бойынша өте жақсы дамыған, маңдайалды шаруашылықтардың қатарында санатпа.

Елдегі қариялардың тағы бір сүйсіне еске алып отыратыны – Бөрекеңнің өнерге құштарлығы. Шаруашылықты мықты жүргізе білуімен қатар ол бұл салаға да көп көңіл бөлсе керек. Кешке жұмыстан кейін ауыл азаматтарын, жастарды жиып, қазақтың ұлттық ойындарын ойнататын, жиі жиі концерттер ұйымдастыратын болса керек. Және осынау сауық-сайрашын да басы болып өзі жүруші еді, дейді көнекөздер.

Кейінірек, соғыстың алдында Боранбай ағай «Қазақстан» ауылына (Көкшетау ауданы) басқарма сайланады. Ұлы Отан соғысы басталғанда, елге де келе алмай, майданға сол жақтан аттаныпты. Әттен, асыл азаматқа қайтып туған жердің топырағы бұйырмады. Халқымыздың азаттығы үшін жанын киган 68 ақжандықтың ішінде Боранбай ағай да бар. Бұл жөнінде «Боздақтар. Көкшетау облысы» деп аталатын ескерткіш кітапта былай делінген: «Жайлаубаев Боранбай, аға сержант, 1904 жылы Әлжан ауылында туған, қазақ, колхозшы. 1941 жылы тамызда Көкшетауда әскерге алынып, 1942 жылы қазақ майданында қаза тапты. Ленинград облысының Кулаково деревнясында жерленген» (1-том, 254-бет).

Бөрекеңнің майданнан жазған хаттарында өлең жолдары жиі болса керек. Ол кісі бәлкі елге, отбасына деген сағынышып, жаудың жеңілетінше сенімін өлең сөзбен, көркем оймен өріктеу әсерлірек, артындағыларға рух беруге дұрысырақ деп есептеді ме екен. Тіпті кейбір қарапайым, күнделікті тіршілік түйткілдері көрінетін жәйттерді де ырғақты ұйқасқа салып жіберетіні бар. Мысалы, соғысқа аттанғаннан кейін төрт-бес айдан кейін әйеліне жазған хатында мынадай шумақтар бар.



*Тавсырмаймын баланы,  
Асқар мен Сараны.  
Аламды күтсең – мен ризи  
Оның қоңілі жаралы.  
Мен түсімде мініп жүрмін,  
Бір ала көк жүзірік ат,  
Сол түсімді жоры да  
Жауабын бер жазып хат.  
Қыс балды қой жауып қар,  
Болсын алла өзі жас.  
Есжандардан хат бар ма  
Бірге кеткен пара-пар?*

Сонау алыстағы Калинин майданына Аксораның етегіне жиі келіп жататын үшбұрыш жауынгер хаттарында осындай шумақтар көптеп кездесер еді. Солардың ішінде көлемі үлкені де, күні бүгінге дейін мәнін жоғалтпай ел арасында өмірлік әдемі әнімен айтылып жүретіні де – біз әңгіме қылып отырған шығарма өлең. Әрине, оның толық тексті қазір ілуде бірер адамдарда, ел аксақалдарының бірінің отбасында ғана қалуы мүмкін. Біз алғашқыда біршама толықтау деген нұсқасын елдегі Хамзин Серік деген азаматтың үйінен таптық. Оның әкесі марқұм Қаппас деген кісі көзі тірісінде ел аузындағы дүниелерді, кюсса-дастандарды қалың дәптерге жазып жүреді екен, өзінің де ептеп ұйқас құрастыратын қабілеті болған. (Осы кезде халыққа кеңінен таңымал болған «Наурызбай – Қаншайым» дастанын, Бадуан Шошақтың ұзақ өлеңін, Ақан сері мен Темірбектің хағыстарын, басқа да біраз беймәлім дүниелерді сол қалың дәптерлерінен кездестіріп едік).

1995 жылы жерлес музыкаталушы-фольклорист Гүлсім Байтенованың «Ортеңге өскен қызғалдақтар...» атты кітабы жарық көрді, оған сол соғыс кезінде шығарылған 90 хат-өлең топтастырылған болатын. Кітапқа 19- нөмірмен кіргізілген «Боранбай Жайлаубасовтың соғыста шығарған өлеңі» манағы Қаппас ағайдың дәптерінен алып біз ұсынған варианты еді. Өкінішке қарай, бұл нұсқа, біріншіден, толық емес екен, екіншіден, кейбір шумақтардың орны ауысқан, ал енді бір жолдар мүлде қате жазылған болып шықты.

Бұдан кейінірек тағы бір-екі мәтін қолымызға түскенде көзіміз жетті. Ал күмәнымызды біржола ссйілткен

Борекеннің артында қалған жалғыз ұлы Асқармен кездесу болды. Бұл кісі қазір Көкшетауда тұрады, ұлын ұяға, қызын княга ұшырған зейнеткер, ел ағасы жаста. Асқармен өксінің өленін қарап шығып, үстінен қалам жүргізді, түсіп қалған шумақтарды қосты, өлеңнің ішкі логикалық тұтастығын, байланысын орнына келтірді. Сонымен оқырмандарға Боранбай ағамыздың шығарма өленін толық түрінде ұсынуды жөп көрдік. Әрине, ол кісі өз заманының, өзі тәрбиесін көріп өскен саяси жүйенің адамы болғандықтан, шығарманың кей тұсынан сол кездің лебі есіп тұрады. Қазіргі құлаққа бұл тосындау естілгенімен, ол үшін авторды жазғырудың еш қисыны жоқ екені өзінен-өзі түсінікті деп ойлаймыз.

*«Азырақ сөз жазайын алып қалам,  
Уайыммен ала қайғы көңіл алаң.  
Іштегі қайғы – шерді тарқатайын  
Қисындап тізбектеуге келсе шамам,  
Азырақ мен жазайын іштің зарын,  
Уақиға бастан кешкен істің бәрін.  
Замандас, аз әңгіме мен айтайын  
Тыңдасаң құлақ салып жас пен кәрің.  
Жасады жиырма төрт жыл совет елі,  
Батыс пен шығысты алған байтақ жері.  
Көп ұлтты бір кісідей теңдікте ұстап  
Бастаған Сталиндей кемеңгері,  
Әлемге бейбіт жатқан заман туды,  
Білімнің бұлағымен бетіп жуды.  
Мәдениет байлықпенен бірдей өсіп  
Біз тіктік алтындаған қызыл туды.  
Талайды қызықтырды біздің байлық,  
Немістер шарт жасалуды көрді лайық.  
Он жылдық Гитлердің уәде – шарты  
Болды ғой мезгілі оның он-ақ айлық.  
Гитлер жоспар құрды аламыз деп,  
Советтің байтақ жерін шабамыз деп,  
Мәскеуден ат үстінен тамақ ішіп  
Күн бата Дальний Восток барамыз деп,  
Осындай бекітілті қатты план,  
Қан ішіп қаруланған бұл сұр жылдан,  
Айната шекараға жез жасаптан  
Жүз жетпіс дивизия шеп қып құрған.*

Июньның жиырма екісі таңға жуық,  
Сол түні неміс кірді белін буын.  
Халықты бейбіт жатқан баса-көктеп  
Үйінен жас-кәріні шықты қуып.  
Хабарсыз мына неміс бізге шапты,  
Бұл сағыс ешкімге де емес бапты,  
Дәндеген ұсақ елден құтырған ит  
«Жеңетін оңай елді» және тапты.  
Ондаған ұсақ елді басып алған,  
Озине аларды да қосып алған.  
Ақ Фин мен Румыния құзғындарын  
Айтақтап екі шеттеп және салған.  
Июльдің он сегізі набор болды,  
Сол түні сағат бесте хабар болды.  
Қысқа таң түніменен амаңдасып  
Таң ата Кокшетауға тарттық жылды.  
Наборға жиырма екі жігіт лекті,  
Душпаннан аламыз деп енді кекті.  
Қол айтып, қол ұстасып, бақулдасып,  
Батысқа тәуекел деп сапар шекті.  
Аман бол жолыққаниша Жаңабайым,  
Келмей тұр сен кеткен соң менің жайым.  
Жан бауырым, жалғыз бауырым, сен келгенше  
Ағаңа енді түсті сары уайым.  
Апырмай, мына заман осылай ма,  
Жау иттің беті қайтып тосылар ма?  
Жан бауырым, қатер жолға сапар шектік  
Басымыз қосылатын күн балар ма?  
Ағалар, тыңдаңыздар мына кепті,  
Өз ісі құдыреттің бәрі етті.  
Бәнілдек, Қазез, Жүзжан, Сейітжандар  
Айырылып жігіттерден бөлек кетті.  
Мұғыжан, Есжан, Қасым құрдастарым,  
Бірге өскен бала жастан мұңдистарым.  
Кәдіржан, Шәріп, Мақы, Қижихмет  
Тілеймін аман болсын бір бастарың.  
Серікбай, Әйкен, Әбу, қарақтарың,  
Шуланып мекен болды барақтарың,  
Қалжыран, ел сағынын зарыққанда  
Ел жақтан хат келед деп алақтадым.  
Рахман, Кенже менен Дәрібайым.

*Келмей тұр сендер кетіп менің жайым,  
Кешіңдер жаман айтпай жақсы болмас  
Бәріңе ұрсушы едім әрідайым,  
Қайырбек, Алышбай мен өзгелерің,  
Кім білер қандай істің кез келерін,  
Артында барша халық тілеп отыр  
Жеңіспен есен-аман тез келерін,  
Қосылды екі жігіт Кокшетаудан,  
Білімі биік болар асқар таудан,  
Кәрімжан, Шаймұраттай жан достарым  
Кек алар уақыт жетті енді жаудан,  
Ойнады Қызылжардың қаласында,  
Ағаштың жарға біткен саласында,  
Туғанын, елі-жұртын сағынбайтын  
Жан бар ми адамзаттың баласында,  
Көндік қой мойнымызға сағаннан соң,  
Әскерге қызметке алғаннан соң,  
Көңілім ойламасқа шыдатпайды  
Екі үйім иесіз боп қалғаннан соң,  
Сұрасаң осы күні біздің халді,  
Қиямыз Отан үшін қасық қанды,  
Мехнат, көрген бейнет ештеңе етпес  
Бір Алла қалдыра гөр шыбын жанды!»*

Иә, бүгінгідей бейбіт күндерде Отан үшін шайт болғандардың өздерін, олардың ерліктерін ғана емес, сонымен қатар, рухани қадыр-қасиеттерін, өнерге толы қырларын да еске алу қазіргі ұрпақтың парызы болса керек.

*«Солтүстік Қазақстан», 27.08.1997 ж.*

## АУЫЗБІРЛІККЕ ЖҮГІНЕЙІК, АҒАЙЫН!

Сайлау алдындағы науқанның көрігі қызын-ақ тұр. Журналист қауым оны аламан бәйгемен де, қап тасытар дода-жарыспен де теңеп жатады. Десе, дегендей ғой. Және бұл жай ғана текетірес емес, ақыл- парасат сайысы, халық алдындағы осы күнге дейін сіңірілген еңбектің салмағын, жиһалған абырой-беделдің өлшемін көрсететін ерекке бір құбылыс екені анық.

Мінс, халық әр үміткерге, оның қарым-қуатына, сайлау алдындағы бағдарламасына осы тұрғыдан қарайды, баға береді, түптің түбінде таңдау жасайды. Сол себепті де депутаттыққа кандидаттардың қайсы болмасын көпшіліктің жіті бақылауында, сыни көзқарас нысанасында тұр. Ал әр мандат үшін биылғы талас бұрын-соңды болып көрген емес. Мәселен, тек № 1 Ақмола сайлау округі бойынша ғана 14 адамның тартысқа түсуі бұдан бірер жыл бұрын тіпті түске де кірмейтін жайт ғой. Басқа округтерде де, облыстық, аудандық, қалалық мәслихаттардың кандидаттары бойынша да ахуал осындай.

Жаңағы 14 адамның тоғызы өзіміздің ағайын да, қалғандары өзге ұлт өкілдері. Енді әңгімесі осы бір статистика төңірегінде өрбіейікші. Біздің қандастарымыздың билікке ұмтылғыштығы, мансапқа жақын тұратындығы басқалардан кем дегенде екі есе артық екендігі осыдан-ақ көрініп тұрған жоқ па? Ал, енді солардың қайсын алмаңыз, өзіп өзгеден кем санамайлыны тағы бесенеден белгілі. Өткен, қазекемнің жиі ұтылып, ұпайдан айырылып жататындығы да осы бір өзімшілдік, тіпті кеудемсоқтық сезімнің шырмауында қалатындығынан-ау. Сойтіп көп жағдайда басқа жұрттар бізге қолын бұлғап, өздері оқ бойы ұзап кете барады.

Шіркін-ай, деймін-ау, егер осы тоғыз ағайынымыз бір шанырақта бастарын қосып, мынадай бір мәміле жаса-са ғой. Қай, бауырлар, осы бір тілдей депутаттық мандатты көкпарша талалайға салғанда бірсеуімізге де бұйырмай, басқапың олжасына айналуы мүмкін екен, ендеше кел, ақылға салайық, ортамыздан бір серкесізді ғана қалдырып, бәріміз соның тілеуін тілейік десе. Әй, ондай күн қайда!...

Ал шешуші қауым, яғни сайлаушылар биылғы сайлау жөнінде не ойда екен? Шынтуайтқа келгенде, олар әр кандидаттың бағдарламасын бүге-шігесіне дейін біледі, салыстыра сараптай алады деу қиын. Талдап, жіліктесп сұрай

бастасаң: «ой, қойшы сол қағаздарыңды, инкубатордың балықандары сияқты біріне-бірі ұқсаған дүние той» деп қол сілтей салары хақ. Әрине, мен депутат болып жарытпаймын, қолымнан түк келмейді деп ешбір кандидат жалбайды той, керісінше, қой үстіне бозторғай жұмыртқалатамын, халық үшін шыбын жанымды бес жыл бойы «перекурсыз» шырылдағамын дейді. Уәдесін қалай жүзеге асырады, мұның тетік механизмі қандай – бұл турасында тиянақты бір уәж болсайшы. Ең бастысы сайлану, ар жағын қалай «катырады», оны тағы көрс жатарсыздар дегендей.

Жа, бұған да көнейікші, әйтеуір бір адам қайткенде де сайлануы керек қой. Тек мәселеге тереңірек үңілсек. Экономиканы, әл ауқатты көтеру қажет, бұл талас тұдырмайды. Ал, осы халықтың, әсіресе, қазақ мемлекетінің негізін қалайтын ұлттымыздың тілі мен ділі жөнінде шырылдаған кандидат қордіңіз бе? Некеп-саяқ, ілуде бірін-саран бқиар болса. Өйткені саясат дейтін сайқаң үшін бұл – «плюс» әпермейтін жаңр көріледі. Шіркін, тәуелсіздік алған алғашқы жылдардағы Жаңарғы Кеңестің, Парламенттің депутаттары болған Сартаев, Мұртаза, Қозыбасев, Әбділдин сияқты марқасқшардың тініміз, елдііміз, ұлттығымыз үшін тайыпбай жүргізген күрестері, батылдығы мен мәрттігі осындайда еріксіз ойға оралады. Гасыр басындағы Алаштың аяулылары негізін салған ұлтсүйгіштік мектеп дәстүрлерін жалғастырушылар емес не бұлар. Неге осы ұлы шоғырдың қатарын толтыруға ұмтылмасқа?

Оңсыз да сан жағынан кеміін жатқан ағайындарымыздың сайлауға деген белсенділігі бссенеден бөлігілі, сонда жаңағы тоғыз үміткерге бөлініп, лышыран кететін дауыстар не шешнекші? Ал қалған бес кандидаттың әрқайсысының үлесіне тиер дауыс, жаңаны тоғыла кіретіндердің әрқайсысы жинайтын дауыстан көп болатыны түсіндіруді қажет етпесе керек. Нақ осы мақсатпен өзге ұлт белсенділері маңсапқұмар ағайындарымыздың желікті көңіліне жел беріп, жорға қолпантан, жер-көкке сыйғызбай мақтап, қазақ үміткерлерінің саңып жаңағыдай пиғылмен көбейту үшін қатты жұмыс істеген деген де қауесет бар. Кім біледі, жаушынан кейін қаптайтын саңырауқұлақ сияқты мандаған дәмелі қандастарымыздың қазіргі қатарына карағанда, солдай да болып қалар деп сенбеске лажың жоқ.

Мен есте де ұлтшыл емесінім, керісінше, қос халықтың тілін қоса меңгеріп, мәдениеті мен өркениетінің нәрің тег емген адаммын. Сондықтан екі бүйрегім екеуінікі, бұрады

да тұрады. Бірақ жүрек шіркін біреу-ақ қой, ал ол туған ұлтымның енісі екенін неге жасырамын? Сол себепті кейбір кандидат, айталық, өзі орыс ұлтының нақты өкілі болмаса да соның жыртысын жыртып, тілің мемлекеттік мәртебе әперемін, өзлеріңді автономия ғып бөліп шығып, өз қотырыңды өзің қаситыңдай етемін деп байбалам салу арқылы ұпай жинауға тырысуы, енді мұның тым артық екендігін, тіпті арандаумен пара-пар екендігін қалай айтпаймын.

Мұндайлардың есебі – ұлттық қарғаны «көзір» етіп алып, биліктің Халтөңірінен бір-ақ шығу. Еліміз егемендік алғаннан бері сарнағып келе жатқан бұл «әләуәйдің» осындай саяси науқапта қайта тіріліп шыға келетіні, тіпті жақтастар табуы үйреншікті болғанымен, салдары сергелденге түсіретінін көріп жүрміз. Мысалды алыстап іздеудің де қажеті жоқ – Көкшетау қызылқандық мәслихатының құрамы, оның күні бүгінге дейінгі қызметі дәлел. Мұндай «ұлгінін» Мәжіліс шаңырағына ауысып кетуінен құдай сақтасын.

Біздің өңірдегі демографиялық ахуалға, ұлттардың құрамына реалистік тұрғыдан келу керек. Қазақтардың үлес салмағы әлі елу пайызға да жетпей тұрғанын осындай аса маңызды қоғамдық-саяси науқан тұсында, әсіресе ертең шығармауға тиіспіз.

Сол себепті де басқа ұлт өкілдері, орыс ағайындар жөнестіндей жағдайға шын көз жетіп тұрса, тандауымыз да ерекше болғаны абзал ғой. Болашақ депутаттың өмірлік тәжірибесі, ақыл-парасаты мол, өз жеріміздің тумасы, барлық жерлестерінің мұң-мұқтажын, мақсат мүддесін жақсы түсінетін адам болғандығын ескеру қажет. Бұл тұрғыдан келгенде Владимир Борисович Косаревтің асығы алшысынан түскенін қалар едік, өйткені, ол жаңағы талаптар деңгейіне толығымен сәйкес келіп тұрған азамат. Кезінде «Көкшетау» қозғалысын құрып, қаламызға өз мәртебесін қайтаруға ат салысқан азамат. Сондықтан қалай болғанның өзінде де осы кісіге дауыс беруіміз дұрыс болар, ағайын!

Қайткенде де, бауырлар, ертең қапы қалмайық. Бюджеттен тастайтын кабинаға келгенде тұжырымды оймен, әбден ойланып-толғанып, «жеті олшеп, бір кесіп» дегендей, педшімен келген дәзім. Өйткені, келер ғасырдың бетін апар толыққанды Парламент қалыптастыру әрқайсымыздың саяси белсенділігімізге һәм көргендігімізге, азаматтық позициямызға байланысты.

*«Арқа ажары», 07.10.1999 ж.*

## ГИБРАТЫ МОЛ ЕСТЕЛІКТЕР

Жуырда «Атамұра» баспасы бір тамаша кітапты жарыққа шығарды. Ол – аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, ғұлама тарихшы әрі энциклопедист ғалым, Қазақстан мемлекеттік сыйлығының Ізін Президенттің бейбітшілік және рухани келісім сыйлығының лауреаты, академик Манаш Қабанұлы Қозыбаев туралы «Жұлдызы жанған ғұлама» атты қазақ, орыс тілдерінде жазылған естеліктер жинағы. Құрастырған ғалымның туған інісі, Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік Ұлттық университетінің кафедра меңгерушісі, тарих ғылымдарының докторы, Қазақстан журналистика Академиясының президенті Сағымбай Қозыбаев.

Бүгінгі қазақ қауымына Мәкеш туралы тәптіштеп айттып жатудың қажеті жоқ деп ойлаймыз. Бұл орайда кітапқа алғы сөз жазған Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Иманғали Тасмағанбетов «...Манаш ағамыз Алаш ақтандақтарын халқына таптып қана қоймай, сонымен қатар Алаш азаматы деген асыл ұғымды да қайта жаңғыртқан зиялы тұлғалардың бірі болды», - деп деп басқанын келтіргенді жөн көрдік. Ал Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрі Мұхтар Құл-Мұхаммедтің абзал ағамызды «академик қана емес, адам-академия» деуі осынау тұлғаның шынайы бағасы болса керек.

Кітапқа асыл абыз, біртуар ғалыммен бірге қызмет іткерған әріптестерінің, жақын, аралас болған дос-жарандарының, ағайын-туыстарының, шәкірттерінің жан-тебіренетер, жүрекжарды естелік әңгімелері енгізіліпті. Олар «Гүлға» («Личность»), «Тарихымыздың Тарлағы» («Во главе отечественной истории»), «Азамат» («Гражданин»), «Ұстаз» («Учитель») және «Есімізде әрқашан» («В памяти нашей») деп аталатын бес бөлімге топтастырылған.

Жарты ғасырлық ғылыми, шығармашылық ғұмырында академик М. Қозыбаев мыңға жуық еңбек жазыпты. Олардың көпшілігі Ресей, АҚШ, Қытай, Түркия, Иран, Корея, Украина, Белоруссия, Армения, Өзбекстан, Қырғызстан, тағы басқа елдерде басылып шықты. Бұлардың қайсысын алсақ та қыруар қазына, асыл мұра, кейінгі ұрпақтарға аманат екені айдай ақиқат. Ғалымның тарих қыртысына тұңғыш



болып түрсіп салған және салып қана қоймай болашаққа жол сілтеген батыл тұжырымдар, дәлелді деректер, салтикалы ойлар айтқан тұсы қаншама?! Сол себепті ол кісінің әріптесі, академик Кенжеғали Сағадиянның «...ерен еңбектің иесі және де тарихшыларымыздың қолбасшысы академик М. Қозыбаевтың «Қазақ тарихының Колумбы» болды деуге біздің толығынан дәлеліміз бар», - деуін объективті толғаныстан туындаған сөз ретінде қабылдаймыз.

Көкіпеліктердің есінде болар, 1991 жылы тамыздың 2-сінде қаламызда Абылай ханның 280 жылдығына арналған, сондай-ақ 1992 жылы маусымның 13-інде Кенесары Қасымұлының 190 жылдығына арналған ғылыми-практикалық конференциялар өткен еді. Мәртебелі жиындарға еліміздің пелер зиялы қауым өкілдері, ғалымдары мен әдәбиетшілері бас қосып, осынау біртуар тұлғалардың Алаш тарихындағы алатын орнын, халқына сіңірген еңбегін үлкен әңгіменің арқауы еткені мәлім. Екі конференцияда да Мәкеннің жасаған баяндамаларын тыңдап, тамсанғанымыз әлі есімізде. Бізді ерекше тәнті еткені – ол кісінің ғылыми тұжырымдарының тереңдігі мен тыңнан ой түзуі ғана емес, баяндаманың қазақ тілінің інжу-маржандарынан теріліп, халықтық эпос-жыр үрдістерімен үндес болуы, кәдімгі Шалкиіз, Бұқар, Үмбетейлерше төгіліп отыруы еді. Шынында да, бұрын-соңды мұндай шешендік кездестірмеп едік. Жиналған қауым тұлғаманың әр ойын қызу қол шалақтаумен, ризашылықпен қолпапшап отырды.

Міне, сол қайрап Мәкеннің дүниеден өткеніне де бір жылдан асып барады. Білетіндердің, араласқандардың, жақын болғандардың айтуынша, Манап ағамыз тек асқан білімдар ғалым ғана емес, тәп-тәуір ақын да болған. Сүйікті жар, аяулы әке, тәлімі дария ата екендігі өз алдына, сансыз шәкірт тәрбиелеген габратты ұстаз, жүрген жеріне ізгілік пен мейірімділік шуағын шашқан, адам баласына тек жақсылық жасауды ғана білген ғаламат жүрек иесі.

Естеліктерді оқып отырғанда ұлы адамның осы қасиеттері бар бойымысымен көз алдына келді, соған сілктеуге өзінді ұнтыдыратын сезім пайда болғандай, сол кісідей болуға ұнтығатындай әсер аласын. Сонысымен де бұл кітаптың оқырмандарына, әсіресе, өскелең ұрпаққа, өмірін ғылымға, сілне арнағысы келетін жастарға берері ұшан-теңіз дер едік.

*«Арқа ажары», 26.04.2003 ж.*

## ПОЛИТИКА ГЛАЗАМИ ЖЕНЩИН

Перемены последних лет оказали существенное влияние на отношение женщины к семье и общественному труду, заметно политизировали женское сознание, побудили их к активным политическим действиям. Социологическая группа нашего управления провела специальное исследование. Основываясь на результаты опроса, она предприняла попытку определить уровень активности и роль женщины в политической жизни общества, изучить, насколько активно проходит процесс политизации женского сознания, активизации политического поведения женщин нашей области. Методом квотной выборки было опрошено 127 женщин в городах Кокшетау и Степногорске, Атбасарском, Сандыктауском, Есильском и Енбекшильдерском районах.

Как показали результаты социологического исследования, политическое поведение женщины (в качестве одной из характеристик социальной роли) можно оценить по участию или неучастию женщин в организованных формах политической жизни, то есть по их принадлежности к партиям и политическим организациям, электоральному поведению, формированию политических установок и общественного мнения. Концепция политического участия, которая рассматривается в рамках феминистской политической теории, подразумевает не только электоральную активность, но и возможности, желания женщины использовать политические организации и процессы с тем, чтобы сделать их политические предпочтения видимыми и в конечном счете влиять на других.

В качестве социальных индикаторов политического поведения женщин могут служить общественное мнение различных групп женского населения, уровень включенности женщин в деятельность политических партий и общественных движений, а также активность участия в выборах. Хотелось бы подробнее остановиться на рассмотрении социальных индикаторов политического поведения женщины на основе результатов опроса. В соответствии с первым индикатором, женщины, как социум, выступают самостоятельным субъектом – носителем общественного мнения. И поэтому интересно изучать состояние массового женского

сознания, отношения различных групп жепского населения к проблемам, событиям, явлениям социальной действительности, к политическим процессам в обществе. По данным опроса, подавляющее большинство женщин отметили свой интерес к политике. Так, постоянно интересуются политическими событиями, происходящими в стране, 54,3% женщин, от случая к случаю – 34,6%. аполитичной позиции придерживаются 6,4%, затруднились ответить 4,7%.

Анализ результатов опроса позволяет выделить три группы респондентов о степени заинтересованности политическими событиями. К первой относятся женщины, которые проявляют постоянный интерес к политике и являются наиболее политизированными. Это, как правило, работники органов государственного управления (53,3%), правоохранительных структур (37,1%), руководители организаций (26,7%), респонденты в возрасте от 30 до 49 лет. Вторую группу составляют женщины, которые интересуются политическими событиями от случая к случаю. К ним относятся работники науки, образования, культуры (15,7%), здравоохранения (14,5%), занятые в сфере торговли (13,6%), рабочие промышленности, строительства, жилищно-коммунального хозяйства (9,1%), предприниматели, коммерсанты (6,8%), работники транспорта и связи (4,5%), со средним и незаконченным высшим образованием, жительницы в основном Есильского и Сандыктауского районов. Третью группу респондентов, которые придерживаются аполитичной позиции, составляют пенсионеры (12,5%), безработные (9,3%), домохозяйки (7,5%), студенты (7,3%), женщины с неполным средним и общим средним образованием, молодого и старшего поколений, главным образом, жительницы Енбекшильдерского района.

Сравнительный анализ 2000 и 2002 года позволяет сделать вывод, что настоящий период характеризуется тенденцией повышения интереса женщин к вопросам политической сферы. В 2000 году наблюдался обратный процесс: интересовались политикой постоянно 7% из числа опрошенных женщин, 57% - в незначительной степени, 36% были безразличны к данному вопросу.

Под включенностью женщин в политические партии и общественные движения понимается, в первую очередь, членство в партиях и общественных объединениях,

морально-идейная поддержка деятельности какой-либо партии без оформления участия в ее деятельности как потенциальная социальная база этого движения, отказ в поддержке партии или движения. Членство в партиях и общественных объединениях обычно подразумевает реальную включенность и реальную базу социальной поддержки этих общественных формирований женщинами. До последнего времени в Акмолинской области функционировали 133 общественных объединения, 8 филиалов республиканских политических партий. Женскими организациями в области являются «Феминистская лига», «Лига женщин-мусульманок», «Ассоциация деловых женщин Казахстана», «Центр по поддержке женского предпринимательства», ОО «Движение «Женщины Казахстана» и «Женский луч» (г.Степногорск).

Итоги социологического исследования показали, что уровень информированности самих женщин об объединениях, занимающихся проблемами женщин, достаточно низок – только 36,2% опрошенных знают о существовании таких организаций. Наиболее информированными являются работники органов государственного управления (27%). Однако, если учесть уровень их образованности, специфику работы, круг общения и т.д., то необходимо отметить, что этот показатель все же довольно низкий. Параметры информированности поселенческой структуры колеблется от 53% (жительницы областного центра) до 2,2% (женщины Енбекшильдерского района). Для жительниц остальных регионов характерен средний уровень информированности.

Рейтинг организаций, занимающихся проблемами женщин. % (без числа затруднившихся ответить)

1. ОО «Ассоциация деловых женщин Казахстана»	9,4
2. Акмолинская областная комиссия по делам семьи и женщин	7,8
3. ОО «Центр по развитию женского предпринимательства»	6,5
4. ОО «Феминистская лига»	5,2
5. ОО «Женский луч»	3,5
6. Отделения по борьбе с насилием против женщин при УВД, РОВД	2,7
7. ОО «Лига женщин-мусульманок»	2,5
8. ОО «Движение «Женщины Казахстана»	1,5

Уровень политической активности потенциальных членов партий или движений Акимовской области наиболее четко характеризует тот факт, что лишь 2,7% опрошенных женщин готовы вступить в любую партию или движение. По сравнению с реальными и потенциальными членами политических и общественных объединений наиболее активно формируется антибаза партии. По результатам опроса, негативных позиций по отношению к партиям и общественным движениям придерживаются 24,6% опрошенных женщин области, которые не желают поддерживать какую-либо партию и вступать в ее ряды. Нейтральной позиции придерживаются 30% женщин, затруднившихся ответить.

В условиях социально-политических преобразований меняются и формы политической активности. Так, при проведении выборов во властные структуры политическая активность может проявляться через участие в выборах, в электоральном поведении. Женщины области по своей численности превышают мужчин, следовательно, они являются самой многочисленной социодемографической группой электората. Как показывают данные опроса, значительная часть женщин (54,3%) не смогла определенно сказать, какова их роль в создании демократического общества. 23,6% респондентов не видят приложения своих усилий в процессе реформ, и лишь одна седьмая часть (12,6%) женщин ощущают свою сопричастность к процессу демократизации.

Подводя итоги, следует отметить, что уровень включенности женщин в политическую жизнь еще невысок, а это, в свою очередь, свидетельствует о медленных темпах политизации женского сознания. Процессы демократизации выдвинули для женщин новые условия. Это, прежде всего, необходимость участия в политической жизни на уровне принятия решений и психологической перестройки для более эффективной социально-политической адаптации на современном этапе, создания условий для повышения статуса и роли женщины в обществе и на политической арене. Низкий уровень вовлеченности женщин в политическую жизнь общества подтвердили и мнения самих респондентов. 32,3% опрошенных считают степень участия женщин в политической жизни средней, 54,3% находят ее совсем низкой.

Возникает резонный вопрос: какие причины препятствуют активизации политического поведения женщин Ак-

молинской области? Как показывает анализ, на первый план выступает рационально-критическая причина: меньшая уверенность женщин в своих делах – 55,1%, вторым фактором являются трудности в совмещении ответственной работы с семейными обязанностями, недостаток времени – 34,6%.

Можно сделать вывод, что классические стереотипы все еще устойчивы в женском менталитете. Женщинам свойственна низкая самооценка по сравнению с мужчинами, и потому роль матери и жены они считают предпочтительнее роли политика. Поддерживая ориентацию мужей на карьеру, женщины жертвуют своим профессиональным ростом. Различия в социализации полов – основное препятствие на пути женщин к карьерному росту. Ряд таких черт, как нерешительность, закомплексованность, неуверенность в себе, отсутствие достаточного опыта, приобретаемых женщинами в процессе социализации, снижают их политическую активность. По мнению опрошенных респондентов, чтобы изменить поведение женщин области, необходимо предпринять ряд мер. Это образовательная, правовая и финансовая поддержка права женщин на интеллектуальное развитие, творчество, свободу и проявление себя во всех сферах профессиональной и общественно-политической жизни (48,8%), совершенствование законодательной базы (41,1%), гендерное равенство при выборах в депутаты в Парламент РК (37,8%).

халықты бақылауда ұстау барлық осынау құралдардың көмегімен, тамаша тиімді шабармандық байланыс қызметі көмектесетін орталықтандырылған саяси билікке мықтап ден қою арқылы жүзеге асырылып отырды. Бүкіл империя Пекиннен таратқан сәулелер секілді және аудандардың шокарасын белгілеген төрт аймаққа бөлінді. шабарман оларға тиісінше бір, екі, үш немесе төрт аптаның ішінде жете алатын. Кәсіби жағынан даярланған және бәсеке пегізіңде іріктеп алынатын орталықтандырылған бюрократиялық аппарат бірлік таянышын қамтамасыз етіп отырды.

Бірлік – Римдегідей – күшті де терең тамыр жайған мәдени артықшылық сезімімен нығайтылып, заңдастырылып және қолдау тауып отырды, ол сезім құнфуздылықпен, империяның өмір сүруі тұрғысынан орынды философиялық іліммен, оның жарасымға, иерархияға және тәртіпке ерекше ден қоюымен күшейтіліп отырды. Қытай – Аспан асты империясы – Әлемнің кіндігі ретінде қарастырылды, оған тыс жерлерде тек варварлар тұрады деп саналды. Қытай болу мәдениетті болу деген сөз еді, сол себепті қалған дүние Қытайға лайықты құрметпен қарауға тиіс болды. Осынау ерекше артықшылық сезімі қытай императорының – тіпті XVIII ғасырдың аяғына қарай Қытайдың құлдырауы тездей бастаған кезеңнің өзінде – Ұлыбритания королі III Георгке берген жауабының оне бойынан аққып тұрды, оның елшілері тарту ретінде кейбір британ өнеркәсіп тауарларын ұсынып, Қытайды сауда-саттық қатынасына тартпақ болған еді:

«Аспан ыркымен император болған біз Англия короліне біздің нұсқауымызды қаперге алуды ұсынамыз:

Төрт теңіздің арасындағы кеңістікке билігін жүргізіп отырған Аспан асты империясы... сирек те қымбат заттарға қызықпайды... дәл сол сияқты біз сіздің елдің өнеркәсіп тауарларына тигпей де мұқтаж емеспіз...

Соған сәйкес біз... сізге қызмет ететін елшілеріңізге аман-есеп үйлеріңізге қайтуды бұйырлық. Сіз, о Король, жай ғана өзіңіздің бізге адалдығыңызды нығайта отырып және мәңгі бағынышты екендігіңізге ант беріп, біздің тілектерімізге сай қарекет жасауға тиісіңіз».

Бірнеше қытай империяларының құлдырауы мен жойылуы да алдымен ішкі факторлардың салдарынан болды. Моңғол және кейінгі шығыс «варварларының» мерейі үстем болуының себебі: іштей қажу, азып-тозу, гедонизм

және экономикалық һәм әскери салаларда жасампаздық қабілеттен айырылу Қытайдың жігерін әлсіретті де, содан соң оның күйреуін тездетті. Сыртқы күштер Қытайдың осынау сырқатын пайдаланды: Британия 1839-1842 жылдардағы «апиын» соғысы кезінде, Жапония – бұдан бір ғасыр кейін пайдаланды, бұлар терең мәдени қорланушылық тудырып, ол Қытайдың бүкіл XX ғасырдағы қарекетін айқындады; бұл қорланушылықты қытайлықтардың тумасынан мәдени артықшылық сезімі мен империядан кейінгі кемсітулікке дұшар болған саяси тірлігінің арасындағы карама-қайшылық одан бетер күшейтті.

Рим сияқты империялық Қытайды бүгінде көп жағдайда аймақтық держава ретінде жіктеуге болар еді. Алайда өзінің гүлдену дәуірінде Қытай үшін дүниеде оған тең келетін ешкім болмаған-ды, яғни, басқа ел ел оның империялық мәртебесіне қыр көрсете алмас еді немесе, егер Қытай одан әрі өктемдікке бара берсе, қарсы шығуға да шамасы болмас еді. Қытай жүйесі ең алдымен ортақ этностық тиссілікке негізделген дербес және өзін-өзі қолдап отыратын жүйе болатын-ды, этностық тұрғыдан жат және географиялық тұрғыдан шылғай жатқан бағындырылған мемлекеттерге орталық билік салыстырмалы түрде көп шұжқия бермейтін.

Аса көп және басым этностық өлек Қытайға өз империясын әлсіп-әлсіп қайта қалпына келтіріп отыруға мүмкіндік берді. Бұл тұрғыдан келгенде Қытай басқа империялардан өзгешеленеді, ол империяларда саны аз, бірақ гегемонистік мақсаттары басшылыққа алған халықтар өздерінен саны апағұрлым артық этностық тұрғыдан жат халықтардың үстінен уақытша үстемдік орнатып, соны қолдап отыра алды. Алайда егер ондай империялардың саны аз этностық элементінің басым жағдайы бұзылса, империяны қайта қалпына келтіру туралы сөз болуы мүмкін емес-ті.

Әлемдік державаның бүгінгі анықтамасына қандай да бір дәрежеде ең жақын ұқсастық табу үшін біз Моңғол империясының айрықша құбылысына назар аударуымыз керек. Ол қуатты және жақсы ұйымдастырылған қарсыластармен кескілескен күрес нәтижесінде пайда болды. Жеңіліс тапқандардың ішінде Польша мен Венгрия корольдіктері, Қасиетті Рим империясының күштері, бірнеше орыс княздіктері, Бағдат халифаты және кейінде тіпті қытайдың Сулу әулеті де болды.

Шыңғысхат мен оның мұрагерлері өздерінің аймақтық қарсыластарын талқандай отырып, геосаясат саласының осы заманғы мамандары «әлемнің жүрегі» немесе әлемдік үстемдіктің тірек нүктесі деп анықтаған аумаққа орталықтандырылған бақылау орнатты. Олардың еуразиялық құрлықтық империясы Қытай теңізінің жағалауларынан Кіші Азияда Анатолияға және Орталық Еуропаға дейін көлбеп жатты. Тек сталиндік қытай-көне блогының шарықтаған кезеңінде ғана Еуразия құрлығында жақын жатқан аумақтарға орталықтандырылған бақылау орнату ауқымы жағынан Моңғол империясына лайықты бәсекелес табылған еді.

Рим, Қытай және Моңғол империялары кейінгі дүниежүзілік үстемдікпен үміткерлердің аймақтық ізашарлары болатын. Жоғарыда айтылғандай, Рим мен Қытайда империялық құрылым саяси тұрғыдан да, экономикалық тұрғыдан да дамудың жоғары деңгейіне жетті, ал орталықтың мәдени артықшылығын барлық жерде мойындау маңызды бекемдеуші рөл атқарды. Керісінше, Моңғол империясы көп жағдайда жаулап алушылыққа сүйенсе отырып, саяси бақылауды сақтады, оның артынан жергілікті жағдайларға бейімделу (тіпті ассимиляциялану) еріп отырды.

Моңғолияның империялық билігі негізінен әскери үстемдікке сүйенді. Күштерді тез жеткізу және оларды дер кезінде шоғырландырудың керемет мүмкіндіктерімен ұнпастырылған тамаша бәм қатаі басым әскери тактиканы қолданудың арқасында көл жеткен моңғол үстемдігі өзімен бірге ұйымдасқан экономикалық немесе қаржылық жүйе ілестірген емес, және де моңғолдардың билігі мәдени артықшылық сезіміне сүйенген жоқ. Өзінен-өзі қайта туылдан отыратын билеуші тап болу үшін моңғол әміршілерінің саны тым аз еді, және, кез келген жағдайда, айқын қалыптасқан, санаға терең сіңген мәдени, тым құрығанда этностық артықшылық сезімінің болмауы империя элитасын соншалық қажет жеке сенімділіктен айырды.

Нақты бәлмыета моңғол билеушілері өздері бағындырған, көп жағдайда мәдени тұрғыдан өздерінен жоғары тұрған халықтармен біртіндеп араласып кетуге бейім сцендіктерін көрсетті. Мысалы, Шыңғысханның ұлы хаңдықтың қытай бөлігінің императоры болған немерелерінің



бірі Құндызды ілімінің аса ынталы таратушысы болып шықты; екіншісі Парсы елінің сұлтаны болып тұрғанда хак мұсылманға айналды; ал үшіншісі мәдени тұрғыдан келгенде Орталық Азияның парсылық әміршісі болды.

Нақ осы фактор – басым саяси мәдениеттің болмауынан билеушілердің өз қол астындағыларға сүйсіл кетуі, сондай-ақ империяның негізін қалаған ұлы Ханьшң мұрагерін айқындаудың шешілмеген проблемасы түптің түбінде империяның ажалына алып келді. Моңғол мемлекеті бір орталықтан басқару үшін тым ұзын-ғайыр болып шықты, ал бұл мәселені империяны бірнеше дербес бөліктерге болу арқылы шешуге тырысу ассимиляцияға ұшырауды және империяның ыдырауын одан бетер тездетті. 1206 жылдан 1405 жылға дейін – екі ғасыр – өмір сүрген аса ірі құрғақтағы дүниежүзілік империя ақырында із-түзсіз жойылып кетті.

Бұдан кейін Еуропа дүниежүзілік биліктің күндік ортасына және әлемге билік орнату үшін болған негізгі шайқастардың аренасына айналды. Шынында да, Еуразия құрлығының шағын ғана солтүстік-батыс қиыры теңіздегі басымдығының арқасында шамамен үш ғасырдың ішінде бірінші рет нағыз әлемдік үстемдікке қол жеткізді және жер шарының барлық құрлықтарында өз позициясын сақтай алды. Батысеуропалық империялық гегемондардың сапының, әсіресе өдеріне бағынғандармен салыстырғанда, оның көп болмағанын айту дәзім. Дегенмен ХХ ғасырдың басында Батыс жарты шар шегінен тыс жерлерде тек Қытай, Ресей, Осман империясы және Эфиопия ғана Батыс Еуропаның үстемдігінен босған болды (Батыс жарты шар да екі ғасыр бұрын Батыс Еуропаның бақылауында болғанын және онда тұратындар негізінен еуропалық эмигранттар мен олардың ұрпақтары еді).

Солдай бола тұрса да, батысеуропалық үстемдік Батыс Еуропаның әлемдік билікке қол жеткізуіне тең емес-ті. Нақты болмыста еуропалық өркениеттің әлемдік үстемдігі және Еуропаның құрақ-құрақ құрлықтық билігі орын алды. Монғолдардың немесе кейін Ресей империясының «Еуразия жүрегін» құрғақта жаулап алуынан өзгеше, мұхиттың арғы бетіндегі еуропалық империализмге мұхиттың арғы жағындағы үздіксіз географиялық ашулар мен теңіз саудасын ұлғайту есебінен қол жеткізілді. Алайда бұл процесс сондай-ақ жетекші Еуропа мемлекеттерінің арасындағы

тек мұхиттың арғы бетіндегі доминиондар үшін ғана емес, Еуропаның өзіндегі үстемдік үшін де ұдайы күресін қамтыды. Бұл жағдайдың геосаяси салдары – Еуропаның әлемдік үстемдігі қандай да бір еуропалық мемлекеттің Еуропадағы үстемдігінің нәтижесі болмағандығы.

Жалпы, XVII ғасырдың ортасына дейін бірінші дәрежелі еуропалық мемлекет Испания болды. XV ғасырдың аяғына қарай ол мұхиттың арғы бетінде иеліктері және әлемдік үстемдіктен ләмәсі бар ірі империялық державаға айналды. Оның біріктіруші доктринасы және империялық миссионерлік құлшынысының қайнар көзі дін еді. Шығында да, Тордесилья (1794 ж.) және Сарагосса (1529 ж.) шарттарындағы дүние жүзін испан һәм португал отарларына формальды түрде бөлігіп бекіту үшін Испанияның және оның теңіздегі бәсекелесі Португалияның арасында панааның араласуы қажет болды. Солтай бола тұра, Англиямен, Франциямен және Голландиямен бетпе-бет келгенде Испания өзінің үстемдігін Батыс Еуропаның өзінде де, мұхиттың арғы бетінде де қорғай алмады.

Испанияның басымдығына Францияның басымдығы бірте-бірте аса берді. Оны еуропалық бәсекелестері құрылықта да, мұхиттың арғы бетінде де ұдайы тежеп отырғанымен, ол 1815 жылға дейін ілері тұрған еуропалық держава болды. Наполеон басқарған кезеңде Франция өзінің Еуропадағы шынайы көшбасшылығын орнатуға мейлінше жақындады. Егер оның бұған қолы жеткенде, ол да әлемдік үстем держава мәртебесін ала алатын еді. Алайда оның еуропалық коалициямен күресте жеңіліс табуы құрылықтағы күштердің салыстырмалы теңестігін қайта қалпына келтірді.

Келесі ғасыр ішінде бірінші дүниежүзілік соғысқа дейін әлемдік теңіз үстемдігі Ұлыбританияда болды. Лондон әлемнің басты қаржы және сауда орталығына айналды, ал британ флоты «қолқындарда билік жүргізді». Ұлыбританияның мұхиттың арғы бетіндегі құдыреттілігі айқын еді, бірақ әлемдік үстемдікке бұдан бұрынғы еуропалық үміткерлер сияқты, Британ империясы жалғыз өзі Еуропада басымдық көрсете алмады. Мұның орнына Британия күштер теңестігінің айналы дипломатиясына және сайып келгенде Ресейдің немесе Германияның құрылықтағы үстемдігіне көдергі келтіру үшін ағылшын-француз келісіміне иек артты.

Мұхиттың арғы жағындағы Британ империясы алғашқыда жаңа жерлерді ашудың, сауда-саттық пен жаулап алудың күрделі комбинациясының арқасында құрылған еді. Алайда ол беріктікті бойына өзінен бұрынғы Рим мен Қытай немесе өзінің француз және испан бәсекелестері сияқты мәдени артықшылық тұжырымдамасынан жиды. Бұл артықшылық тек империялық билеуші тап тарапынан көрсетілетін мемлекеттік мәселесі ғана емес, тегі британдыққа жатпайтын көптеген азаматтардың көзқарасы еді. ОАР-дың бірінші қара нәсілді президенті Нельсон Мандела былай деген: «...мен британ мектебінде тәрбиелендім, ал сол кезде Британия дүниесегі бар жақсылықтың үйі еді. Мен Британияның, британ тарихы мен мәдениетінің бізге еткен ықпалын жоққа шығармаймын». Ойдағыдай қорғалған және оңай мойындалған мәдени артықшылық империялық орталықтың билігін сақтау үшін ірі әскери жасақтарға сүйену қажеттігін азайтуда өз ролін атқарды. 1914 жылға қарай бірнеше мың ғана британ әскери қызметкерлері мен азаматтық қызметшілер 11 миллиондай шаршы миля жерді және 400 миллионға таяу британдық еместерді бақылауда ұстап отырды.

Қысқасы, Рим өз үстемдігін негізінен анағұрлым жетілген әскери құрылымның және мәдени тартымдылықтың көмегі арқылы қамтамасыз етті. Қытай көп жағдайда тиімді бюрократиялық аппаратқа сүйеніп, ортақ этностық тиесілілікке негізделіп құрылған империяны басқарды және өз бақылауын күнті дамыған мәдени артықшылық есебінен нығайтты. Монғол империясы өз билігінің негізі ретінде жаулап алу барысында озық әскери тактика қолдануды және сіңісіп кету е бейімділікті ұштастырды. Британдықтар (испандықтар, голландықтар және француздар сияқты) өздеріне артықшылықты олардың туы олардың сауда-саттығының дамуына ілесу шамасына қарай қамтамасыз етті; олардың бақылауы сондай-ақ жақсы жетілдірілген әскери құрылым мен мәдени жағынан өзін орнықтырудан қолдау тауып отырды. Алайда бұл империялардың бір-бірі шынайы әлемдік болған жоқ. Тіпті Ұлыбритания да нағыз әлемдік держава болмады. Ол Еуропаны бақылауда ұстаған жоқ, тек онда күштер тепе-теңдігін қолдап отырды. Британияның халықаралық үстемдігі үшін тұрақты Еуропаның шешуші маңызы болды, ал Еуропаның өзін-өзі жоюы Британияның басшылық рөлінің біткенін білдірді.

Керісінше, әлемдік держава ретіндегі Америка Құрама Штаттарының ауқымы мен ықпалы бүгінде теңдессіз болып отыр. Ол әлемнің мұхиттары мен теңіздерінің барлығын бақылап қана отырған жоқ, теңіз десанты күштерімен жағылаулық бақылау үшін қоз жеткізерлік әскери мүмкіндіктер жасады, мұның өзі оған құрғатқа елеулі саяси салдарлары бар билік жүргізуге мүмкіндік береді. Оның әскери легиондары Еуразияның батыс және шығыс шеттерінде нық бекінді. Мұның үстіне олар Парсы шығанағын бақылауда ұстап отыр. Американың вассалдары мен тәуелді мемлекеттері (олардың кейбіреулері Вашингтонмен бұдан да берік ресми байланыстар орнатуға тырысады) бүкіл Еуразия құрлығына таралды.

Американың экономикалық серпілділігі дүние жүзінде оның жетекшілік рөлін қамтамасыз ету үшін қажет алғышарт қызметін атқарады. Алғашында, тікелей екінші дүниежүзілік соғыстан кейін, Американың экономикасы барлық басқа елдердің экономикаларынан тәуелсіз болды және жаңғыз өзі әлемдік ЖҰӨ-нің 50 пайызынан астамын қамтамасыз етті. Батыс Еуропа мен Жапонияның экономикалық қайта дәуірлеуі, одан кейін Азиядағы экономикалық серпілділіктің бұдан да гөрі кең құбылысы әлемдік ЖҰӨ-нің американдық үлесі соғыстан кейінгі пропорционал емес жоғары деңгеймен салыстырғанда түбінше қысқаруға тиіс болатынын білдірді. Солай бола тұра, қырғи қабақ соғыс аяқталған сәтке әлемдік ЖҰӨ-нің американдық үлесі, бұдан да нақтырақ айтсақ, оның әлемдік өнеркәсіп өндірісінің көлеміндегі үлесі шамамен 30 пайыз деңгейінде тұрақтапты, бұл тікелей екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі ерекше жылдардан басқа осынау ғасырдың көп бөлігі үшін қалыпты жағдай болатын.

Бәрінен де маңыздысы, Америка ең жаңа ғылыми жаңалықтарды әскери мақсатта пайдаланудағы өзінің көшбасшылығын сақтап қана қойған жоқ, одан әрі кепейтті де, осылайша шын мәнінде ғаламды қамтыған, дүниеде бірден-бір, техникалық тұрғыдан еш салыстыруға келмейтін қарулы күштер құрды. Осы кезеңнің бәрінде Америка экономиканы дамыту үшін шешуші маңызы бар ақпараттық технологиялар саласында өзінің елеулі артықшылығын сақтады. Бүгінгі экономиканың озық секторларындағы Американың басымдығы мыланы айғақтайды: тегінде таяу жылдарда оның

технологиялық үстемдігін еңсеру оңай болмайды, әсіресе экономика салаларында шешуші маңызы бар өнімділік мәселесі бойынша американдардың батыс-сұропалық және жапондық бәсекелестерімен салыстырғанда өз басымдығын сақтағанын, тіпті ұнғайтқанын ескерсек, солай болады.

Сөз жоқ, Ресей мен Қытай Америка гегемондығын қиыла қабылдайтын елдер қатарына жатады. 1996 жылдың басында, Ресей президенті Борис Ельциннің Пекинге сапары барысында, олар бұл турасында бірлескен мәлімдеме жасады. Мұның үстіне, олардың АҚШ-тың өмірлік маңызды мүдделеріне қауіп төндіре алатын ядролық қаруы бар. Алайда ашық шындық мынадай: осы сәтке және таяудағы болашаққа бұл елдер өзін-өзі жоятын ядролық соғысты бастай алуы мүмкін болғанымен, олардың ешқайсысы да бұл қырғында жетіске жете алмайды. Өзінің саяси ырқын күштеп таңу үшін әскерлерін алыс жерлерге жібере алу мүмкіндігі болмағандықтан және технологиялық тұрғыдан Америкадан көп артта қалғандықтан олардың бүкіл дүние жүзінде тұрақты саяси ықпал жасайтын құралдары жоқ (немесе таяудағы уақытта өздерін мұндай құралдармен қамтамасыз ете алмайды).

Қысқасы, Америка әлемдік биліктің шешуші маңызы бар төрт саласында басым позицияға ие: әскери салада оның әскерді жедел жеткізуге теңдес жоқ ғаламдық мүмкіндіктері бар; экономика саласында, тіпті жекелеген бағыттарда Жапония мен Германия (бұл елдердің ешқайсысына әлемдік құдыреттіліктің басқа айырмашылық қырлары тән емес) тарапынан болатын бәсекеге қарамастан әлемдік дамудың негізгі қозғаушы күші болып отыр; технологиялық тұрғыдан ол ғылым мен техниканың жетекші салаларында абсолютті көшбасшылықты сақтауда; мәдениет саласында, оның кей қарапайымдылығына қарамастан, Американың, әсіресе дүние жүзінің жастары арасында, теңдессіз тартымдылығы бар. – мұның бәрі Құрама Штаттарға әлемнің ең бір мемлекеті маңайлай алмайтын саяси ықпалды қамтамасыз етеді. Нак осынау төрт фактордың ұнтасуы Американы осы сөздің толық мағынасында бірден-бір әлемдік астам держава етті.

*Әлемдік саясаттану антологиясы,  
8-том. Алматы, «Қазақстан», 2007,  
349-361 беттер.*

## ӘРІШТЕСТЕР, ЗАМАНДАСТАР ЛЕБІЗІ

### МАЙТАЛМАН ЖУРНАЛИСТ, КӘСІБИ АУДАРМАШЫ, БІЛІКТІ МАМАН, ЕЛЖАНДЫ АЗАМАТ

Өмірде талай адаммен кездесесің, жүздесесің, қызметтес, тұз-дәмдес боласың. Соғардың ішінде мықтап достасып, кейінгі тірлікте сыйлас болып кететіндер әрине көп емес. Біз Ғосман Төлегұлұлы екеуміз қызмет бабында танысқанымызбен, көп отпей-ақ ағайынды-інілі адамдардай жақындасып, әзіліміз жарасып, дос болып кеткен адамдар едік.

Жүзінен үнемі мейірім мен шуақ төгіліп тұратын Ғосекен өзінің парасат-пайымымен, көпті көрген кісілік мінезімен, Кокшенің даласындай дарқап көңілімен біздің Министрліктің сол шақтағы үлгі тұтар тұлғасына айналды. Қызметкерлердің көбісі жастар, Ғосекен мен Тұрлығазы Дуанбеков, іштерінде мен де бармын – сол өндірдей көпшіліктің ақыл айтар ақсақалдары іспетті едік.

Жалпы, мемлекеттік қызметтің қызығы қаппалықты екенін айта алмаймын. Ал оның қиындығы жетіл жатыр. Сондықтан жүз жерден ақсақал бол, мейлі жасын жер ортадан асып, аузынан сөзі, қойнынан бөзі түскен пашар маман болсаң – қазіргі жастардың сені құрметтеуі, сыйлай қоюы екіталай. Ол үшін алдымен өзін мықты маман болуы шарт, сонда ғана жастарға бірдене үйрете аласың. Сонда ғана өкпенді басып келе жатқан, компьютердің құлағында ойнап, интернетпен ауызданған жас ұрпақ сені сыйламақ.

Шүкіршілік, өмірлік тәжірибе жаңағы айтқан біздің қай-қайсымызда баршылық еді. Сосын да болар, қызметтестер алдында біздер сөзге сүрініп, тізеге жығылып көргеміз жоқ.

Енді қарап отырсаң, сол өткеннің бәрі сағыныш боп қалғандай. Ғосекенмен қызметтес болған жылдар өмірдің әдәмі кезеңідей естепен кетеді...

Ол заман да бір дәурен екен-ау!

Астананың жаңа көшіп жатқан кезі. Адамның оңі түгіл түсіне кірмейтін оқиғалардың қалың ортасында жүрміз. Солардың біршамасын ұйымдастырып, нәрмен беріп жүрген де біздің министрлік-ті, Аналас-төнелес ірілік, Алматы мен Алматының арасында ағылған халық, мағынасын әлі дұрыстап түсіне қоймаған дүрбелең шак. Расында да, қырықтың қыркасынан енді ғана асып, елуге ик артар шакта өмірді жападан бастаймыз, тағы да баяғы студенттік жылдардай сұрбойдақ күй кешіп, жатакханала тұрамыз деп кім ойланты.

Өткен, қолға қалам алып, тапжылмай отыруға қазір уақыт жетпей жүр. Әйтпесе, қазақтың астанасының Арқаға көшкен аласалыраны жайында бір шытырман оқиғалы романның сюжеті көңілде пісіп жатыр.

Ғосекен қызметке келгеннен кейін, арада көп уақыт өтпесі біздің министрлік «Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім» деген атқа ие болып, негізінен тек саясатпен айналысатын болды. Қаламгерміз, үлкен саясаттан алыстау жүретін мен министрдің орынбасары қызметін ауыстырып, кітап пен полиграфия шаруашылығымен айналысатын Департаментті басқардым.

Біздің департамент ұыздай ұйыған, ауызбіршілігі мықты ұжым болды.

Жазу-сызу деген Ғосекеннен қалған дүние емес пе, қашаы шапқан аттан жүйрікағамыз Департаментқызметінде қыздай қалкыл, қудай жүзді. Жазушы-қаламгерлерді соңынан шұбатып, баспа деректірлерін төнірегіне үйіріп, жұмысты доңгелентіп әкетті.

Мемлекеттік қызметтің бір арнасы – қағаз жазу, ақпарат дайындау, сараптама жасау екені белгілі. Ғосекеннің бұл шаруадағы шеберлігін көргенде әріптестері қайран қалып, бастарын шыбындаған атқа шайқасты. Тіпті кейбір іші тарлар қызғаныштан тұз жаласты дер едім. Сөйтсек, Ғосман Төлсұтовты біз қазақша ғана жазалы деп жанымызға жақып тартып жүрсек, ол кісі орыс тілінде де тайналған жорғадай екен. Жоғарғы жаққа орысша да, қазақша да ақпарат жөнелткенде алдына қара салмайтын жан болып шықты. Содан кейін-ақ, Ғосекенге қызығушылар мен құда түсушілер әр тұстан шыға бастады.

Сол жылдары барлық облыстарда біздің министрліктің «Ақпарат және қоғамдық келісім басқармалары» деп ата-

латып құрылымдары ашыла бастаған. Оларға өмірлік саясатпен айналысатын, министрліктің көзі мен құлағы болып отыратын білікті әрі саясаткер кадрлар ізлеуге кірістік.

Министріміз Алтылбек Сәрсенбаев жаңадан құрылып жатқан Ақмола облысын өзіміздің кадрлармен күшейту мақсатында өзінің туып-өскен Көкшетауына Гөсман Төлегұлды қайта жіберейік деп ұсыныс жасады. Мен бұл шешімге қарсы болдым. «Төлегұловтай маман орталыққа да керек» дедім. Бірақ үш күштен соң Министр кесімді сөзін айтты. Аял кәніна, Гөсекен қайыра Көкшетаудан бір-ақ шықты.

Гөсмансыз қалған біздің Департамент бір-ақ күнде жүдеп шыға келді.

Өзілі орынды, әнгімессі жарасқан, ой-мақсаты ортақ азаматтар алыста жүрсе де, көңіл тұкпірінде біріп бірі ұмытпақ емес. Жақсылығын насихаттап, табысына қуанып, сырттай болса да тілекші болып жүреді.

Гөсекен екеуіміз де солай болдық, телефон арқылы хал-жағдайымызды сұрасып, күні бүгінге дейін хабартасып тұрамыз. Астападағы жиналыстарда, кейбір қуаныш-тойларда сирек болса да шүйіркелесін, бас қосып жүрдік.

Содан бергі кезеңде Гөсманды сырттай байқап жүреміп, ол білікті, шебер аудармашы ретінде де көп жұмыс тындырып тастапты. Бірер көркем шығарманы қазақ тілінде сөйлегін, «Мәдени мұра» аясында мемлекеттік тілде шығарылып жатқан кітап серияларына бел шешіп араласты. Біздің өтінішіміз бойынша да қазақ тілінен орысшаға екі кітап аударып тастады.

Гөсекеннің қазақ тілінің жанашыры ретінде жасап жүрген жұмыстары өз алдына жеке әнгіме. Гөсман Төлегұд қызметінің бұл қыры жайында тіл мамандары толықтырып, өздері лайықты бағасын беріп жаза жатар деп сенем. Менің айтайын дегенім – Гөсман досымның өт елінің нағыз патриоты, әрбір іске ұлттық мүдде тұрғысынан қарайтын, қазағым десе өт жүрегі елжіреп тұратын азамат екендігі. Мұны мейгана емес, Гөсманмен қызметтес болған әріптестерінің бәрі де жақсы біледі, мойындайды.

Мерейтой сәтінде несібін жасырайын, Гөсекене Президент Әкімшілігі тарапынан да біздің талай мәрте ісіміз түскенін айта келуді жөн санап отырмын.



Қызмет барысында «Мынау шаруаны тұғыл орысшаға аударту керек» дегендей кейде бізге жоғарыдан нұсқау түсіп қалады.

Кейбір проблеманың басы осындай қысылтаянда ашылып жатады... Елімізде орысшадан қазақшаға аударатын мамандар баршылық, ал қазақшадан орысшаға көркем аударатын адамды күндіз шаммен іздеп табу қиып екен.

Сондайда біздің ойымызға тағы да өзіміздің Ғосман Төлегұл түседі. Маңдайдан тер шығып, қиналған соң қайтеміз енді! Сөйтіп, Ғоскең Көкшетау түгілі, жердің астына кіріп кетсе де тауып аламыз. Білеміз, Ғоскеңнің өз шаруасы да басынан асып жатады. Соған карамастан, достарының көңілін кимай, қиын да болса, уақыт аса тар болса да, қол ұшын беріп, әрдайым көмектесіп жүр. Ең бастысы алғіндей таңсырманы Ғоскең күн демей, түн демей, ұйықтамастан орындап тастайды.

Содан, ойлаймын, мамап болсаң Ғосман Төлегұлдай болу керек шығар деп. Дос болғын келсе – шын достықты Ғоскеңнен үйренген абзал. Өз ісіңе жауапкершілікпен қарауды тағы да осы Ғосманнан үйренген жөн шығар.

Алпысына алқынбай абыроймен жеткен Ғосман Төлегұл – әріптестері құрмет тұтатын, достары қадірлеп сыйлайтын, қандай істің басында жүрсе де, қандай шаруаның қасында жүрсе де – «нағыз елжанды қазақ, міне, осы» деп, мақтан ететін асыл азамат.

*Әлібек АСҚАРОВ,  
Қазақстан еңбек сіңірген қайраткері,  
Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты.*

## **АЗАМАТТЫҢ АЛТЫ АСҚАРЫ**

Ғосман Төлегұл есімін өз басым о баста Мұхтар Мағауиннен естігенмін. Биыл жетпістің жотасына шыққалы жатқан классик жазушымыздың «Қазақ тарихының әліппесі» атты шымыр да жұмыр еңбегі бар. Тамаша туынды. Кезінде қызыға оқығанбыз. Бір жолығып қалғанда Мұхата кітабы жөнінде разылық пікірімді білдіргенмін. Сонда Мұхат ол кітабының орысшасы да шыққанын, аудармасына көңілі толғанын айтты. «Алғысымды телефонмен бөлсеңіз жеткізіуім

керек еді, аудармашыны талмай жүргенім. Көкшетаудың жігіті көрінсін», дегені сөйде. Адамды оңайлықпен мақтай қоймайтын ұлан-ғайыр білім мен бөлекше талғам иесінің сол бағасынан соң жаңағы кітаптың орысшасын мен де тауып алдым, түп-түгел қайта оқымағанмен біраз жерін қарап шықтым. Шынында да, біліп аударылған еңбек, жаны ашып жасалған жұмыс екен. Әсіресе, аудармашының осыншама шаруаны өз бетімен атқарғаны қадімгідей әсер етті. Әйтпесе, ол кезде қаламақының аты ғана қалған болатын. Әрі тілгі кітап шыққаннан кейін де автормен хабарласнай жүргенінің өзі аудармашының кітапты тәржімелеуге шын ықыласпен, халыққа қажет дүние ғой деп кіріскенін көрсетіп тұрған еді.

Кейіннен, біз Астанаға көшіп келгенде Ғосманды осындағы өзіміздің министрліктен көрдім. Әлібек досым – Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, министрлік департаментінің директоры Әлібек Асқаров: «Біздегі мықты жігіттердің бірі, екі тілге бірдей, орысшадан қазақшаға да, қазақшадан орысшаға да аудары береді», деп мақтап сөйлейтін. Бірақ ол тұста біз Ғосекенмен аралас-құралас бола қойған жоқпыз. Жылы амаңдасудан аспадық. Сөйтіп жүргенде облыс орталығы Көкшетауға қайта ауысты да, Ғосман Төлсғұл министрліктің сол облыстағы басқармасының бастығы болып бекітілді.

Ғосекеннің мемлекеттік қызметкер ретінде мығымдығына Ақпарат министрі міндетін атқарған 2003-2004 жылдарда өзім де нақты көз жеткізе алдым. Көкшетаудан келетін қағаздардың мәселені талдауы да, сөз саптауы да басқашалау болып тұратын.

Кейіннен Ғосекеннің аудармашылық қуатын «Адамзат күнітзбесі» деген кітабымды тәржімелеуі барысында да тани түстім. Былай қарағанда, тарихтағы елсулі оқиғаларды қысқа сөйлемдермен баяндап қана отыратыншадай көрінетін бұл еңбектің аудармасы онша қиындыққа түспеуге тиіс. Бірақ бұл былай қарағанда ғана. Мұндағы фактологиялық материалдың байлығы аудармашыдан өте ықтияқтылықты, әжептәуір білімді талап етеді. Ғосекен осы кітапты тәржімелеу кезінде орысшадан аударылып пайдаланылған қаншама дәйексөздердің түпнұсқасын өзі тауып, соларды қайтадан

капшына келтіргенін айтып жату ұзақ шаруа. Сол үшін аудармашының талай томдарды кітапханадан алдыртқанын, әлі дәйексөз алынған тұсты ілдетіп отырып қалай тапқанын жақсы сезінемін. Олардың сыртында аудармашы осы жұмыстың үстінде әдебиетті, өнерді жақсы білегінін де көрсетті. Бірер ғана мысал келтірейін. Айталық, Фединнің «Ғажайып жаз» романы жөнінде жазылатын тұс бар. Оның өз аты «Удивительное лето» болуы да, «Дивное лето» болуы да, «Чудесное лето» болуы да мүмкін ғой, алайда аудармашы аясапайды – «Необыкновенное лето» деген өз нұсқасын алады. М.Мағауиннің «Кобыз сарыны» кітабын «Мотивы кобыза» немесе «Напевы кобыза» дей салмайды, кезінде ол кітаптың «Кобыз и конь» деп аударылғанын ескереді. Тағы да осы автордың «Аласапыран» романын алайық. Бұл сөзді «распутица», «персполох», «неразбериха» демегенмен, «сумятица», «смута», «смутные времена» деп алуға да болады. Аудармашы кітаптың орысшадағы өз атауын білгендіктен де «Вешние снега» деп алған. Стейнбектің «Дүрбелең қыс» романын «Тревожная зима» деп шатасу қиын емес. Бірақ роман орысшада «Зима тревоги нашей» деп алынған. Аудармашы оны жақсы біледі. Немесе Мольердің пьесасы бойынша Әуелов театрында қойылған «Жендеттер» спектаклінің атын «Палачи» деп алмағанда қалай аларсыз? Жоқ, Гөсекен ол пьесаның орысшаға «Кабала святош» деп аударылғанын біледі, солай алады. А.Жұбановтың «Замана бұлбұлдарын» «Соловьи эпохи» демеі, орысша кітаптың өзіндегі «Соловьи столетий» деген нұсқаны ұстанады. Осындай мысалдар толын жатыр. Қазақша нұсқада бірнеше жерге адамдардың тұған немесе қайтыс болған жылдарында жекелеген цифрлар ауысып кеткен тұстар да бар болып шықты, оларды да Гөсекең өзі байқап, орысшасында түзетін жіберді.

Осындай таза аудармашылық қызметінің үстіне Гөсмап Төлсегұл «Коран и Пушкин», «Перевод поэзии и поэзия перевода» атты кітаптарымының басына дайындалуында маған стилистикалық тұрғыдан өте көп көмек көрсетті, оны арнайы атап айтқаймын. Сол кітаптарым үшін Ресей сөз өнері академиясының «Ревнительно просвещения» медаліне ие болуымда Гөсекеңнің еңбегі ересен.

Гөсекеннің Ақмола, Көкше жерінде мемлекеттік тіл мәртебесін биіктету үшін атқарып жатқан шаруасы жеке әңгіменің тақырыбына лайық ерсе еңбек.

Кезінде Хамит Ергалиев алпыс жасына орай шығарылған костюмдығын «Алты асқар» деп атап еді. Сондай алты асқарға абыроймен көтерілген Ғосман Төлегұлға атқа мінген азаматтың баянды бақытын тілетім келеді.

*Сауытбек АБДРАХМАНОВ*  
*физиология ғылымдарының докторы*

## ЗЕРЕНДІДЕ ҚАНАТТАНҒАН

Ғосман ішім «Алпысқа келдім, Күлзағила скеуміздің мерейтойымыздың қонағы болыңыз» деп телефон соққанда өз құлағыма өзімнің сенер-сенбесімді білмей қалдым. Солдаттық сұр қойлегі әлі үстінен түсе қоймаған оның «әскери борышымды өтеп орананым көп болған жоқ, әзірше электр жүйесінде жұмыс істеп жүрмін, түпкілікті қызметтің реті келсе дұрыс болар еді» деп редакцияға кіргені кеше ғана сияқты еді. Солай болса да бұл хабарға сенесің, сенбеске амалың жоқ. Уақыт шіркінде тоқтас болмайды, зымырап өте береді.

Бұрын көрмесек те, бінмесек те қоныр үні құлаққа жағымды сып-сылайы жігіттің меселін қайтармадық. Әдеби қызметкер деген лауазым бойынша жұмысқа қабылдадық, «сынақ мерзімі бір ай» дегенді де ескертіп қойдық. Бұл – жұмыс қанынан келмесе жөніңді табысың деген сөз.

Ғосманның келген кезі Зеренді аудандық газеті редакциясында шығармашылық жұмыстың нағыз орлеу шағы еді десем артық айтқандық бола қоймас. Редакцияда орта мектепті бітірген, бірі әскерге барып келген, бірі әлі бара қоймаған Амантай Ахетов, Петр Фидченко, Владимир Земляной, Анатолий Зашлягин, Сәлима Қожахметова, ұлтым чуваш болса да тілім қазақ дейтін Герман Яндуткин сияқты өңкей жастар жұмыс істейтін. Жастардың жүрген жері арқашан жаңа жақсы бастамаға, әдемі әліп, көңілді күлкіге толы болатыны ежелден белгілі ғой. Біздер ойнай, бірақ ойлай жүріп, қайтсек газетімізді мазмұнды, көркем шығарамыз, қайтсек сөзіміз оқырмандар жүрегіне жол табады деп жанталастық. Осы асыл арманды орындау жолында жастық жігермен жұмыс істедік. Арманшыл, ұйымшыл, бастамашыл ұжымға тағы бір жас – Ғосман келді. Кейінірек осы топқа Өмірзақ Мұқаев, Қазең Қожахметов, Қорғанбек

Аманжолов, Марфуға Бектемірова, Валентин Кушко қосылды.

Редакция алқасының мәжілісінде техникумда сырттай оқып, агрономдық мамандықты үйреніп жүргендіктен Госманға ауыл шаруашылығы тақырыбында жазуды тапсырдық. Жігерлі жас іске білек сыбана кірісті. Білмегенін жолдастарынан сұрауға арлабады, тиісті әдебиеттерді ақтаруға жалықпады. Әйтеуір қаламдас достарына, өзіне маза берген жоқ. Ауыл шаруашылығының күнделікті қарбаласынан қалыспай қалам тербесуді өзінің айнымайтын әдетіне айналдырды. Сөйтіп, ол алғашқы айларда-ақ ұстамдылығымен, тиянақтылығымен, іскерлігімен, екі тілді де (газеттеріміз қазақ және орыс тілдерінде шығатын) жетік білетіндігімен ұжым алдында үлкен ілтипатқа ие болды.

Жүйелі өтетін дәстүрлі лездемеде газеттің жаңадан шыққан санында не жазылды, қалай жазылды, көтерілген мәселе толық ашылды ма, қандай кемшіліктер кетті, алдағы санда осындағы сәтті қадамдарды қалай онан әрі дамыта аламыз, кемшілікті түзетудің жолдары бар ма деген сауалдар жиі талқыланатын, ұмыт болып бара жатқан тақырыптар да еске алынатын.

Сондай бір отырыста әдеби қызметкер Госман маған «Сіз редакторсыз, жақсы идеяларды тауып, осындағы жігіттерге пәкты тапсырмалар беріңіз, біз оны орындайтын болайық» деген ұсыныс айтты. Мен бұл ұсынысты қолдалым. Бірақ жаңа идеяларды табуды бір адам ғана ойламай, бүкіл ұжым жұмылса ісіміздің сәтті бола түсетініне ешкім дау айта алмас, сондықтан келесі аптадағы лездемеде кім қандай жаңалық әкеледі, ұсынысы ұнаған, оны сәтті жүзеге асырған журналистке арнайы сыйлық берейік дегенді айттым. Шығармашылық жолда аса белсенділік танытын жүрген өңкей жастар бұл уәжді қуана қабыл алды.

Міне осыдан кейін жас журналистер арасында шығармашылық ізденіс бұрынғыдан да қыза түсті. Жігіттердің бастамасы бойынша тақырыптық арнайы беттер жоспарлы түрде жүйелі шығатын болды. «Табиғат және біз», «Ауылым – алтып бесігім», «Денсаулық», «Адам және заң» тағы басқа да беттерді оқырмандар қуана қарсы алды.

Госман «Табиғат және біз» деп аталатын айына бір рет шығатын арнайы тақырыптық бетті дайындауды жуапкершілігіне алды. Ол кезде қоршаған ортаны қорғау

мәселесін баспасөзде насихаттау жөніндегі облыстық, республикалық бөйге жыл сайын өтетін және оған еліміздегі газет-журналдар түгел қатысатып. Біздің аудандық «Коммунизм таңы» және «Заря коммунизма» газеттері осы бөйге қанша жыл жарияланса, сонша жыл қатысып, жыл сайын жүдде алып тұрды. Көбіне екі газетімізге де бірінші жүдде қатар тиетін. Сонда алған мақтау қағаздарымыз бүгінгі «Бірлік Едінство» газеті редакциясының темір жәшігінде сақтаулы тұр. Осы үлкен жұмыстың басы-қасында Гасман Төлешүлінің жүріенін тағы бір айтқанымыз жөн болар. Оның ұсынысы бойынша газет беттерінен «Ауыл ардақтысы» деген айдар берік орын алды. Сөйтін ауылдардағы ары таза, еңбеккер азаматтардың кәсіби еңбек жолы ғана емес, рухани тышсы, ой-өрісі, адами асыл қасиеттері де көпке әйгілі болды.

Редакция ұжымында шығармашылық жұмыспен айналысатын барлық жас жігіттер де, солармен бірге Гасман да Алматыдағы мемлекеттік университеттің журналистика факультетін сырттай оқып бітірді, партия қатарына өтті, үйленді, пәтер алды, шаңырақ көтерді, үбірлі-шүбірлі болды. Зерендіде қанағтанған, жұмыс істеп, тәжірибе жинақтаған жігіттер түгелдей, қатарында Гасман Төлешүлі де бар, уақыты келгенде аудандық газеттің редакциясынан еңші алып, облысымызда, республикамызда биік лауазымды қызметтерді атқаруға аттанды. Олардың қадамдарының сәтсіз болмағанын бүгінгі өмір көрсетіп отыр.

Гасманның үйлену тойы туған жері Әлжан ауылында өтті. Әлжандықтар тойға түгел келген редакция ұжымын аса бір үлкен сыйластықпен қарсы алды. Бір тәулікке желпейтін уақыт қана болғанын өзінде ауылдастарының Гасманды қалай ардақтайтынын көріп тағы қуанып қалдық.

Гасман үйіндегі ерке де еркін келініміз Құлзағила кейінірек есенін болып редакцияға жұмысқа келді. Ол да өзі таңдаған ісінің қыры мен сырын жетік білетін маман, ұжым мүшелерімен тіл таба алатын сүйкімді азамат екенін аз күнде-ақ дәлелдеп берді. Өткір де онерлі ол ұжым мүшелерін, облыстағы өзі ай сайын есеп берін тұратын мекеменің қызметкерлерін ұрынықпа үйірін әкетті, өзара сыйластық қарым-қатынас орната бінді. Құлзағила өктем де өр мінезі арқанын ерекше бір әсем сыпайлықпен астасып жататын қасиетін қазір әже болған шағында да жоғалтқан жоқ.

Қол алдымызда өскен, жан-жақты білімді, парасатты азаматқа айналған, кейін де байланысымыз үзілпін кетпеген Ғосман мен Күлзағиға қуанышты шақтарда да, қиын сәттерде де біріне-бір таяныш, ақылшы, қолдаушы болып отбасының берекесі-бірлігін сақтап келеді. Бұл күнде алшыстың асқарынан асып отырған Ғосман Төлегұл көптің алдында шықса айтар саликалы сөзі, білдірер айқын да айғақты пікірі бар, ағайынға, қызметтестеріне айбары мен мейірі, абыройы мен беделі бар, қорғайтын дос-жарандары, қасында асыл жары, ұяда қызы, бауырында немересі бар, қазақпанаан айтсұқ қорасында қойы, далада жылқысы бар төрт құбыласы түгел бақытты азамат.

Мерсің үстем бола берсін, сырлас, мұңдас дос.

*Баймурат АЗНАБАЙҰЛЫ,  
журналистика ардагері,  
Зеренді аудандық газетінің  
бұрынғы редакторы.*

## ЗАМАНА ЖАНДЫ АЗАМАТ

– Зерендіде Ғосман Төлегұлов деген жігіт жүр. Екі тілге бірдей. Соны көрсетші, – деді Нұрхан марқұм редакцияда кадр тапшылығынап тауымыз шағылып, тауанымыз қайтып өз-өзімізден жер бөліп отырған бір сәттік әңгіме үстінде. Бұл сонау 1990 жылдары болған әңгіме. «Көкшетау» газетінің қызметкерлеріне со кезде қайта құрылып жатқан партия – совет органдарының құсы түсіп редакторымыз Жапайдар Мусинмен бастап әлгі айтқан Нұрхан Ысқақовқа дейін бірін хатшы, екіншісін бөлім бастағы ғып алып, оның үстіне мынаның қолынан бірдеме келеді-ау дегендеріп әр жерге қызметке шақырып, қатарымыз күннен күнге селдіреп, есімізді пығарып жатқан заман-тұғын. Бұрындары бірлі-екілі көргенімде Зерендінің «Заря коммунизма» атты газетінің тұтқасы осы жігіттің қолында дегендері есімде, бірақ қазақ жағына да қабілеті барып әлгі айтудан кейін ғана қаныққам.

– Ой, ол жігіт суырып салма ақын, айтыстарға қатысып жүрген оперпаз. Мына Әнжан ауылынан шыққан азамат. Ауыл баласының қағылездігі, тілге жүйрік келетіні, қазақ

сарабал тілімен орысша жазатынын көрсет, дей келе менің қызығушылығымды күшейтіп жібергені сондай, іле партия тұрмысы бөлімінің меңгерушісі болуға қалай қарайсың? – дегенге барғаным есімде. Гөсекең көн ойланған жоқ білем, іле Көкшетауға келді, іске кірісті.

– Коллективте іштарлық болған жоқ, құшақ жая қарсы алды десем, арымның алдында, ақиқаттың алдында шет болармып, сондықтан ондайларға түсіндіруге тура келді. Орыс тілді журналистердің қазақы толғаныстардан гөрі ойдылыққа, мәселенің түйінін табуға бейім келетінік, ал бізге партия жұмысының бүге-шігесін білетін, бұл жұмыста тосылған, өткірілген нақ осындай адамның керектігін баса айтып, редакциядағы жетекші болімінің меңгерушілігіне тағайындағанымыз елді-енді еске түсіп отыр. Горбачевтік қайта құрулардың жөн-жосынын әлі де болса жете аңғара алмаған тұста Гөсекеңнің іске білек сыбана кірісің, білім-білігі мен мол тәжірибесін аямай жұмсағаны, ең бастысы сөзбек коллективтеріндегі ахуалды пайымдай білетіні, оны шынайы бағалап, қағазбастылық, көзбояушылық, үлдешілдік сарынға бой ұру сияқты келетсіздіктерге қару көрсеткені «аушаннан келіп...» дейгіндердің аузына күм күйған-ды. О жаңы да таң бүтінгідей есімізде. Күптіні мойындаудың өзі – күштілік, деп жатады ғой. Бұл да сол өйтпеске амал қалмаған.

– Айт-айтпа, іскерлік – адам бойындағы ерен қасиет. Қасиет болған соң ол да бақыт сияқты адамға таңдап қонады. Бойында іскерлік қабілет-қарымы барларды қай қиырға, қай өрге салсаң да қылбайтыны, бір нәтиже шығатынын білесің. Өмірдің тағдыр-талайы біз сөз етіп отырған Тосман Төлегұловты бұдан кейін де талай қиырға, талай сыға салды. Солардың бірде-бірінен сүрінген жері жоқ, қайта өрге салсаң өрнеленер хас жүйріктей бабына келіп, тегеуіріндене түскендей ме дерсің! Жергілікті өзін-өзі басқаруға бет түзеген сонау тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында Кеңестік биліктің әлде де болса қалыптаса қоймаған жұмыс жүйссінін қазапқыда қайнап, шыңдала түскені бар. Мейлі облыстық әкімдікте, мейлі министрлікте болсын Гөсекең баспасөзден қол үзген жоқ. Журналистік қабілеті мұны атқарушы биліктің небір күрделі салаларында жүргенде де өрге сүйреп бақты. Осыдан сол бұрындыра, дәлірек айтқанда Комбиннің ұшпа дәуірінде, жасанды болса



да бір әжетке жаран қалған «қос тіл – қос қанатың» идиомасы Ғосекенді ұшпаққа ұшырды деуге келеді. Қазір де сол. Өрікыры бірдей азаматқа мен айтар елім, дүние келі! Ғосекен сияқтылардың билік басында болуына өріс ашу керектігі бүгінгі таңда тіптен сұранып тұрған мәселе. «Құрметті қауым», деген шатты-бұтты жаутаңқы лебізімен жүргі аялына шығуға жүзі жапбайтын қазіргі бастықсымақтар өздерінің ғана емес, ана тілінің, ұлт тілінің қадірін кетіріп жүргеніне осыншалықты санырттықпен, немкетті-көзжұмбайлықпен қарап келгеніміздің өзі ертеңгі күн мен келер ұрпақтың алдында кешірілмес күнә болатынын ойлашыңыз ба?! Өз тамырымызды өзіміз қиып отырғанымызды сезініптіз бе? Қазіргі таңдағы тайталас тұжырымдарға тегеуірін көрсетер қаракет іздесек – ел ішінде қос қанатты Ғосекендер баршылық. Жоғары биліктегі Құл-Мұхаммедтер сонын жарқын мысалы. Биліктің тізгіні екі ауыз орысша билегіндердің емес, тым құрығанда қос емшекті қатар емгендердің қолында болса, міне, сонда қазақтың күші туар ма, дей үміттенеміз. Рухани байлыққа кенелгенде ғана ұлттың рухы биіктейді, ал рухы биік елдің материалдық байлығы өздігінен еселеніп түспек! Мына жарық дүниеде оған да мысал жетерлік.

Таң қазіргі алмағайып заманда тек Ғосекендердің керектігі күн тәртібіне сұранып тұрғанын айту үшін осы жолдарды жаздым.

*Мәтін БИЖАНОВ,  
Қазақстан Республикасының  
Мәдениет қайраткері.*

## **ТҮЛЕЙМІН ДЕГЕН ТҮЛЕККЕ АСПАН ТАРЛЫҚ ЕТПЕГЕН**

Халқымызда жан сұлулығы дейтіп тұнығына бойлап, тазалығына тәпті болар, қабілет қарымын болса тажап қалар ұлықты ұтым бар. Жобасы, жаратқан ием сұлулықтың бойына таңғы шықтай тазшық пен тектілікті, пайым мен парасаттылықты, ең бастысы хайуани қоныз тірліктеп қонысы бөлек адами асыл қасиеттерді мольнап сіңірген болса керек. Содан да болар, тобырдан ұзап кетіп, қара көрсеткен небір даналар бір ауыздан: «Сұлулық әлемді

құтқарады» деген айдарлы ұғымға дендеп барып, қол қойысқаны мәлім.

Менің өз пайымымда сұлулықтың тірліктегі осы бір ұлан қызметімен қоса тағылымы тегеуірінді тәрбиелік құдіретін ескермекке керек деп бағамдаймын. Себебі тез қасында қисық ағаштың жатпайтындығы қаншалықты ақиқат болса, сұлулықтың жанында да жақсылық аясына сиятын бар қадірлі қасиеттер бой көтермек. Өйткені сұлулықтың табиғаты топас, тоғышар, қарабайыр қауқарсыз, дүбәрә дүмбілездіктен, қоңызды қокыс пен доңызды ластықтап ада жаратылыс қой. Қоңыртөбелді тобырдың ортасына түскен сұлулық тым құрымағанда төңірегіне шырайлы шапағат нұрып себездетпес пе?!

Осы орайда менің қоз алдыма Ғосман ілім Төлегүлұлы келеді. Бір басса да анық басатын, осынау тірлігінде сұңғыла сабырлылық пен сұңғатғы салықшалықты бойына мол сіңірген Ғосманмен жанаса кетсең тәнің сауығып, жаның жадыраған жарқын әсерге бөленсең. Болмыс бітімдегі берекелі білгірлік пен бітмекке, игермекке құмарлық оны өз қатарынан оқ бойы айна ұзағып жіберді. Сойте тұра озбырланбайды, обырланып бәрін табаны астына салғысы келіп, сыйсын-симасын құшағына алығы келіп сұғанақ снықсыздыққа шылбыр шалмайды, аялматып ат шалдырмайды. Мол білетіндігін даракылана аста-тоқ тоқкісі жоқ сабырлылықпен бітелете шығарып қояры тағы бар.

Екі ұлы жұрттың жиған-теріенін сүбесіне молынан сіңірмекке құлаш сілтеген Ғосман орыс тілінде білім ашып, дәріс тындаса, келе-келе туған халқы – қазақтың ғаламат, ғажап тілінің тінін танып, астарлы, ажарлы, айбынды, асыл қасиеттерін қауалап кетті.

– Төкен Әлімқұловтың Абай хакім қақлыдағы “Жұмбақ жанын” оқып, туған тілінің тереңдігін, молдір тазалығын, ұлаң-көш кендігін, зру биік заңғарлығын ұғындым, ұғындым да осы бір момын жұрттың ұлылығына, тілінің тектілігіне ден қойдым.

Мұны бүтінгі Ғосман, алпысқа келген азамат ағасы айтады. Ортамызда не қаза орыс бола алмай, немесе туған халқы – қазақ бола алмай дүбәрә тірлікте жүрген оқығандар мен оқу соққандар аз емес. Менінше, олар Абай бағамдап кеткен «толық кісі» емес.

Ғосман Төлегүлұлы екі жұрттың тілін терең игеріп, меңгеріп қана қоймай сол екеуін күмбір күміс күймеге

жегілген қос күреңпей тізгін желісін теп ұстап, қосілте жо-  
сылтып келе жатқан сыралғы көшірге ұқсайды. Оны анау қос  
күреңнің желісі мен жорғасын, текірегі мен тегеурінін, шабы-  
сы мен шамырқанған ширақтығын божа қағысынан сезінер  
көшір-каламгер демекке керек. Соның нәтижесі аудармаға  
түсірген том-том еңбектер Ғосман тәржімәшінің тәлімді  
тұлғасын аңдатады. Қашысыз аудармашылық қабілетін  
қиядан шалған қабырғалы қаламгерлер Мұхтар Мағауип,  
Қойшығара Салғараұлы, Әлібек Асқаров, Сауытбек Абдрах-  
манов, Дүкенбай Досжановтар өзіміздің Ғосманға қолқа  
салып санлаған дүниелерін орыс тілінде сөйлетіп алды.  
«Әлемдік саясаттану антологиясы» ана тілімізде сөйлетуде  
де Ғосман қосқан үлес бір төбе. Ол А.Тойнби, Г.Киссинджер,  
З.Бжезипский, Ф.Фукуяма тәрізді саясаткер философтардың  
ой толғамдарын қазақшаға көтарып бере алды.

Ана тіліміздің Ата заңға алтын әріптермен Мемлекеттік  
тіл ретінде таңбаланып, мәшүрленгеннен берменгі  
жиырма жыл ішіндегі тағдыр-талайы көп теперішке  
түсіп келгені ешкімге де жасырын сыр емес. Жоғарғы  
деңгейлі басшылықтан бастап, қоңыр лашықты қоспыға  
дейін туған тіліміздің туын тіктеп, көсегесін көгертер  
кезең тәуелсіздігіміздің сағаты сокқан алғашқы күнінен  
басталмаққа керек деп ұғынашымызбен елдің қалыптасқан  
ішкі саясаты мен сыртқы саясаттарын есепке алып, ескерме-  
ске болмас. Дегенмен, бұл орайда бұрауы босап, серінтесі  
жұмсарып кеткендігін де бүтін қалмасак керек. Осы  
орайдағы Ғосманның уәжі де салмақты.

– Адамға тілді тезірек үйресту үшін, әрине, тілдік орта  
қажет. Міне, ел болып соны құруға міндеттіміз. Елбасы бір  
сөзінде: «Өзіміз ана тілімізде сөйлемейінше, өзге ешкім де  
бұл тілді шын, дап құрметтей қоймайтынын түсінуге тиісіміз...  
Қазақтың қазақтығының басты белгісі – қазақша сөйлеуі.  
Үйде де, түзде де. Баласымен де, пемересімен де. Досымен  
де, туысымен де. Бажасымен де, құдасымен де. Тек осыны  
жасаған адамның өзі ана тілін өркендетуге өзінің титтей де  
болса үлесін қоса алады».

Президент пайымынап парасат ұшқылып ғана емес,  
тұтас жұртқа қояр қуатты міндетті де сезінген Ғосман  
Толегүлұлы тілдерді дамыту басқармасына келгеннен бері  
ел алдында жүзі жарқын, жанқешті еңбектің еселенген  
еншісіне не болып отырған жәйі бар. Оның осы уақытқа

дейін атқарып келген қам-характертерін тізбелей алсақ, осы өңірде тілім деп түн ұйқысын төрт бөлген екеу болса, бірі Гасман, жалғыз болса соның өзі Гасман дейміз. Ол үшін бір қиырдан дәлел дәйек іздеп сабылудың реті жоқ. Әйткен, соның бәрі ұйымдар мен ведомстволарда науқаншылдыққа айналмай жүйелі де түбегсілі қолдау тауып, жүріп жатса дейсің. Сонда қағаз жүзінде ғана қалып келе жатқан Ақмола облысының аудандары іс қағаздарын жүргізуді толық аяқтар еді дейсің.

Ақындар мүшәйрасын, Абай, Оралхан Бөкей, Мұқағали Мақатаев оқуларын өткізу мәселелеріне мұрындық соқтырып жүргенде бір байқағаным, Гасман Төлегұлдың іскерлігі, шебер, жігіт ұйымдастырушылығы, ұжым алдындағы беделінің биіктігі. Осының бәрі байыптылықтан, байсалдылықтан, адаммен тіл табысарда тамыршыдай әркімнің ойымен орайлас, пікірлерімен орамдас икемді саясаттан туындап жатқан болар-ау дейсің. Сөйтесің де Гасманның жалаң бұйрықшы басшы емес, парасатты ұстаздық қасиетіне ден қоясын.

Осы орайда Гасман Төлегұлдың өткен өмір белестерін көктей өтсек, мазмұнды, мағыналы мектептерден өтіп келгендігін аңғарасың. Гасман айтады:

Еңбек жолын туған ауылымда бастадым. Ең алғаш ДТ-54 тракторының кабинасына отырғандағы жүрек лүпілін кейде әлі сезінетін сияқты болып кетемін. Кейін әскер қатарына алынғанша бригаданың ұстасы, ауылдың байланыс монтері болдым. Әскерден кейін Зеренді аудандық газетінде он бес жыл жұмыс істедім. Қызметтен қол үзбей ауыл шаруашылық техникумын, Қазақ мемлекеттік университетін бітірдім. Мазасы мол, проблемасы бір таусылмайтын, қызығы да жетіп артылағын журналистика атты кәсіп, газетте өткен жылдар мен үшін үлкен өмір мектебі болды.

1997 жылы Көкшетау облысы жабылып Астанаға, Мәдениет және ақпарат министрлігіне келген Гасман ауыл аясы, қала қойнауында жиган тәжірибесін толымды ете түсті. Білімді тәжірибесі мол орта Гасманды қожыратпады, керісінше шыңдады, ширатты, білгеніне білім қосты, мәдениетін мәйектендіре түсті, ойын да, бойын да өсірді, қайра бір шарық қайраққа салғандай етіп өткірледі, көсегесін көгертті. Өзі желімек түлекке аспан тарлық еткен бе, Гасман да білмекке білек сыбана кірісті, зерделі сезім, көк дөнен көңіл көргенін, түйгенін тоқумен толысып, кемелдене беруден танбады. Туған топырақ Көкшетауға

кері оралғанда Ғосманды жаңа тұрпатта таныдық, сұңғыла сипатта сезіндік. Ол сол қалыптан айныған да, танған да, жаңылған да жоқ.

Өз басыма Ғосманның жоғарыда қанша тізбелесем де жеткізе алмай жатқан жарқын қасиеттерімен бірге қарапайымдылығы, кеудемсоқ озбырлығы жоқ адами орнықтылығы, ең биіксіз кісілігі ұнайды.

— Осы уақытқа дейін компьютерде терімдеген еңбектерімді есептесем 9 миллион белгіге жетіпті. Оған түзеу, қайра қосу, қайра жазуды қоссаңыз екі-үш есеге көбеймек, — дәлі бір кездескенімде інім.

Ғосман кейбір бастыдай хатшы қызға неқ артпай, өз дүниесін өзі компьютерде терімдейді. Маған інімнің осынау тиянақты, табанды еңбеккерлығы ұнайды.

Тып бүгінгі Ғосманның ортамыздағы тұлғалы тұрпатының кемелді биіктен көрінуі, ойып тұрып алған өз орны, бедел-абыройы, сөз жоқ, оның ғаламат еңбеккерлығы, ізденімпаздағы, іскерлігі, білімпаздығы. Бұған кімнің бөл-сын таласы болмасқа керек.

Қалақ «жүзге келгеннен емес, көпті көргеннен ақыл сұра» дегенді текке айтпаған. Жобасы бұл бала қазақтың дана қазақты қиядан танығаны бұлар.

Тұяқсызды тұлпар ғып, қияқсызды сұңқар ғып, ұяты барды ұлтан ғып, марқасқаларды мылқау ғып бара жатқан қоғамның ешқашанда көсетесі көгеріп, берекесі артпаған. Ендеше ортамызда жүрген аяулы арлақтыларымызды әспеттеу, құрметтеу арқылы тәуелсіз еліміздің ертеңін жарқын етуге, дүйім еліміздің рухын бекемдеуге ұмтылыс үстінде Ғосман Төлегүлұлы тектес перзенттерімізге қарап ой түзуге, болмыс бітіміміз бен мінез пиғылымызды сапалық деңгейге көтеруге қақылымыз.

Бұл «болар елдің баласы бірін-бірі батыр дейді» дейтін сыңаржас эгоистік пиғылдан да биік тұрған текті түсінік, ұлықты ұғым. Ендеше Ғосман бауыр, туған жұртын күтіңген биіктен бой байқата бертейсін!

*Төлеген ҚАЖЫБАЙ,  
Қазақстан Жазушылар одағы  
Ақмола облыстық филиалының  
директоры,  
«Құрмет» орденінің иегері.*

## КӨП ҚАНАТТЫ ҒОСМАН

«Қос қанат құсқа біткен маған бітсе...» деп әлге қосын армандаушы еді-ау қайран аталарымыз. Өзім қырық жылдай жақсы білегін жағағас дос, жамалды азамат, Ақмола облыстық тілдерді дамыту басқармасының бастығы Ғосман Төлегұлды қос қанатты емес, көп қанатты жандай көрстінім бар. Оның қанаттары – қай қияға салса да көтере самғататын адами қасиеттері, білімі мен білігі, ақыл-парасатының молдығы, жан-жақты туабітті дарындылығы дер едім.

Жетпісініші жылдардың басында Зеренді аудандық газетінің атағы күллі Көкшетау облысы бойынша дүркіреп тұрды, сол кездегі партиялық тілмен айтқанда, «кадрлар ұстаханасы» аталып, зеренділік журналистер басқа аудандық газеттерге редакторлыққа, облыстық газеттер мен облыстық партия комитетіндегі жауапты қызметтерге жиірек барып жататын. Тіпті, республикалық Баспа жөніндегі мемком төрағасының тікелей көмекшісі болып кеткендері де бар. Сол тұстағы орысша газеттегі белді журналисіміз Ғосманды да біресе аудандық комсомол комитеті, біресе аупартком аттай қалап алып кетіп, ол болса, «Ат айналып қазығын табады» дегендей, көңілі сүйген журналистікке бәрібір қоймастан қайтып оралатып.

Әуелде орыс тілдіге балап ойна жұғыса қоймаған Ғосмамыз жақынырақ білісе келе, байқасам, қазақшаңыздың түбін түсіріп, бұлбұлша сайрайды екен. Әзілі әдемі, қалжыңы қазақы. Ашықжарқын мінезімен орыс жігіттері арасында да кеудесін биік ұстап, жарығын шанып, жарқырап-жайлап жүргеніне біздің де айызымыз қанып, мерейіміз өсіп отыратын. Журналистикадағы ұлағатты ұстазымыз, мысал жанрында өзіндік орны бар жазушы, редакторымыз Баймұрат аға Азнабаев бас болып Зеренді көлінің қарағайлы жыныс жағасындағы «Орманшы үйінде» әрбір 5 мамырда Журналистер күнін мәре-сәре атап откенде, Ғосманның домбырамен ән де салатын, күй де шертетін өнерін көріп, ішім олап сайын жыли түскен-ді. Бірақ Ғосман мен ойлағаныма әлдеқайда тереңірек болып шықты. Ол өлең жазады екен. Қазақтың әдебиетінен де, тарихынан да хабары мол. Аудандық қазақша газетте атта сайын әдебиет бетін

беріп жүрген мен Госманның өлеңдерін сүріп алып жариялайын. Онымен қоймай әңгіме де жазды екен. «Көнебай сынықшы» деген әңгімесі Көкшетаудың облыстық газетінің бәйгесін иемденгені есімде. Бір-скі әңгімесі кейінірек «Жұлдыз» журналында да жарияланды.

Жер-жерде халқымыздың айтыс өнері қайтадан жаңданып-жанғыра бастаған жылдарда «Қазақстанның 40 жылдығы» кеңшарында партком хатшысы болып жүрген Ғосекең партия қызметкерімін деп балсінбей, үкілі домбырасын қолға алып, айтыскер ақын ретінде де белсеніп шықты. Ауданда оза шауып, облыста үш-төрт мәрте жүлдегер танылып, республикамызға танымал Баянғали Әлімжанов, Құдайберлі Мырзабасқов сынды айтыс жампоздарымен үзінгі қағыстыра жыр толғады. сойтіп қазағы аздау Зеренді мен Көкшетауда ұлттық мәдениеттің оркеп жаюына жеке басылып үлгісімен де дем-тыныс берді. Біржан сал мен Ақан серінің өнерін жаныған сол бір серілік дәуреннің белгісіндей, Көбей Сейдаханов қол қойған Қазақстан ақын-жыршылар одағының №88 мүшелік билеті біздің ұқыпты досымыздың жеке архивінде әлі сақтаулы тұр.

Үкілі домбыра дегеннен шығады-ау, кейін білдік қой, домбыра Госманның бала жасынан бергі жап серігі екен. Онып жүрегіндегі піздік иірімдерді танытар бір тажап жағдайды айта кетсек, 1969-1971 жылдары Ресейдің Горький (қазіргі Нижний Новгород) және Абакан қалаларында әскери борынын өтей жүріп туған ел-жұртың сағынған жас жігіт өз қолымен ойып шауып, әп-әдемі домбыра жасап алады. Қазағышып әндерін айтып, каракоздерді маңайына үйіріп, сағылшыш мауқын солай басады. Қарап отырсақ, бұл да кез-келгеннің қолынан келе беретін іс емес-ау. Кезінде Ақан сері талай ат шалдырып, әнге бөлеген ескі Сәберлі, жаңаша Әлжан әлі күнге дейін қаймағы бұзылмаған қазақ ауылы. Содан да болар, әкесі Төлегұл алтыншы сыныптан кейін бабасының «болашағын ойлап», қолтығына қосымша қанат байламақшы болып орыс мектебіне ауыстырса да, талапты жеткіп өзінің пегізгі қанаты – қазақ тілін жоғалтпады. Түптеп келгенде, оның бағын ашқан да өзінің ана тілі.

Өмір Госманды ерте есейтті. Мектепті бітіре сала өзі ұпатып түскен Шоқан Уәлиханов ағындағы Көкшетау педагогикалық институтының физика-математика факультетіндегі оқуын екінші курста үзуге тура келген.

Ойткені, әжесі қайтыс болған, атасы әскерге кеткен. Анасы ауылда жалғыз қалып еді. Еті тірі бозбала болбастанбай еңбекке араласты. Әуелде тракторшы, сосын бағаналардың басына өрмелеп байланыс монтері болды. Туған ауылына радио, телефон желісін тартуға қатысты. Остін жүріп өмір көрді, тәжірибе тоқиды. Техникаға әлі күнге дейін құмар досымыздың сондағы үш аяқты «Иж-Юпитер» мотоциклмен Зерендінің тау-тасын шарлайтынымыз да, кеңшардың картобын терісуге думандатып баратынымыз да озіпше бір дәуреп екен. Шағалалы ауыл шаруашылығы техникумында сырттай оқып жүргенде болашақ жары, бұл күнде тәтті немере-жендерін сүйгізіп отырған екі қыз, бір ұлының анасы Күлзағиламен танысты. Сондағы аудандық газет ұжымы Зерендіен Әлжан ауылына Ғосманның үйлену тойына жүк машинасымен барып, айлы түнде әулетте ән шырқап қайтқанымыз әсте естеп кетер ме. Соның алдында Петя Фидченконы үйлендіргенбіз. Ғосманнан кейінгі кезек бізге келген.

Орышадан ешкімге де оңайлықпен дөс бермес Ғосманның бағын ашқан қазақ тілі дәуіміздің себебі де жоқ емес. Тоқсан бірінші жылы Компартия құлар шақта партком хатшысы Төлегұлов жолдасты жебеуші қанатымен көтеріп атын бөлім меңгерушілік қызметін ұсынған өзге емес, облыстық қазақ тілді «Көкшетау» газеті болатын. Осыдан бастап Ғосманның дарын-қабілеті барлық қырынан жарқырап көріне бастады. Ұйымдастырушылық дейсіз бе-ау. Шығармашылық дейсіз бе-ау. Қайсысынан болсын қамшы саяғынбады. Содан бір жыл өткенде Көкшетау облыстық атқару комитетіне бас маман бөлім жоғарылатылып, аз уақыт Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігіндегі бөлім бастықтығын септемегенде, бұдан кейінгі жиырма жылдық еңбек жолы облыс көлеміндегі жауапты қызметтермен тікелей байланысты болып келеді. Осы жылдарда облыс әкімінің баспасөз хатшысы, облыстық тіл басқармасының бастығы, облыс әкімдігінде ішкі саясат бөлімінің меңгерушісі, Қазақстан халықтары кінші ассамблеясының атқарушы хатшысы, ал Ақмола облысының орталығы Көкшетауда ауыстырылғаннан кейін осында ақпарат және қоғамдық келісім басқармасында әуелі орынбасар, сосын басқарма бастығы болып абыройды қызмет атқарды. 2004 жылдың сәуірінен дәл бүгінгі



тапқа дейін облыстық тілдерді дамыту басқармасын аса бір байынтылықпен басқарып келеді.

Әлбетте, біз қазақ тілді «Көкшетау» газеті Ғосманды көтерді деген сөзді әсте де маңсап тұрғысынан айтып тұрған жоқпыз. «Көкшетау» оның азаматтық толысу, шығармашылық дарыптын ашу басналдақтарына жол ашты. Ең бастысы сол, биліктің бір шетінде жүрген ол халқының кәдесіне жарай бінді, ұлттың мұрат-мүддесіне қардыған қалатымен су тамызандай сентесуден жазбады. Әсіресе егемендіктің алғашқы жылдарында тіл майданында орыс тілділер дейіндердің өкілдерімен толып жатқан мәселелер бойынша талп-талдай пікірталастар мен айтыс-тартыстарды бастан өткерді. Мінезі орнықты, білімі терең, өмірлік тәжірибесі бай, парасаты мол Ғосман сондай сындарлы шақтарда ұстапымына берік болды, өзінің паным-қолқарасын қорғауда табанды күрескерлікпен қатар жан дүниесінің зор мәдениетін де танытты. Осы ретте біздің досымыз туралы қарсы майданның қас-қабағын білу артық болмас еді. Көкшетауда шығатын тәуелсіз «Курс» газетінде белгілі жазушы, публицист Виктор Терещук былай деп жазды: «... Тілдер проблемасы жөнінде басты қарсыластар облыстық тілдерді дамыту басқармасының бастығы Ғосман Төлегұл және мен болып шықтық. Қарсыласым, былайша айтқанда, бірден шабуылға көшіп, облыс халқы мемлекеттік тілді үйренуге тезірек әрі белсендірек іскемдеу орайындағы ойларын ортаға салды. Мен болсам айдан анық нәрсені жоққа шығармай, айткенмен, осы қарбаласта орыс тілінің шетке қағылмауын ізерледім. Сол пікірталас бірнеше сағатқа созылды. Кейіннен газет бетінде жалғасты. Пікірталас еркін, ашық, тартысқа толы, тіпті, кей реттерде қытымыр, қатаңырақ болса да, оған қатысудан өз басым шынайы ләззат алдым. Мәселенің маңыздылығынан ғана емес, Оның тағы бір себебі сол, қарсыласымның әншейін сықпиган шенеулік емес, өз ісіне адал берілген, орасі биік кәсіпкой екенін бірден сезіндім. Ой өрбітуші аса мәдениетті, зиялы адам еді. Пікірталастың ең бір шивеленіскен тұстарының өзінде де қарсыласым сабырлы, байсалды қалпынан жанылмады, бірде-бір намысқа тиерлік ауыр сөз айтпады. Ол тек балталаса бұзылмас «темір» дәлелдерді келтірді де отырды. Сонысымен бәрімізді ұстамдылыққа, мәдениетіміздің үлкен салысы тіл туралы айтысқанда үлкен мәдениеттілікке шақырғандай

болды. Шынып айтқанда, осы пікірталасты және сондағы қарсыласымды өлі күнге дейін бір жылы езіммен еске аламын. Сол жекпе-жектеп кейін Ғосман Төлтегүлді екеуміз жылыққан сайын құшақтасып амаңдаспай өткен жеріміз жоқ. Мұндай үлкен жүректі адаммен басқаша болуы мүмкін де емес».

Міне, идеялық қарсыласы бірінен орыс азаматының біздің досқа берген бағасы. Өзін мемлекеттік қызметтегі қазақ ұлтының өкілі ретінде өзгелерге сыйлата білуі, халқының мүддесін көздеген өз пікірімен санастыруы, ұятқа қалдырмас биік ореден көрінуі Ғосманның қай деңгейдегі қайраткер үшін де үлгі боларлық өнегесі дер едік. Содан да бөлек, кезінде ол облыстық аппарат және қоғамдық келісім басқармасының бастығы қызметіне ұсынылғанда барлық ұлттық-мәдени орталықтардың басшылары оған өте жақсы мінездеме беріп, айғалық, «Исток» орыс қоғамының төрағасы, әйгілі «Лад» сланын қозғалысының белсенді жетекшілерінің бірі Владимир Намовир оның бойындағы ізгілікшіл кісілік қасиеттерін, ой өрісінің кеңдігін, кіммен де болсын тіл табыса алар мінез байлығы мен ілкімді ұйымдастырушылық қабілетін атап көрсеткен болатын. Ана бір кезде досымыздың Ресейдің Омбы өңіріндегі қазақтарымен, ондағы «Модерн» ұйымымен мәдени-рухани қатынасты жолға қойған жақсы істеріне де сүйсініп отырушы едік. Осының бәрі Ғосманның мемлекеттік қызметтегі қатардағы шенеунік шекпеніне әсте сыймас қайраткерлік тұлғасы мен азаматтық бітім-болмысын ажарландырып айшықтай түсетіндей. «Мәдениет қайраткері» және «Қазақ тілінің жанашыры» тосбелгілерімен марапатталуды осы сөзіміздің және бір айғағы.

Мақаламыздың соңына қарай сары майдай сақтап отырған тағы бір жайға келер болсақ, Аланттың алып жазушысы Мұхтар Мағауин: «Алып Көкшетауда жатқан зиялы азамат Ғосман...» деп ілтифатына алыпты. Тадабы қатты, талғампаз Мұхаттың аузынан сирек шығатын лебіз. Тіпті, ауызына да емес, шығармалар жинағының 11-ші томының 431-бетінде тасқа басып тұрып айтқан. Атақты жазушының алғысына Ғосман елді елең еткізген «Қазақ тарихының әліппесі» кітабын орыс тіліне тамаша тәржімелеп шыққаны үшін бөленіп еді. Қазақша қиық бөлууды, астарлы да ажарлы мағынаны орысша айқын таңбалап жеткізе білген

тілектес аудармашы өз ықыласымен құдай беріп табыла кеткеніте Мұханның мейірлене қуанғанына сол кезде ол кісінің қасында «Жұлдыз» журналында жүрген өзіміз де қуа болғанбыз.

Қаншама жауапты қызметтер атқара жүргендегі Ғосманның бір дара қасиеті, шығармашылықтан бір сәтке қол үзген емес. Қазақша, орысша бірдей жазады. Бұл күнге дейін қазақшадан орысшаға аударған үлкенді-кішілі оннан аса, орысшадан қазақшаға қотарған бес кітабы жарық көрді. Редакторлық еткен, құрастырған кітаптарының бірқаншаығы да біраз сырдан хабардар еткендей. Ғосман кімдерсі аударды десек, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаттары Қойшығара Салғараұлы, Әлібек Асқар, Дүкенбай Досжан есімдерінің алдан шығуының өзі-ақ еңбектің толымдылығын танытқандай. Сонымен бірге көкшетаулық қаламгер, марқұм Нұрмұханбет Ысқақовтың «Кенесары ханның жорықты жолдарымен» атты өте құнды тарихитанымдық кітабын орысшалауы да Ғосманның ұлттық рухқа адалдығын және бір паш еткендей.

«Әлі жеткен алып та жығады, шалып та жығады» дегендей, әлемдік ақыл-ой алыптарып қазақша сойлетті. Бұлардың ішінде орыс ғалымы К.Циолковский, ағылшын философы Б.Рассель, әлемдік маркаскалар Роберт Оуэн, Карл Клаузевиц, Артур Шопенгауэрлер бар. «Әлемдік саясаттану антологиясының» сегізінші томын мұздық қып аударып бергені үшін Ғосманға белгілі баспагер ағамыз, талғамталабы жарарыдағы Мағауиннен артық болмаса, кем емес Нұрмахан Оразбектің де ризашылығы мол көрінді.

Тоғышар шенсуіктің шығармашылықта несі бар? Ал, Ғосманның жөні бөлек. Ол айтады: «Жалпы, орыс тіліне аударудағы басты мақсатым егемендіктің алғашқы жылдарында қаулап жарық көре бастаған қазақ тарихын, оның бұған дейін беймәлім болып келген аса көп ақтандақтарын, қазақи өр рухты тәлтума мәдениетті көрестетін тамаша кітаптарды орыс тілді оқырманға жеткізу болды. Мұны өмірлік мұратыма баладым».

Олай болса, біздің досымыз мұратына жетті. 1991 жылы Көкшетауда Абылайханның 280 жылдығы өткізілейін деп жатқанда осынау ұлы тұлға туралы көрнекті тарихшы Рамазан Сүлейменовтің көлемді еңбегін орыс тіліне тезінен тәржімдеп, облыстық «Степной маяк» газетінің табаны

күрсктей он нөміріне жариялағып еді. Осылай басталған өмірлік мұраттын бастау-бұлағы бірге-бірте кеңейе берген. 2008 жылғы қарашаның соңғы күндерінде «Егемен Қазақстанда» Мемлекеттік хатшы Канат Саудабасовтың «Ел-басы» атты айтулы мақаласы жарық көрді. Келесі күні «Қазақстанская правда» дүйселбіге қарамастан арнайы пөмір шығарып, жаңағы мақаланы орысшасын «Лидер нации» деген атпен үлкен екі бет етіп берді. Осыны сонау Кокшетаула отырып ұзақты күні орысшаға аударып, Астанаға «электронды поштамен» жеткізіп берген де Ғосман болатын. Абылай ханнан тартып, Кенесары ханға жалтаған, одан қазақтың арғы-бергі тарихын адақтай келіп, бүгінгі ел Президентінің тосағай еңбегін орыс тілді оқырманға жарқыратып жеткізуге сентескен, біздің ғана емес, «Егемен Қазақстанның» да абзыл досы, тілектесі Ғосман Төлегүлді жіннің осындай өміршен қанағтары биік мұраттарына самғаға бергей.

*Қорғанбек АМАНЖОЛ,  
«Егемен Қазақстан».*

## ЖАНЫ ЖАЙСАҢ ЖАҚСЫ АҒА

Шығыстың атақты шайыры С.Сарайидің «Нағыз ер болсаң, сол атаққа ие бола біл» деген дана ғажиясы бар. Ер есімін ұнықтай білу нағыз азаматтық іс. Осы жаңы біздің елде бас бір қазанға сыймағандықтан ойсырап тұратын жайы бар. Ұлттымызда Ер мен Ел сөздері сіз ұғым, қазақ қазақ болғалы бір-бірін үздіксіз толықтырып, жалғастырып, үндесе жасап келеді және мәңгілік галактикасына да бірге ілесіп кете барады. Ел ерді тәрбиелесе, ер ел үшін «кебе-пек киіп, қабырғасын қаусатып, көтепті қара нардай» жүк көтеруі парыз іс. Ердің ерлік жасауы ел тәрбиесінен болады. Мұқағалидың анасының «Баламның аяғын туған жерге, арқасын туған елге тіредім» деп айтуында ғажайып мағына, тылсым сыр жатыр.

Қаймана қазақтың дәл бүгінгі күні басына түскен тауқыметін көтерер шақта молып деген талай зиялының, сүттің бетіне шығар қаймағы іспеттес, ел үмітпен қараған ардақтыларының қарақан басын күйттеп, ұлтты сағуы – олардың ерлікке шапар нағыз ел тәрбиесінің болмауынан ба деймін. Қазақтың «айнымас жүрек, ер көңіл – ер жігіттің

серігі» деп айтуылда ер-азаматтың «Ер» категориясын меңгеруінде өз ғұмырына жетерлік рухани азық жинап, өз өмірінде соны кредо ретінде ұстанып өту міндеті жатқанын дәлелдесе керекті.

Сөз басын Ер мен Ел ұғымынан бастауымдағы себеп бүгінгі күні ақылдың кені ашықты бағындырып, оның асқаралы шығына шыққан Ғосман Төлеғұлұлының алғаш дүниеге есігін ашып, отбасы мен ошақ қасында қара жерге қаз тұрып, одан кейін ел тәрбиесін алып, Отан деген ұлы ұғымды жүрегіне қондырып өскен туған жердегі өмірінің бастау бұлағышын, молдір қайнарының тұнық дүниесін айшықтай айта кету еді.

Ғосман Төлеғұлұлының туған елі Кокшетау өңірі, Арқа елі ғана емес барша Қазақстанға таяымал. Сонау ХХ ғасырдың басында Еуразия континентінде өткен дүниені дүр сілкіндірген ұлы өзгерістер мен революциялардың тұсында замана ағымынан тыс қалмай ерте белін бекітіп, ел болып бас қосқан Әлжан ауылы Ғосағанның алғаш шыр етіп дүниеге келген елі. Қоғам дамуындағы ел озық әрі әділ жүйе демократия дейтін болсақ, Көкше атырабында өткен ғасырдың 20-жылдары алғаш «Әлжан жастарының марсельезасын» дүниеге әкеліп, қалың елге ұжымдаса өмір сүрудің үлгісін көрсете біткенінің өзін ғана айтсақ жетіп жатыр.

Одан қала берді ХІХ-ХХ ғасырдағы қазақ өнерінің сал-серілік дәстүрінің алтын бесігі – Айыртаудай елдің ұыз өнерінің тәлім-тәрбиесін, өнеге үлгісін бойына сіңіріп өсу нағыз ел тәрбиесінің алтын қазығы емес пе! Ғосаған бойындағы сөз асылына ұмтылу қасиеті мен домбыра шертіп, аң айту қабілетінің болуы осының айғағы. Сонымен қатар, ағамыздың риторалық, элоквенциялық, яғни шешен әрі тапқыр сөйлеу өнері де бір төбе. Ондаша қалған сәттерде көп айта бермейтін тақырыптарға ат басып бұрып орыл-орып, төгіп-төгіп, екліндетіп сөйлей жөнелгенде мағыласы мол, мазмұны айқын көп мәселелерге өз көзқарасын шынайы ақтарып тастап, өзіңді аныратып қоятын уақыты болады. Ал әзілдей жөнелгенде Қожанасыр-әненің мен Алдарыңның өзін шаң қаптырып кететіні де бар.

«Жүйріктің де жүйрігі бар қазанаты бір бөлек, жігіттің де жігіті бар азаматы бір бөлек» дегендейін Ғосман Төлеғұлұлының өз өмірін тіл мен әдебиетке, кәсемсөзге, саналы ғұмырын осы таңдаған саласының жолында

ерінбей еңбек етуге, тіпті тіл мәселесінде күрсеуге арнауы жоғарыдағы арнадан бастау алған деп ұғыну қажет. Оған куә Ғосағанның шығармашылық жұмыстарының жемісті нәтижесі.

Аударма ісі бүгінгі күннің әлемдік мәдениеттану, әлеуметтік, тіпті саяси-экономикалық саладағы маңызды саласы десек артық айтқандық болмас. Ғосекең осы бағытта өндіріп еңбек етіп жүрген жан. Бүгінде жиырмадан астам әртүрлі тақырыптардағы кітаптарды екі тілге аударып, онға жуық жинақтардың баспа бетінен жарық көруіне үлес қосқан көсемсөз шебері. Солардың ішінде белгілі жазушы, қайраткер М.Мағауиптің «Азбука казахской истории», тарихшы ғалым Қ.Салғараының «С думой о будущем страны», Мемлекеттік сыйлықтың иегері, жазушы Ә.Асқардың «Родники рождаются в горах», белгілі публицист, қоғам қайраткері С.Әбдірахмановтың «Коран и Пушкин», «Перевод поэзии и поэзия перевода» сияқты туындыларын атап айтуға болады. Сонымен қатар «Ой – қалына антологиясы (XX ғасыр)» жинағына К.Циолковскийдің, ағылшын философы Б.Расселдің, «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы бойынша жарық көрген он томдық «Әлемдік саясаттану антологиясындағы» (үшінші және сегізінші томдарындағы) Б.А.Робек, И.Фихте, В.Гумбольдт, Р.Оуэн, К.Клаузевиц, А.Шопенгауэр, К.Хаусхофер, А.Тойнби, Г.Моргентау, П.Савицкий, М.Каплан, Г.Киссинджер, С.Хантингтон, З.Бжезинский, Б.Хэдди, Дж.Эльстайн, Э.Тикнер, Р.Уокер, К.Браун, Р.Джексон, Ф.Фукуяма сияқты әлемдік дәрежелегі философтардың, дүние жүзіне әйгілі тұлғалардың жауһар туындыларын аударды. Бұған қоса Көкше еліне байланысты көптеген тарихи еңбектердің екі тілде жарық көруіне өз үлесін қосты.

Ғосекеңнің шығармашылығының тағы бір қыры – оның қадімгі Сәбінше (Сәбит Мұқанов) өзінің жұмыс істеу стилін қалыптастыруында. Жоспарланған ісін, яғни көсемсөз жазуда, аударма ісінде қолға алған жұмысын жылдам әрі тиянақты бітіруге тырысу әдеті. Бұған, әрине, ерекше конструктивті және коммуникативті қабілет керек. Көп жағдайда билингвизм саласы аса ұқыптылық пен асықпай талдау тәсілін қажет етеді. Ал Ғосағандағы ерекше қасиет оның билингвалық ойлау жүйесінің қабілеттілігін дәлелдейді. Екіншіден, Ғосағанды жазу кезінде аса көрнекті

бап тацдап, бекзадалық жагдай сұрамайды. Жетгеміздің сүт қатқан күреп қызыл шайына қапып алып, жаза береді, жаза береді ойға алған шаруасы қашан біткешше. Бұл әдебиетте мен көрген, көріп жүрген қаламгерлердің бірді-екілінде ғана кездескен құбылыс.

Көкшенің бүгінгі әдебиетін өзіңіздің досыңыз Төлегенсіз естетету мүмкін емес қой. Сондықтан ақынның:

*Қайтып келмес менің ғажап көктемім,*

*Артта қалды көкөрім тал, көк белім.*

*Терістіктен тепсіне ескен ескек жел,*

*Бске салды қоңыр күздің жеткенін, –*

деген өлең жолымен өріп алып, әспеттей көтерсек деп сөік.

Қазақ фәлсафасындағы, әдебиетіндегі, дәстүрі мен сеніміндегі «ер» мағынасы үшін «Ойхой, жиырма бес», «Қайран, жиырма бес» дүниесі жанағы өлеңнің алғашқы екі тармағының үлесінде болса, «елу – ердің, алыс – ақылдың жасы» дүниесіне соңғысы сәйкес келіп тұр. «Қоңыр» сөзі қазақ ұғымында ер азамат анықтамасында «жиырма бестен» кейінгі ұлы түсініктің анықтамасы ғой. Әлбетте, шығармашылық үшін қоңыр күз симфониясынан артық дүние жоқ сияқты. Бұл жас адам ойының, парасат-найымының, қабілет-қарымының пағыз толысып піскен, мәуелі кезең емес пе! Осы кезеңнің де керемет, тамаша, шуақты, молдір, ыштылар өз қылығы бар емес пе! Ендеше, ел азаматы Ғосман Төлегұлұлының мерейтойына құтты болсын айта отырып, алдағы күндері мен жылдарына ерте тән абырой мен атаққа кенеліп, табысты шығармашылық еңбектер жазуына тілектестік білдіріп, тағы да Төкеннің (Төлеген Қажыбай)

*Өзің патшам, өзің хан,*

*Өзің өдің төрем де.*

*Көтеріп ем биікке,*

*Күнім бағ деп төбемде.*

*Патша билу шарт емес,*

*Қалмашы тек төменде, –*

деген айшықты да терең мағыналы сөздерімен түйіндесек дейміз.

«Жер қадірін – ел біледі, ел қадірін – ер біледі» демекші ел үшін, оның ұлттық мақсат-мүддесі мен арман-мұраты үшін еңбек ете беріңіз!

*Нұрмас АХАТҮЛЫ,*

*Ж.Мусин атындағы педагогика  
колледжінің директоры, филология  
ғылымдарының кандидаты,*

*Кокшетау қалалық мәслихатының депутаты.*

## **АЗАМАТ** (Ғосман Төлеғұлға)

Тауының ағы Ақсоран,  
Жуыпты бетін Ақкөзде.  
Қоныпты-ау саған бақ содан,  
Азамат Ғосман ақ кеуде.

Ақбеттің жошы ағылыс,  
Ақпанда барсаң ақ түтес.  
Сәуірде барсаң сағылыш,  
Селдетіп аққан ақ тілек.

Адырда терің бұршақтап,  
Алыста жүрсең аңсадың.  
Көзіңнің жасы моншақтап,  
Көкейден өрдің қанша мұң.

Домбыра шауып, өлсемен  
Сағылыш шеріп таркатқан.  
Сәберлі сазды сәлеммен  
Ақанның әні ашқатқан.

Тамырдан текті нәр алып,  
Туған жер саған тіл қатқан.  
Жапың да содан жаралып,  
Сәнін де содан сыр тартқан.

Зеренді саған зер бесік,  
Жалауың сонда желбірен,  
Жолың да қыдыр кездесіп,  
Жебеді-ау көзі мәлдірен.



Көкшетау көкке көтеріп,  
Сенімін артты Астана.  
Қазақи рухты өргеніп,  
Өрнектен салдың тасқа да.

Айтсам бір сөзді ақ адал,  
Қоңілге шуақ, жанға сеп:  
Қайыспас біздің кара нар  
Көкшеде Ғосман бар десек...

*Қорғанбек АМАНЖОЛ.*

## **ҚАРЫМДЫ ҚАЛАМҒЕР ІНІМ ТУРАЛЫ БІРЕР СӨЗ**

Өз елінде адал қызмет жасап, ел мүддесін өзінің бас пайдасыншы мүддесінен жоғары қоя білген аққамінер азаматтар бұрын-соңды да болған ғой. Міне, осындай айтулы тұлғалардың бірі бүгінгі таңда ақынның асқарына шығып отырған ініміз, қарымды қаламгер, аудармашы, белгілі қайраткер Ғосман Төлесұлұлы жөнінде бірер сөз айтпақшымыз.

Ғосман Төлесұлұлы инім деп отырғаным оның жасы кіші болғасын жөй әншейін қазақтың дәстүрін ұстанғандық емес, оның өзіндік екі себебі бар. Біріншіден, екеуіміз де Айыртау ауданынанбыз. Бұл өлке Айыртау, Имантау, Жалғызтау, Сырымбет сияқты тауларымен, Саумалкөл, Коскөл, Теренкөл, Ақкөл, Шалқар сияқты айдың көлдерімен таныпал. Осы тамысжыған табиғаты бар өлкені адамдар ежелгі тас дәуірінен бастап қоныстанған ғой. Сонау энеолит (біздің заманымыздан 4 мың жыл бұрын) дәуірінде бұл өңірде Ботай мәдениеті қалыптасқан, адам баласының жылқы түлігін дүние жүзінде алғаш қолға ұстауы басталған. Айыртау өзінің тамаша табиғатымен ғала әйгілі емес. Осы айтулы өңірде пелер ел қорғаны болған батырлар, орақ ауызды ақын-жыраулар, ел басқарған кемелгер қайраткерлер дүниеге келмеген? Арыстанбай, Орынбай, Шал ақын, Ақан сері, Үкілі Ыбырай, Уәли хан, Шыңғыс сұлтан, Мәмбетәлі Сердалин, Ағынтай батыр, Әлібек батыр, ұлы ағартушы-ғалым Шокан Уәлиханов – міне, осындай тарихи тұлғалар

дүниеге келген Айыртауды дүлшүлдер өлкесі деуге әбден лайықты.

Екіншіден, Ғосман Төлегұтұлын сыйлап құрметтеу, жақсы қору себебім – біздің көп жылдай да ой-өрісімізді, пікір-лайымдарымызды ұқсастығында болса керек. Ғосманмен менің таптыстығым осыдан 25-30 жыл бұрын басталған-ды. Кезінде қазақ газеттерінің «қымбатты Никита Сергеевичтің» нәрменімен жабылып, содан кейін 60-шы жылдардың аяғында қайта ашылып, жанданып, 70-ші жылдары олардың өрлеу кезеңінің басталғаны белгілі. Міне, ол журналистика саласына осы тұста келіп еді. Ал кейінірек, 80-ші жылдардың орта шенінде, дүйірік журналист, көркем очерктің, көсемсөздің хас шебері ретінде көзге түсіп, ел аузына ілкілі. Ол өлн қарымды қалам ер ғана емес, сонымен қатар қоғам қайраткері екендігін, ұлтын жанымен сүйетін, халқының ғибратты тарихын терсе білетін қайраткер екендігін атқарған ісімен де, жазған туындыларымен де дәлелдеді.

Осы ретте тікелей өзіме қатысты тағы да бір жай есіме оралады. Бірде облыстық «Көкшетау» газетінің релакциясына барғанымда дәлізде Ғосманды кездестірдім. Сол кезде ол газеттің партия тұрмысы бөлімінің меңгерушісі болатын. Сөзлесіп амандасқаннан кейін Ғосман маған кабинетіме соға кетсеңіз, өзім де сізге барайын деп отыр едім, жақсы келдіңіз деді. Сондағы айтағы – «Көкшетау» газетінде «Көкше арыстары» деген тұрақты рубрика ашып, осы өңірден шыққан, аттары аталмай келген санлақтардың өмірбаянын, ақ қарған қыметін сипаттау арқылы ел тарихын қайта ой елегінен өткізіп, көпшілікке жеткізу екен. Сөйгіп, екеуіміз Көкше топырағында ғұмыр кешкен зұнашардың, яғни тарихи қайраткерлердің, мәдениет өкілдерінің тізімін жасап, зерттеу жұмысына кірістік. Сол тізім бойынша газетке көп мақала жазылды, олар оқырмандар қызыға оқитын, ұдайы күтін отыратын дүниелерге айналды. Жиналған материалдарды кітап етіп шығаруды жоспарладық, бірақ ол ойымыз, өкінішке орай, іске аспады. Себебі Көкшетау облысы таратылып, оның территориясы Солтүстік Қазақстан облысының құрамына енді.

Бірақ сол жиналған материалдар далада қалған жоқ, оларды былтыр менің тікелей басшылығыммен жасалған Ақмола облысының энциклопедиясын жазуда пайдаландық. Энциклопедия демекші, Ғосман Төлегұтұлы сол күрделі ба-

сылымды жасауға редакция мүшесі ретінде де, автор ретінде де қомақты үлес қосты.

Ғосманның көптен шұғылданып жүрген шығармашылық бағыты – ол тіл мәселесі. Осы орайда оның атқарған қызметі ұнан-тснз десек артық айтқандық болмас. Әсіресе кейінгі кезде, Ақмола облысының тілдерді дамыту басқармасының бастығы болғаннан бері, қазақ тілін пын мәшнде мемлекеттік тіл дәрежесіне көтеру ісіне ерекше көңіл бөліп, мемлекеттік органдарда іс қағаздарын қазақ тілінде жүргізу, облыстағы елді мекендердің, көшпелердің, жер-су, басқа да нысандардың байырғы қазақи аттарын қалпына келтіру, көрнекі ақпараттың және жарнаманың барлық түрлерін тіл заңына сәйкестендіру мәселелерін қатты қадағалап, уақыт талаптарын іске асыруға күш-жігерін, бар білімін салуда.

Ғосман Төлегұлұлының талантының тағы да бір қыры – ол аудармашылық. Опын қабілетін осы жағынан сипаттайтын болсақ, біздің аймақта тап Ғосмандай қазақ және орыс тілдерінің қыры мен сырын, қатпары мен астарын, бүтешігесін бірдей білетін қаламгер некен-саяк дер едім. Қазіргі қазақ зиялыларының орыс тілін жетік білетіндері тансық емес, ал онымен қатар өзінің ана тілін сон денгейде білетіндер өте сирек кездеседі. Сондықтан да Ғосман Төлегұлұлы көптеген жазушылардың шығармаларын, әлеуметтану, философия саласындағы ғалымдардың снбектерін қазақшадан орысшаға, орысшадан қазақшаға абыроймен аударып жүр.

Сөз сопында айтарымыз, үлкен дарын иесі, қарымды қаламгер Ғосман Төлегұлұлының қаламы мұқалмасып, дені сау, отбасы аман, еліне атқарған қызметі жемісті бола берсін деген ағалық ізгі тілек білдіремін.

*Қадыржан АБУЕВ,  
тарих ғылымдарының докторы,  
профессор, Қазақстанға еңбегі сіңген қайраткер.*

## В РАЗВЕДКУ – ХОТЬ СЕЙЧАС!

Госману Топегулу – 60. Как стремителен бег времени! Задумасьясь, однако.

Нашей дружбе тридцати три года. Нас подружил журнал Казі У. Тогда мы были молоды. Но за спиной каждого из нас была семья, работа, армейский и жизненный опыт. Помнится у Конфуция: «При встрече с достойным человеком думай о том, как сравниться с ним...». Если честно, в Госмане мне всегда импонировали простота и надежность, как говорится, с нам в разведку – хоть сейчас.

Наверно естественно, что каждый человек, достигший предпенсионного возраста, всё чаще и чаще вспоминает годы молодости. И воспоминания эти приходят порой без повода неожиданно, а порой какой-то случай навевает тебе милые картинки детства или юности. Но в любом случае радуешься им как ребенок, получивший в подарок желанную красивую игрушку.

Буквально на днях по главной улице Петропавловска мчался, оглушая прохожих клаксонами, очередной свадебный кортеж. Меня они всегда радуют. Но от многих виденных мною ранее, этот отличался тем, что каналькаду из дорогих джипов и «мерсов» возглавлял наряженный ушастый «Запорожец»! Шел он ходко. Несмотря на преклонный возраст, на перекрестке лихо тормознул и резко рванул на «зеленый», оставил позади иномарки, вызвав этим бурный восторг у пешеходов...

Как меняется время! Колечко же, «Запорожец» был «визюминкой» процессии. Понятно, что смеха ради он был введен в этот небольшой спектакль. А мне вгустнулось. Были времена, когда эта малолитражка была порой несбыточной мечтой многих...

Вспомнилась весна 1978 года. Алма-Ата. Буйно цветет сирень. Белая кипень яблонь. Мы с Госманом на очередной сессии. Бегем на лекции и, традиционно, кружкой пива отмечаем каждый всегда успешно сданный экзамен или зачет в кафе «Шолпан», что был напротив гастронома «Столичный» на Коммунистическом проспекте.

В один из таких дней брат попросил меня помочь в пе-

реезде на новую квартиру. Когда был загружен в самосвал его нехитрый скарб, нас с Госманом до нового дома попросили доехать на синем «Запорожце», стоящем у подъезда. Это была последняя модель народной легковушки. Машина была новой. Хозяин, знакомый брата, с гордостью обкатывал её по весенним улицам столицы. Подзадориная, спрашиваю у Госмана:

– Хотел бы иметь такую тачку?

Мой друг, без всякой иронии, мечтательно закатив глаза, выдохнул:

– Ты что! Другой машины и не надо!

Что скрывать, мечтал тогда о «Запорожце» и я. И сегодня, когда уже наши дети капают нас, родителей, на своих иномарках, та давняя наша мечта кажется смешной и наивной...

Как-то на официальной встрече с работниками СМИ один уважасмый человек заметил, что журналиста после трех лет работы в газете можно рекомендовать на любую руководящую должность. И доля правды в этом есть. Госман прошел основательную газетную школу, увлеченно работая в районной, областной, республиканской печати. И этот опыт газетчика, ответственность за слово, постоянная готовность помочь людям разобраться, где реальная жизнь, а где демагогия, где объективность, а где показуха – уверен, всегда помогали ему на партийной работе в прошлом, помогают и в эти дни на государственной службе.

Ещё одна из сильных сторон моего друга – его двуязычие. Он прекрасно владеет языками двух великих народов – казахского и русского. Я читал его прозу, художественные и официальные переводы. Они превосходны и заслуженно отмечались на республиканском уровне. Думаю, что сегодня уместен вопрос: почему кокшетауское отделение Союза писателей до сих пор не принимает Госмана Толстугула в свой творческий союз?

Написал «Союз писателей» и вспомнил Олжаса Сулейменова во времена его руководства этой организацией. Помните всесоюзный переполох, вызванный его книгой «Аз и Я»? Тогда мы учились в КазГУ. И именно тогда, восхищаясь талантом и мужеством Сулейменова, Госман как-то поделился сокровенным: две дочери у меня, но мечтаю о наследнике. Если родится сын, назову Олжасом.

Аллах ниспостал ему мальчишка. С его рождением связан забавный случай. Тогда Толегуловы жили в Зеренде. Госман отбил телеграмму О.Сулейменову с просьбой благословить поэта назвать сына его именем. Ответа сразу не последовало.

– Наверно, спустя месяц, – как потом рассказывал мой друг, – как-то вечером иду с работы домой. Вдруг слышу крик: «Госман! Госман! Подожди!».

Смотрю, бежит ответсекретарь редакция и размахивает какой-то бумажкой и радостно кричит на всю улицу:

– Госман, тебя в Алма-Ату забирают! Вот телеграмма! Ты только свою квартиру мне отдашь! Ладно?

Разворачиваю листок: телеграмма – молния, правительственная, с красной полосой: БЛАГОСЛОВЛЯЮ ТЧК ПУСТЬ БУДЕТ ДОСТОЙНЫМ СЫНОМ СВОЕГО НАРОДА ТЧК ОЛЖАС.

Как говорили наши предки: «Живи в молодости так, чтобы быть счастливым в старости». Мой друг не стар, ему только 60. Думаю, что он счастливый человек. И в этом немалая, если не главная, заслуга его – верной подруги жизни Кульзагили. Вдвоём они воспитали прекрасных детей. Растут и внуки.

Я благодарен судьбе, что она подарила мне надежного друга Госмана. И всегда рад, когда в трубке слышу его бодрый голос:

– Ай, Секе, хал калай? Амансың ба?

С юбилеем, дружище! Здравья тебе и удач всегда и во всем!

*Серик МУКАНОВ,  
член Союза журналистов Казахстана.  
г. Петропавловск.*

## КЕМЕЛ (Госман Толегулов)

Жаксыны игі қоңіл іздеп кілед,  
Кемелді түсінемін күз деп күрең.  
Алпысқа алқынбастан жеткен бүгін,  
Көкшенің бір биігі Сіз деп білем.

Жемісіне көз тоймас жетсең де өрдің,  
Тіл үшін талай-талай тепсен көрдің.  
Айдыңын айбышына айналдырған,  
Біреуі Өзіңсіз сексен көлдің.

Тіл, ділде арда емген ісі нықтың,  
Бірі де бірегейі кісіліктің.  
Сізге біткен ақ бәтес көңілдейін,  
Арқанын алты ай жатар қысын ұқтым.

Елемей дауылып да, жауынын да,  
Ат байлап Алпысыңның ауылына.  
Абырой, атак, даңқың бәрі де бар,  
Бастысы – қадірлісің қауымыңа.

Өз ана, сыйлас аға, әріптесім,  
Кеуден ашық, бүгіндер жарық төсің.  
«Ел тегі қайдан алысн кемеңгерді»,  
Сіз сияқты ұлдарын дәріптесім.

Өмір ғой, өтіп жатқан зулап ағып,  
Тірлікке тамырыңды тураладың.  
Жаксыға жакынт жүрмек ниетпенен,  
Көкшеге таяу жерге ту қададым.

Алтысқа асқар таулар тілейік тек,  
Тойлы үйге тұтпарларды тірсейік тек.  
...Елуді елендетіп ізге салдық,  
Сіз жүрген жолдарменен жүрейік деп...

*Ахмет ҚҒИДІРБЕКҰЛЫ, ақын,  
ҚР Төтенше жағдайлар жөніндегі  
министрліктің басқарма бастығы.*

\* \* \*

2008 жылдың 23 тамызында ұлымыз Олжас үйленді. Әрине, мұндайда той иелеріне алайын-туыстардың, дос-жарандардың, ниеттес, қызметтес жолдас-жоралардың ізгі тілектері, жүрекжарды сөздері көп болатыны белгілі. Салардың ішінде ерекше назар аударатын бір бата-тілек болды, ол – бүгінде 96-ға келіп отырған, аты Қазақстанға белгілі, көп жылдар бойы облыстың бес ауданын басқарған, Ұлы Отан соғысының ирдигері, Социалистік Еңбек Ері, Олжасқа нағашы билік келетін абыз ақсақал Баян Жонғалұлының өзі тойға келе алмаса да жапын жіберген хаты. Ғасыр жасаған дана қарияның қолынан қаламға әлі түскен жоқ, осы күнге дейін ақ қағазға өлең өрнектейді. Төменде сол тілек беріліп отыр.

## ҒОСМАН, КҮЛЗАФИЛА!

Қайыры күтгі болсын тойларыңыз,  
Жүзеге ассын ізгі ойларыңыз.  
Отауы Олжас пенен Ботаңның  
Құтты бол, құт аламын бойларыңыз.

Қуаныш бүгін сіздің шаңыраққа,  
Мол болсын отауларың мал мен баққа.  
Бұл отау жалғасы ғой бабалардың,  
Жасаған, әр уақытта өзін сақта.

Осылай біздің тілек, баталарым,  
Бақытты ұя болсын балаларың.  
Құт қоплап әуел бастан босаға ғой,  
Қолдасың аруағы бабалардың!

Хят жаздым тойыңа арнап, Олжас, саған,  
Келмеді деп өкпелеме, балам, маған.  
Қалатын жан емес ем жиын-тойдан,  
Қарттықтан шыға алмадым келмей шамам.

Біз үшін ұрпағысың Бяман атам,  
Ержанды қатар өскен ойлап жатам.  
Аруағы аталарың жүрегі қорғал,  
Бұл менің ақ ниеттен берген батам.

*Тілеуқор – атаң Баян, әжең Нағима.*



## МАЗМҰНЫ

### Әңгімелер

Сағынышым менің, домбырам.....	3
Аялдамада.....	13
Көнебай сынықшы.....	17
Публицистика	
Аңсатып жеткен азаттық.....	26
Шал ақын көрілік туралы.....	41
Ғасырлар үшін сақтаған аспаптар.....	41
Не заживает рана войны.....	46
Великий сын своего народа.....	51
Онші дауысының тегеуіріңі.....	57
Боранбайдың өлені.....	60
Ауылбірлікке жүгінейік, ағайын!.....	67
Гибраты мол естеліктер.....	70
Политика глазами женщин.....	72
Кохшетау и Увснуур рептили сотрудничать напрямую.....	79
Незабываемое время.....	82
Ұлтшн сүйген, өмірге ғашық арыс еді.....	87
Аюжарқын, аңқыдаған жан еді.....	90
<b>Айтыс</b>	
Айтжан Оризбаевамен айтыс.....	95
<b>Аудармалар</b>	
Лидер нации.....	103
Ұлы шахмат тақтасы.....	120
<b>Өріптестер, замандастар лебізі</b>	
<i>Ә.Асқаров.</i> Майталман журналист, кәсіби аудармашы, білікті маман, слжанды азамат.....	132
<i>С.Абдрахманов.</i> Азаматтың алты аскары.....	135
<i>В.Атабайұлы.</i> Зереңдіде қапәттанған.....	138
<i>М.Бижанов.</i> Замана жанды азамат.....	141
<i>Т.Қажыбай.</i> Түлеймін деген түлекке аспан тардық етегеп.....	143
<i>Қ.Аманжол.</i> Көп қанатты Ғосман.....	148
<i>Н.Ахатұлы.</i> Жаны жайсын жақсы аға.....	154
<i>Қ.Аманжол.</i> Азамат (Ғосман Төлегұлға).....	158
<i>Қ.Абуев.</i> Қарымды қаламгер інім туралы бірер сөз.....	159
<i>С.Мұқанов.</i> В разведку – хоть сейчас!.....	162
<i>А.Кендірбекұлы.</i> Кемел (Ғосман Төлегұлға).....	164
Бапн атаңды тілегі.....	166

ҒОСМАН ТӨЛЕГҰЛҰЛЫ  
**ЖЫЛДАР ЖЕМІСІ**

Редакторы *Бақыт Ғосманқызы*  
Техникалық редакторы *Айжан Дуанбекова*

Теруіне 13.01.2010 ж. жіберілді, басуға 20.01.2010 ж. қол қойылды.  
Қалыбы 60x84 мм. Офсеттік басылмақ. Тесіктік басына табыға 8,0.  
Тарауына 5000 дана. Тапсырыс № 1801/10

---

Қазақстан Республикасы,  
010000, Астана қаласы, "Елорда" бағалық  
К. Брусиловский көшесі, 23.



## Ғосман ТӨЛЕҒҰЛУЛЫ

1950 жылы 19 қаңтарда Солтүстік Қазақстан облысының Айыртау ауданындағы Әлжан ауылында туған. Орта мектепті бітіргеннен кейін тракторшы, байланыс монтері болып жұмыс істеді. 1969-1971 жылдары әскери борышын өтеді. Агроном мамандығы бойынша ауыл шаруашылық техникумын үздік дипломмен, журналистика мамандығы бойынша Қазақ мемлекеттік университетін бітірген.

Аудандық, облыстық газеттерде, комсомол партия, кешес қызметтерінде жұмыс істеді. Облыс әкімдігінде баспасөз хатшысы, ішкі саясат бөлімінің меңгерушісі, облыстық тіл басқармасының бастығы, облыстық Ассамблеяның атқарушы хатшысы, ҚР Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде бөлім бастығы міндеттерін атқарды. 1999 жылы Ақмола облысының орталығы Көкшетауға ауыстырылғанда осында Ақпарат және қоғамдық келісім басқармасы бастығының орынбасары, бастығы болып тағайындалды. 2004 жылдан Ақмола облысы Тілдерді дамыту басқармасының бастығы.

Ғ.Төлеғұлулы екі тілде де жазады. Туындылары мерзімді баспасөзде жиі шығып тұрады. Ол қазақшадан орысшаға, орысшадан қазақшаға аударған жиырма шақты кітап жарық көрді. Жеті кітаптың редакторы, екі кітаптың құрастырушысы.

Медальдармен, Қазақстан Республикасының Құрмет грамотасымен, «Мәдениет қайраткері» және «Қазақ тілінің жанашыры» құрметті төбелгілерімен, Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің, Тіл комитетінің Құрмет грамоталарымен, ҚР Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігінің алғыс хатымен марапатталған.

Жұбайы Күлзағыла Ержанқызы есепші-экономист болып істеді. Үлкен қызы Бибігүл «Қазақпаратта» бөлім бастығы, кіші қызы Бақыт Білім және ғылым министрлігінде бөлім бастығы, ұлы Олжас Халық банкінде бас инженер, Бір немересі, үш жиені бар.